

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының
Парламенті аясындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор

Алуа Жолдыбалина,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ-дің бөлім жетекшісі

Шығаруға жауапты:

А. Арзықұлов

Редакция мекенжайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 4
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20

Факс (7172) 75-20-21

E-mail: office@kisi.kz

www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

ISSN 2414 - 5696

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

ҚБ «ҚСҚ» «Бұланды» КФ

басылып шығарылды.

Макинск қ.,

Громов көш., 73,2.

Таралымы 500 дана.

Қоғам &
Дәуір

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

**Гүлзира Жүсіпова, Сәуле Жалдыбаева,
Динара Үтепова, Динара Бегешева**
Медициналық ұйымда паллиативтік көмек көрсетуде
құрамында есірткі бар дәрілік заттардың қажеттілігін
есептеу әдістемесі.....6

**Бауыржан Мұқан, Ғаббас Ержанов,
Қайсар Нығметов, Айжан Шоқыбасова**
Қазақстанның өңірлік саясаты.....21

Жанар Санхаева, Гүлназ Қасымова
«Зияткерлік көші-қон»:
эмиграцияның үдерістері мен факторлары.....42

Алуа Жолдыбалина
Адами капиталды дамыту тұрғысындағы
мектепке дейінгі білім беру.....53

Айгүл Есімова, Зульфия Валитова
Жастар санасындағы ел өңірлерінің имиджі61

**Азамат Нұрсейітов, Надира Мырзағалиева,
Малике Сағындықова**
Білім беру және денсаулық сақтау саласындағы
мемлекеттік-жекешелік әріптестік адами
капиталды дамыту факторы ретінде.....72

**Айгүл Садвокасова, Дамира Ахатова,
Айнұр Мажитова**
Жемқорлық адами капиталдың сапасына
ықпал ететін фактор (әлеуметтанулық
зерттеулер қорытындысы бойынша).....95

**Мәншүк Каримова, Найля Әлмұхамедова,
Амина Үрпекова**
Қазақстанның демографиялық даму
контексіндегі техникалық және кәсіптік
білім берудің жай-күйі мен перспективалары.....107

СОДЕРЖАНИЕ

**Гүлзира Жусупова, Сауле Жалдыбаева,
Динара Утепова, Динара Бегешева**
Методика расчета потребности в лекарственных
средствах, содержащих наркотические средства
для оказания паллиативной помощи
в медицинской организации.....6

**Бауыржан Мукан, Ғаббас Ержанов,
Қайсар Нигметов, Айжан Шокубасова**
Региональная политика Казахстана21

Жанар Санхаева, Гүлназ Касимова
«Утечка умов»:
тенденции и факторы эмиграции.....42

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының
Пәсәденті Қолындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

Алуа Жолдыбалина Дошкольное образование в контексте развития человеческого капитала	53
Айгуль Есимова, Зульфия Валитова Имидж регионов страны в молодежном сознании.....	61
Азамат Нурсейтов, Надира Мырзагалиева, Малике Сагындыкова Государственно-частное партнерство в образовании и здравоохранении как фактор развития человеческого капитала	72
Айгуль Садвокасова, Дамира Ахатова, Айнур Мажитова Проявления коррупции как фактор влияния на качество человеческого капитала (по результатам социологического исследования).....	95
Маншук Каримова, Найля Альмухамедова, Амина Урпекова Состояние и перспективы системы технического и профессионального образования в контексте демографического развития Казахстана.....	107

CONTENTS

Gulzira Zhussupova, Saule Zhaldybayeva, Dinara Utepova, Dinara Begesheva Methods for Calculating the Need for Medicines Containing Narcotic Drugs for Palliative Care in a Medical Organization.....	6
Baurzhan Mukan, Gabbas Erzhanov, Kaisar Nigmatov, Aizhan Shokubasova Kazakhstan Regional Policy.....	21
Zhanar Sankhaeva, Gulnaz Kasimova Brain drain: trends and factors of emigration.....	42
Alua Zholdybalina Preschool Education in the Context of Development of Human Capital.....	53
Aigul Essimova, Zulfya Valitova Image of the regions of the country in the youth mind.....	61
Azamat Nurseitov, Nadira Myrzagalieva, Malike Sagyndykova Public-Private Partnership in Education and Healthcare as a Factor of Human Capital Development.....	72
Aigyil Sadvokassova, Damira Akhatova, Ainur Mazhitova Social Practices of Corruption as the Reflection of Human Capital.....	95
Manchuk Karimova, Nailya Almkhamedova, Amina Urpekova State and Perspective of the Technical and Vocational Education Training System in the Context of Kazakhstan Demographic Development.....	107

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

- Ерлан ҚАРИН** – Редакциялық кеңестің төрағасы,
«Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма төрағасы,
саяси ғылымдарының кандидаты
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – Бас редактор, ҚР Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер
институтының бөлім жетекшісі, Ph.D.
- Гүлназ ҚАСЫМОВА** – редактор, ҚР Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер
институты Әлеуметтік-саяси зерттеулер
бөлімінің ғылыми қызметкері
- Уямо ТОМОХИКО** – Хоккайдо университеті жанындағы Славян
зерттеулер орталығының профессоры
(Жапония), Ph.D.
- Уильям ФИЕРМАН** – Индиана университетінің профессоры
(АҚШ), Ph.D.
- Сон ЮНХУН** – Ханкук университетінің профессоры
(Оңтүстік Корея), Ph.D.
- Буркитбай АЯГАН** – ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы
институтының директоры, тарих
ғылымдарының докторы, профессор
- Казбек ИСАЕВ** – ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның
стратегиялық зерттеулер институтының
ғалым хатшысы, тарих ғылымдарының
кандидаты
- Мейрам ҚАЗЖЫКЕН** – Қазіргі заманғы қоғамды зерттеу
институтының директоры, экономика
ғылымдарының докторы
- Ботагөз РАКИШЕВА** – «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының
жобалар директоры, әлеуметтану
ғылымдарының кандидаты
- Айгуль САДВОКАСОВА** – ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік
басқару академиясының Орталық
Азия өңіріндегі этносаралық және
конфессияаралық қатынастарды зерттеу
жөніндегі орталықтың басшысы,
әлеуметтану ғылымдарының докторы

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Ерлан КАРИН** – председатель Редакционного совета, председатель правления АО «РТРК Казахстан», кандидат политических наук
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – шеф-редактор, руководитель отдела Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Ph.D.
- Гульназ КАСЫМОВА** – редактор, научный сотрудник Отдела социально-политических исследований Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК
- Уямо ТОМОХИКО** – профессор Центра славянских исследований Университета Хоккайдо, Ph.D. (Япония)
- Уильям ФИЕРМАН** – профессор университета Индиана, Ph.D. (США)
- Сон ЮНХУН** – профессор Ханкукского университета, Ph.D. (Южная Корея)
- Буркитбай АЯГАН** – директор института истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук, профессор
- Казбек ИСАЕВ** – ученый секретарь Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, кандидат исторических наук
- Мейрам ҚАЗЖЫКЕН** – директор Института исследований современного общества, доктор экономических наук
- Богагоз РАКИШЕВА** – директор проектов исследовательского института «Общественное мнение», кандидат социологических наук
- Айгуль САДВОКАСОВА** – руководитель Центра по изучению межэтнических и межконфессиональных исследований в Центральноазиатском регионе при Академии государственного управления при Президенте РК, доктор социологических наук

THE EDITORIAL BOARD

- Yerlan KARIN** – Chairman of Editorial Board, CEO of “Kazakhstan” Broadcasting Corporation, Candidate of Political Sciences
- Alua ZHOLDYBALINA** – Chief Editor, Head of Department of Kazakhstan Institute for Strategic Studies under President of Kazakhstan (KazISS), Ph.D.
- Gulnaz KASSYMOVA** – Editor, Research Fellow of Department of Social and Political Analysis of KazISS under President of Kazakhstan
- Uyamo TOMOHIKO** – Slavic-Eurasian Research Center, University of Hokkaido (Japan), Ph.D., Professor
- William FIERMAN** – Department of Central Eurasian Studies, Indiana University Bloomington (USA), Ph.D. Professor
- Song YONGHONG** – University of Hankuk, Ph.D. (South Korea), Professor
- Burkitbai AYAGAN** – Director of Institute of History of State, Ministry of Education and Science of Kazakhstan, Doctor of History, Professor
- Kazbek ISSAYEV** – Secretary for Research and Academic Affairs of KazISS under President of Kazakhstan, Candidate of Historical Sciences
- Meiram KAZHIKEN** – Director of Institute of Contemporary Societal Studies, Doctor of Economics
- Botagoz RAKISHEVA** – Projects Director, “Public Opinion” Research Institute, Candidate of Sociology
- Aigul SADVOKASSOVA** – Head of Center of Inter-ethnic and Inter-confessional Studies in Central Asia, Academy of Public Administration under President of Kazakhstan, Doctor of Sociology

ҒТАМР
76.01.21

**Гүлзира Жүсіпова¹, Сәуле Жалдыбаева¹, Динара Үтепова¹,
Динара Бегешева¹**

*¹Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
«Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы»
ШЖҚ РМК (Астана қ., Қазақстан.)*

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДА ПАЛЛИАТИВТІК КӨМЕК КӨРСЕТУДЕ ҚҰРАМЫНДА ЕСІРТКІ БАР ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа. Адами капитал – инновациялық экономика мен білімнің қозғаушы күші, дамудың жоғарғы кезеңінің негізі. Білімнің, еңбек өндірісі мен сапасының, денсаулық пен өмір сапасының жоғары деңгейі ұлттық адами капитал дамуының негізгі элементтері болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген элементтердің бірі – өмір сапасы, қазіргі кезде бүкіл жер шарының тұрғындары үшін өзекті құндылық болып табылады. Әлемде, соның ішінде Қазақстанда қатерлі ісік ауруларына шалдығу медициналық ұйымдардың күш салуларына қарамастан ұдайы өсуде, сонымен қатар, паллиативті күтімге және созылмалы ауырсыну синдромын басуға мұқтаж науқастардың саны артуда. Сонымен қатар, ауруға уақытша жеңілдік беретін көмек пен науқастардың өздерінің өмір сүру сапасын едәуір төмендететін және жақын туыстарына да қайғы-қасірет пен азаптан зардап шеккізетін созылмалы ауырсыну синдромын жеңілдетуде қажеттілігі бар пациенттердің саны өсуде. Ұқсас жағдай ЖИТС ауруына шалдыққан науқастарда да кездеседі.

Сырқаттанушылық пен өлім-жітім өсуін есептемей тек алдыңғы жылдарда пайдаланылған апиынды анальгетиктер санының негізінде қажеттілікті есептеу әдістемесін қолдана берген үшін Қазақстанда есірткі анальгетиктердің ассортименті шектеліп тапшылығы орын алған. Онкологиялық науқастардың 60% астамы ауырсыну синдромы басылмай өмірден озады [1].

Науқастардың созылмалы ауырсыну синдромын толық баса алмай жоғарғы деңгейдегі паллиативті көмек көрсетуге жету мүмкін емес.

Сондықтан, қазіргі уақытта, медициналық ұйымдар үшін әлеуметтік аурулары бар науқастардың өмір сапасын төмендететін симптомдардың басуын қамтамасыз ету өзекті мәселе болып табылады.

Бұл мақалада Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» ШЖҚ РМК Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталығы, ДДСҰ ұсыныстарын есепке ала отырып дайындаған, медициналық ұйымда паллиативтік көмек көрсетуде құрамында есірткі заттары бар дәрілік заттардың қажеттілігін есептеу әдістемесі келтірілген.

Түйін сөздер: есептеу әдістемесі, қажеттілік есебі, дәрілік заттар, есірткі заттар, паллиативті көмек, АТС/DDD-әдістеме.

Гульзира Жусупова, Сауле Жалдыбаева, Динара Утепова,
Динара Бегешева

МЕТОДИКА РАСЧЕТА ПОТРЕБНОСТИ В ЛЕКАРСТВЕННЫХ СРЕДСТВАХ, СОДЕРЖАЩИХ НАРКОТИЧЕСКИЕ СРЕДСТВА ДЛЯ ОКАЗАНИЯ ПАЛЛИАТИВНОЙ ПОМОЩИ В МЕДИЦИНСКОЙ ОРГАНИЗАЦИИ

Аннотация. Человеческий капитал – двигатель инновационной экономики и знаний, основа высшего этапа развития. Высокий уровень знаний, производительности и качества труда, здоровья и качества жизни является основным элементом развития национального человеческого капитала.

Один из вышеуказанных элементов – качество жизни на сегодня является наиболее актуальной ценностью для всего населения земли. Во всем мире, в том числе и в Казахстане, заболеваемость злокачественными новообразованиями неуклонно растет, несмотря на усилия медицинской общественности. Параллельно увеличивается число пациентов, нуждающихся в паллиативном уходе и купировании хронического болевого синдрома, существенно снижающего качество жизни как самих пациентов, так и родных, также претерпевающих опосредованно душевную боль и страдания за близкого человека. Аналогичная картина наблюдается и с больными СПИДом.

В Казахстане имеется дефицит ассортимента и количества наркотических анальгетиков из-за применяемой методики исчисления потребности в опиоидных анальгетиках на основании использованного количества за предыдущие годы без учета роста заболеваемости и

смертности. Более 60% онкологических больных уходят из жизни с некупированным болевым синдромом [1].

Высокое качество оказания паллиативной помощи не может быть достигнуто без полноценного купирования хронического болевого синдрома больных. Поэтому в настоящее время для купирования симптомов, снижающих качество жизни пациентов, при многих социально-значимых заболеваниях перед медицинскими организациями стоит актуальная проблема обеспечения наркотическими анальгетиками.

В данной статье представлена методика расчета потребности в лекарственных средствах, содержащих наркотические средства для оказания паллиативной помощи в медицинской организации с учетом рекомендаций ВОЗ, разработанная Центром рационального использования лекарственных средств РГП на ПХВ «Республиканский центр развития здравоохранения» МЗ РК.

Ключевые слова: методика расчета, расчет потребности, лекарственные средства, наркотические средства, паллиативная помощь, АТС/DDD-методология.

Gulzira Zhussupova, Saule Zhaldybayeva, Dinara Uteпова, Dinara Begesheva

METHODS FOR CALCULATING THE NEED FOR MEDICINES CONTAINING NARCOTIC DRUGS FOR PALLIATIVE CARE IN A MEDICAL ORGANIZATION

Abstract. Human capital is the engine of innovative economy and knowledge, the basis of the highest stage of development. High level of knowledge, performance and quality of work, health and quality of life are the main elements of the development of national human capital.

One of the above elements – the quality of life, today, is the most relevant value for the whole world population. Throughout the world, including in Kazakhstan, the incidence of malignant neoplasm is steadily increasing, despite the efforts of the medical community. The number of patients requiring palliative care and relief of chronic pain syndrome, which significantly reduces the quality of life both of these patients and native persons also suffer indirect pain and suffering for loved ones, is increasing in parallel. A similar picture is observed with AIDS patients.

In Kazakhstan, there is a shortage of assortment and quantities of narcotic analgesics due to the applied methodology for calculating the

need for opioid analgesics based on the amount used in previous years without taking into account the increase in morbidity and mortality. More than 60% of cancer patients die from unchallenged pain syndrome [1].

The high quality of palliative care cannot be achieved without the full relief of the chronic pain syndrome of patients. Therefore, at the present time for the relief of symptoms that reduce the quality of patients' life, with many socially significant diseases, medical organizations face the actual problem of providing them.

This article presents a methodology for calculating the need for medicines containing narcotic drugs to provide palliative care in a medical organization, taking into account WHO recommendations, developed by the Rational Drug use Center of the RSE on REM "Republican Center for Health Development" of the Ministry of Healthcare of the Republic of Kazakhstan.

Key words: *methods for calculating, calculating the need, medicines, narcotic drugs, palliative care, ATC/DDD methodology.*

Кіріспе

Біздің барлық жасап жатқан: инновацияларды дамытуымыз, қызметтің әртүрлі салаларында жаңа технологиялар жасауымыз, реформалар жүргізуіміз әрбір адамның өмір сапасын жақсартуы тиіс. Бүгінгі таңда адам өмірі сапасын зерттеу бірнеше бағытта: әлеуметтік экономикада, фармакоэкономика мен өмір сапасы (QALY – сапасы түзетілген өмір жылдары (ағ. quality-adjusted life years), паллиативтік медицинада (мақсаты күдер үзген науқастардың өмірін жақсарту болып табылатын медицина бөлімі, мысалы, обырдың отаға жатпайтын түрі) жүргізіліп отыр.

Паллиативтік көмек бүкіл дүниежүзінде белсенді дамып келеді. Қазақстан үшін ол салыстырмалы түрде медицинаның жаңа саласы. Алғаш рет паллиативтік көмек Қазақстан Республикасының 2009 жылғы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Заңында айтылған болатын. Паллиативтік көмек – ол пациенттер мен олардың отбасылары өміріне қауіп төндіретін ауруларға байланысты мәселелерге кездескен кезде олардың өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін тәсіл. Ол ерте анықтау, сондай-ақ ауру синдромы мен басқа дене, психологиялық әлеуметтік және рухани мәселелерін бағалау және емдеу арқылы ауру азабының алдын алу және жеңілдету арқылы жасалады [2].

Бүгінгі таңда халыққа паллиативтік көмек республикамыздың 7 қаласында - Алматы, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Семей, Өскемен мен Оралда паллиативтік көмек хоспистарында/палаталарында көрсетіледі. Сонымен, 17 млн. адамы бар Қазақстанда хоспистік және паллиативтік көмек көрсету үшін 400-ден аз төсек қана қолжетімді. Ал Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (бұдан әрі – ДДҰ) 300-400 мың адамға 25-30 төсектен есептеп хоспистік паллиативтік көмек ашуды ұсынады. Дүниежүзілік банк 100 мың адамға 27 төсектен есептелген стационарлық паллиативтік көмек құру нормативін ұсынып отыр. Хоспистік көмектің еуропалық нормативі 1 млн. халыққа 80-100 төсекті құрайды. Осыған байланысты, стационарлық деңгейле паллиативтік көмек көрсету үшін, Дүниежүзілік банк ұсынған нормативтерді ескере отырып, Қазақстандағы аурулар бойынша бар деректер бойынша қазіргі бар 349 төсектің орнына 4590 стационарлық паллиативтік төсек болуы тиіс, және барлық пациенттер қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілу керек. Сондықтан, пациенттерді қосымша 4241 төсекпен қамтамасыз ету қажеттілігі бар, ол төсектер тапшылығының 92% құрайды, сондай-ақ олар дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді талап етеді.

Осы жағдай паллиативтік көмек сапасының төмендеуіне оған мұқтаж пациенттер өмірі сапасының тікелей тәуелді екендігін дәлелдейді. Жинап айтқанда, паллиативтік көмекпен толық қамтыған және қажетті препараттармен, атап айтқанда, ауырсынуды басатын дәрілермен толық қамтамасыз еткен жағдайда, біз ұлттық адами капитал бойынша паллиативтік көмекке мұқтаж барлық пациенттердің өмір сапасын жақсарта алар едік немесе жақсартуға мүмкіндік алар едік.

Қазақстанда халыққа паллиативтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттары бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 14 қарашадағы № 657 «Қазақстанда халыққа паллиативтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес: паллиативтік көмек – медициналық және әлеуметтік қызметтің бағыты, оның мақсаты денсаулық сақтау ұйымы берген медициналық қорытындымен расталған терминалдық сатыдағы (соңғы) жазылмайтын аурумен ауыратын пациенттердің өмір сүру сапасын және жалпы жай-күйін жақсарту болып табылады.

Пациенттердің жоғарыда көрсетілген санатына декомпенсация

сатысындағы созылмалы өршіген аурулармен ауыратын жазылмайтын науқастар, онкологиялық аурулармен ауыратын науқастар, аурудың терминалдық (соңғы) сатысындағы Жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромымен (бұдан әрі – ЖИТС) және туберкулезбен ауыратан науқастар жатады. Осындай ауруларға көрсетілетін паллиативтік көмекке дәрігерге дейінгі көмек пен білікті медициналық көмек кіреді, екі жағдайда да, сондай-ақ созылмалы ауру синдромы пайда болған кезде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселесі пайда болады, уақыт өте келе пациенттер есірткі бар ауырсынуды басатын дәрі-дәрмекке жиірек мұқтаж бола бастайды. Мысалы, обыр мен ЖИТС терминалды деңгейінде тек қана морфин үшін ДДҰ сарапшылары өлім туралы деректерді пайдаланып (немесе егер бар болса, ауру деректерін), келесі формуланы басшылыққа алуды ұсынады: 90 күн бойы 80 пайыз обырмен ауыратындар мен 50 пайыз ЖИТС-пен ауыратындарға орта есеппен күнделікті қабылдау үшін 60-75 мг морфин қажет, яғни орта арифметикалық шаманы пайдалану керек, ол бір пациентке есептегенде 67,5 мг тең [3].

Ауру синдромын емдеу барысында сапалы паллиативтік көмек көрсетудің маңызды факторлары құрамында есірткі заттары бар дәрі-дәрмек құралдарының қолжетімдігі мен ауруды және оған мұқтаждық пен ДДҰ ұсынған тәуліктік дозаны ескере отырып есептеу үшін ғылыми-негізделген тәсілді қолдану болып табылады.

Мақалада паллиативтік көмек көрсету үшін, дәрі-дәрмекті қолдану зерттеулерінде пайдаланылатын (бұдан әрі - АТС/DDD-әдіснамасы) анайы жасалған өлшем бірлігі DDD (Defined Daily Dose) бар АТС (Anatomic Therapeutic Chemical) біліктілік жүйесін пайдалана отырып, құрамында есірткі заттары бар дәрі-дәрмекті есептеудің әдіснамалық тәсілдері берілген.

Зерттеу әдістері

- 1) Статистикалық есептер (АТС/DDD әдіснамасы);
- 2) Аналитикалық

АТС/DDD әдіснамасы - DDD көмегімен мұқтаждық көрсеткіштерін анықтауға негізделген – ДДҰ мен дәрі-дәрмектердің АТХ-коды ұсынған белгіленген тәуліктік доза. Дәрі-дәрмектің АТХ-коды бойынша ДДҰ сайтынан https://www.whocc.no/atc_ddd_index/ определить соответствующее значение DDD сәйкес мәнін анықтау керек.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижесі, паллиативтік көмек көрсету үшін, құрамында есірткі заттары бар дәрі-дәрмекке мұқтаждықты есептеу бойынша ДДҰ ұсыныстарын ескере отырып жасалған әдістеме болып табылады.

Медицина ұйымында паллиативтік көмек көрсету үшін құрамында есірткі заттары бар дәрі-дәрмекке мұқтаждықты есептеу әдістемесі

1. Жалпы ережелер

1. Паллиативтік көмек көрсету үшін, құрамында есірткі заттары бар дәрі-дәрмекке мұқтаждықты есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) халықаралық бақылаудағы заттарды есептеу бойынша нұсқаулықта баяндалған ДДҰ ұсыныстары негізінде жасалған.

2. Осы әдістеме Қазақстан Республикасының медициналық ұйымдарына мұқтаждық есебін ауру туралы деректерге негізделген әдіс көмегімен есептеуді ұсынады.

3. Осы әдіске:

- емдеу үшін құрамында есірткі заттары бар дәрі-дәрмек препараттары талап етілетін негізгі аурулар тізбесін жасау;

- әрбір ауруды стандартты емдеу үшін қажетті бақыланатын дәрі-дәрмек препараттарының орта көлемін анықтау;

- әрбір ауру бойынша емделу жағдайының санын болжамды бағалау кіреді.

4. Есеп ДДҰ ұсынған АТС/DDD-әдіснамасын қолдана отырып, болжанатын пациенттер саны (амбулаториялық деңгейде) мен төсек-күндерді (стационарлық деңгейде) ескере отырып, әрбір дәрі-дәрмек атауы бойынша жүргізіледі.

Осы әдістемеді келесі негізгі ұғымдар пайдаланады:

Паллиативтік көмек – медициналық және әлеуметтік қызметтің бағыты, оның мақсаты денсаулық сақтау ұйымы берген медициналық қорытындымен расталған терминалдық сатыдағы (соңғы) жазылмайтын аурумен ауыратын пациенттердің өмір сүру сапасын және жалпы жай-күйін жасқарту болып табылады.

Есірткі заттары (Ез) – Қазақстан Республикасының заңнамасына, 1961 жылғы Есірткі заттары туралы Бірыңғай конвенцияға, 1972 жылғы 1961 жылғы Есірткі заттары туралы Бірыңғай конвенцияға

енгізілген түзетулер туралы Хаттамаға сәйкес Есірткі хаттар, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген синтетикалық немесе табиғи текті заттар.

Аурушаңдық – қандай да болмасын нақты аумақта тұратын халық ішінде белгілі бір аурудың таратылу деңгейі мен жиілігін анықтайтын медициналық-статистикалық көрсеткіш;

Бекітілген тәуліктік доза (DefinedDailyDose – DDD) – ол негізгі көрсеткіштер бойынша қабылдау барысында дәрі-дәрмектің орта тәуліктік дозасына сәйкес әрбір белсенді ингредиент пен дәрілік форма үшін белгіленетін шама;

ATC/DDD әдіснамасы – дәрі-дәрмек заттарын қабылдау зерттеулерінде пайдаланылатын, арнайы жасалған өлшем бірлігі DDD (DefinedDailyDose) бар (AnatomicTherapeuticChemical) біліктілік жүйесі;

Өлшем бірлігін дозалау – дәрі-дәрмек препаратының бір өлшем бірлігіндегі жалпы доза;

ГОМБП аясындағы дәрі-дәрмек препаратының шекті бағасы – уәкілетте орган белгілеген баға, сатып алулар одан жоғары бағамен жүргізілмеу керек;

Валидтеу, тексеру – шынайы дәлелдер негізінде нақты пайдалану немесе қолдануға арналған талаптардың орындалғанын растау [Сілтеме: ИСО 15198:2004].

2. Паллиативтік көмек көрсету үшін құрамында есірткі заттары бар дәрі-дәрмек құралдарына мұқтаждықты есептеу қағидаттары

5. Паллиативтік көмек көрсету үшін, құрамында ЕЗ бар дәрі-дәрмекке мұқтаждықты есептеу денсаулық сақтау субъектілерінің өтінімдерін қалыптастыру үшін анықталады.

6. Дәрі-дәрмекке мұқтаждықты есептеу:

- медицина ұйымының дәрілік формулярына сәйкес;
- аймақтағы аурушаңдық динамикасының деректері, сондай-ақ аурулардың болжанатын саны мен төсек-күндері бойынша статистикалық деректер негізінде;
- дәрі-дәрмек заттарымен қамтамасыз етілетін аурулардың электрондық регистрлерін ескере отырып;
- қайтыс болғанда қойылған диагнозбен өлгендер санын ескере отырып;

- «Д» есебіндегі пациенттердің жыл сайынғы санының өсуін ескере отырып;

- ДДҰ – http://www.whocc.no/atc_ddd_index/) сайтындағы белгіленген (DDD)– DefinedDailyDose

–тәуліктік дозаны ескере отырып жүргізіледі.

7. Белгіленген тәуліктік дозаның мәндері болмаған жағдайда, ДЗ мұқтаждықты есептеу:

- ДЗ медициналық қабылдау бойынша таңдап алынған нұсқаулықтардан алынған орта тәуліктік дозаны ескере отырып жүргізіледі.

8. Дәрі-дәрмекке мұқтаждықты анықтау барысында амбулаториялық және стационарлық деңгейлерде дәрі-дәрмек заттарын тұтыну ерекшеліктерін ескеру ұсынылады.

9. Дәрі-дәрмекке мұқтаждықты амбулаториялық деңгейде есептеу үшін жоспарланған кезеңдегі аурулардың болжанған санын ескеру керек.

10. Дәрі-дәрмекке мұқтаждықты стационарлық деңгейде есептеу үшін жоспарланған кезеңдегі аурулардың болжанған төсек-күндерін ескеру керек.

11. Мұқтаждықты болжау барысында паллиативтік көмек көрсету үшін «Д» есепте тұратын пациенттердің құрамында Ез бар дәрі-дәрмекті бірқалыпты емес қабылдайтынын ескеру қажет. Бұл ретте құрамында Ез Пбар дәрі-дәрмек заттарына мұқтаж аурулардың % дәрілердің әрбір атауы бойынша анықтау керек.

12. ДЗ мұқтаждықты есептеуде аурулар, төсек-күдер мен басқа көрсеткіштер бойынша деректерді болжауды кем дегенде соңғы 3 жылдағы трендтерді ескере отырып жүргізу ұсынылады.

3. Паллиативтік көмек көрсету үшін құрамында есірткі заттары бар дәрілік заттарға мұқтаждықты амбулаториялық және стационарлық деңгейде есептеу

Құрамында ЕЗ бар дәрі-дәрмекке мұқтаждықты есептеу екі тәсілмен орындалады:

- ДДҰ ұсынған белгіленген тәулікті дозаны (DDD) пайдалану арқылы;

- DDD болмаған жағдайда, ДЗ медициналық қабылдау бойынша таңдап алынған нұсқаулықтардан алынған орта тәуліктік дозаны пайдалану арқылы.

Амбулаториялық деңгей үшін мұқтаждық есебі $Ma(mg)$, $Ma(\text{өлш.бірл.})$, $Ma(tg)$ формулалары бойынша жүргізіледі (1, 2, 3):

$Ma(mg) = C_{\text{болж.}} \times C_{\text{дз/к.л.}}$ (1), онда

$C_{\text{болж.}}$ – паллиативтік көмек көрсету үшін құрамында ЕЗ бар дәрі-дәрмекке мұқтаж пациенттер саны;

$C_{\text{дз}}$ – 1 пациентке 1 жылға емдеуге кететін ДЗ көлемі, мг;

$Ma(\text{өлш.бірл.}) = Ma(mg) / \text{ӨБД}$ (2), онда

$Ma(mg)$ – амбулаториялық деңгейдегі жалпы мұқтаждық, мг

ӨБД – өлшем бірлігінің дозалануы, мг

$Ma(tg) = Ma(\text{өлш.бірл.}) * \text{ШБ}$ (3), онда

$Ma(\text{өлш.бірл.})$ – амбулаториялық деңгейдегі өлшем бірлігімен есептелетін мұқтаждық (амп, фл, таб. және т.б.)

ШБ – шекті баға, тг.

Стационарлық деңгей үшін мұқтаждық есебі $Mс(mg)$, $Mс(\text{өлш. бірл.})$, $Mс(tg)$ формулалары бойынша жүргізіледі (4, 5, 6):

$Mс(mg) = C_{\text{дз/к.л.}} \times C_{\text{болж.т.к.}}$ (4), онда

$C_{\text{дз}}$ – 1 төсек-күнге 1 жылға емдеуге кететін ДЗ көлемі, мг;

$C_{\text{болж.т.к.}}$ – болжанған төсек-күн саны;

$Mс(\text{өлш.бірл.}) = Mс(mg) / \text{ӨБЗ}$ (5), онда

$Mс(mg)$ – стационарлық деңгейдегі жалпы мұқтаждық, мг

ӨБЗ – өлшем бірлігінің дозалануы, мг

$Mс(tg) = Mс(\text{өлш.бірл.}) * \text{ШБ}$ (6), онда

$Mс(\text{өлш.бірл.})$ – стационарлық деңгейдегі өлшем бірлігімен есептелетін мұқтаждық (амп, фл, таб. және т.б.)

ШБ – шекті баға, тг.

Амбулаториялық және стационарлық деңгейлерде паллиативтік көмек көрсету үшін, құрамында ЕЗ бар дәрі-дәрмекке мұқтаждықты есептеу үшін екі: ағымдық жағдай мен мұқтаждықты жоспарлау бөлімінен тұратын Excel электрондық кестеде берілген есептеу моделін пайдалану ұсынылады (№ 1 қосымша).

Осы электрондық кестені автоматтық есептеу бағандарынан басқасын медициналық ұйымдар өз беттерімен толтырады.

Шынайы және дұрыс нәтиже алу мақсатында пайдаланылатын деректерді тексерген дұрыс.

Электрондық кестені толтыру үшін қажетті ақпарат, оларды алу көздері мен мұқтаждықты есептеу үшін пайдаланылатын аралық формулалар № 1 кестеде берілген.

1-кесте. Құрамында есірткі заттары бар дәрілік заттарға мұқтаждықты есептеу үшін пайдаланылатын деректер мен формулалар

Баған №	Электрондық кестені толтыруға қажетті ақпарат	Ақпаратты алу көзі	Ескертпе
АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ			
1	Нозология: онкология, ЖИТС, туберкулез, декомпенсация сатысындағы созылмалы өршіген аурулар	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 14 қарашадағы № 657 " Қазақстанда халыққа паллиативтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы	Паллиативтік көмек декомпенсация сатысындағы созылмалы өршіген аурулармен ауыратын жазылмайтын науқастар, онкологиялық аурулармен ауыратын науқастар, аурудың терминалды (соңғы) сатысындағы Жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромымен (бұдан әрі – ЖИТС) және туберкулезбен ауыратан науқастаға медициналық ұйымдардың мамандандырылған құрылымдық бөлімшелерінде, дербес медицина ұйымдарында (хосписстерде) немесе үйде стационар түрінде дәрігердің басшылығымен көрсетіледі. . Осындай ауруларға көрсетілетін паллиативтік көмекке: дәрігерге дейінгі көмек; білікті медициналық көмек кіреді.
2	Нозология бойынша «Д» есепте тұратын пациенттердің / қайтыс болғанда қойылған диагнозбен өлгендер санын ескерілген стационарлық аурулардың және жыл сайынғы өсімнің жалпы саны	Диспансерлік аурулардың электрондық тіркелімі (ДАЭТ) / Стационарлық аурулардың электрондық тіркелімі (САЭТ), МҰ статистикалық деректері	

Баған №	Электрондық кестені толтыруға қажетті ақпарат	Ақпаратты алу көзі	Ескертпе
3*	Паллиативтік көмек көрсету үшін есірткі заттары бар дәрі-дәрмекке мұқтаж пациенттер %	МҰ паллиативтік көмек көрсету үшін есірткі заттары бар дәрі-дәрмекке мұқтаж пациенттер % анықтайды	
4	Паллиативтік көмек көрсету үшін есірткі заттары бар дәрі-дәрмекке мұқтаж пациенттердің болжанған саны / төсек-күндері	Болж. Пац. саны./ төсек-күндер = % мұқтаж пациенттер / «Д» есепте тұратын пациенттер саны x 100	
5	АТХ	ДҰҰ сайты http://www.whocc.no/atcdddindex/	ДЗ туралы деректер
6	ХПА бойынша дәрілік заттардың атаулары	Шекті бағалар бойынша бұйрықтар, 26.01.2015 жылғы №32 «ҚР бақылауға жататын есірткі заттарын, психотропты заттар мен прекурсорларды медициналық мақсатта пайдалану ережелері» бұйрығы	НҚА
7	Өлшем бірлігін дозалау (ӨБД)	Шекті бағалар бойынша бұйрықтар, 26.01.2015 жылғы №32 «ҚР бақылауға жататын есірткі заттарын, психотропты заттар мен прекурсорларды медициналық мақсатта пайдалану ережелері» бұйрығы	Шығару формасының бір өлшем бірлігіндегі дозасы
8	ӨБД өлшем бірлігі	Шекті бағалар бойынша бұйрықтар, 26.01.2015 жылғы №32 «ҚР бақылауға жататын есірткі заттарын, психотропты заттар мен прекурсорларды медициналық мақсатта пайдалану ережелері» бұйрығы	НҚА

Баған №	Электрондық кестені толтыруға қажетті ақпарат	Ақпаратты алу көзі	Ескертпе
МҰҚТАЖДЫҚТЫ ЖОСПАРЛАУ			
9	Шекті баға	Шекті бағалар бойынша бұйрықтар	НҚА
10	ДДҰ бойынша БТД (DDD) / ССД	http://www.whocc.no/atc_ddd_index/ или http://www.dari.kz/	
11	Өлшем бірлігі БТД/ DDD	ДДҰ сайты http://www.whocc.no/atc_ddd_index/ ККМФД бекіткен ДЗ медициналық қолдану бойынша нұсқаулық http://www.dari.kz/	
12	Емдеу курсы күндермен	Емдеу курсының ұзақтығы күндермен ДЗ деректері бойынша анықталады	
13	Бір айға емдеу курсының саны	Емдеу курсының еселігі бір айдағы ДЗ деректері арқылы анықталады	
14	Бір ылдағы айлар саны	Емдеу айларының саны бір жылдағы ДЗ деректері арқылы анықталады	
15	1 пациентке / 1 төсек-күнге бір жылдық емдеу курсына ДЗ көлемі, мг	ДЗ көлемі = БТД x Кл x Саны к.л. x Саны ай/ жылға	
16	Жалпы мұқтаждық, мг	Мжалп. = ДЗ саны к.л. x Болжанатын пациенттер / төсек-күдер саны	
17	Өлшем бірлігіне мұқтаждық (амп, фл, табл. Және т.б. саны)	М (өлш.бірл.) = Мжалп. /ӨБД	
18	Мұқтаждық теңгемен	М (тг) = М (өлш. бірл.) x ШБ	

Ескертпе: *тек обыр мен ЖИТС терминалды деңгейіндегі Морфин үшін

ДДҰ сарапшылары обыр және ЖИТС-пен ауырған аурулардың өлімі (немесе егер бар болса, осы аурушандық) туралы деректерді пайдалануды және келесі формуланы пайдалануды ұсынады: 90 күн бойы 80 пайыз обырмен ауыратындар мен 50 пайыз ЖИТС-пен ауыратындарға орта есеппен күнделікті қабылдау үшін 60-75 мг морфин қажет, яғни орта арифметикалық шаманы пайдалану керек, ол бір пациентке есептегенде 67,5 мг тең [3].

Ескертпе: ** - формулалар бар бағандар автоматтық есептеу үшін

Қорытындылар

Осы Әдістеме аурушандық туралы деректерді ескере отырып, ДДҰ ұсыныстарына сәйкес паллиативтік көмек көрсету үшін құрамында Ез бар дәрілік заттарға мұқтаждықты оңтайлы есептеуге мүмкіндік береді.

АТС/DDD-әдіснамасын қолдану дәрілік заттарды тиімді қолдануды қамтамасыз ету үшін оларды тағайындау практикасын жетілдіру бойынша шаралар қабылдау мақсатында ел деңгейінде де, халықаралық деңгейде де бір текті медициналық ұйымдардың дәрілік заттарды тұтынуын салыстырмалы бағалауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында бақылауға жататын дәрілік заттарға мұқтаждықты есептеу пайдалану ерекшеліктерін ескере отырып, сәйкес нормативтермен реттеледі.

Сатып алынатын дәрілік заттардың тізбесін, түрі мен көлемін жо-спарлау үшін басшы, басшы орынбасарлары, бөлім меңгерушілері, клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі жауап береді.

Қаржыландыру көзі

Осы мақалада берілген материалдар басқа баспа басылымдарында жарияланған жоқ. Авторлардың мүдделер шиеленісіне әкеліп соғуы мүмкін қаржы немесе басқа өзара қарым-қатынастары жоқ.

Орталық ішінде жұмыстың орындалуын, түзетулер енгізуді бақылау мен бекітуді Жусупова Г.К. (Дәрілік заттарды тиімді пайдалану орталығының басшысы) жүргізді; ағымдағы жағдайды талдау және әдістемені әзірлеуді Жалдыбаева С.С. (фармацевтика саясатын жетілдіру бөлімінің бастығы) пен Утепова Д.Б. (дәрілік заттарға, медициналық бұйымдар мен медициналық жабдыққа мұқтаждықты есептеу бөлімінің бастығы) орындады; клиникалық фармакология тұрғысынан бағалауды Бегешев Д.Е. (тиімді фармакотерапия бөлімінің бас маманы) жүргізді.

Осы зерттеу қосымша қаржыландыруды талап еткен жоқ, өйткені материалдар тапсырмаларды орындау аясында жұмыс тәртібінде берілді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Радионов, В. 60% онкобольных в Казахстане не получают достаточной помощи для купирования боли - Астана, 2015: КазТАГ. URL: <http://www.zakon.kz/4697340-60-onkobolnykh-v-kazakhstan-ne.html>; (доступ: 06.08.2017).
2. О паллиативной помощи – Алматы, 2014: ОЮЛ «Казахстанская ассоциация паллиативной помощи». URL: http://palliative.kz/o_palliativnoy_pomoschi; (доступ: 08.08.2017).
3. Международный комитет по контролю над наркотиками: Руководство по исчислению потребностей в веществах, находящихся под международным контролем: руководство. – Нью-Йорк: Организация объединенных наций, 2012. – Прил.1. – С. 28.
4. Қазақстан Республикасының 1998 ж. 1 шілдедегі № 257 «Қазақстан Республикасының 1972 жылғы 1961 жылғы Есірткі заттары туралы Бірыңғай конвенцияға енгізілген түзетулер туралы Хаттамаға сәйкес енгізілген түзетулері бар 1961 жылғы Есірткі заттары туралы Бірыңғай конвенцияға қосылуы туралы» Заңы.
5. Қазақстан Республикасының 1998 ж. 10 шілдедегі № 279-І «Есірткі заттары, олардың баламалары мен прекурсорлары және олардың заңсыз айналымы мен оларға салынушылыққа қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Заңы
6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 3 қарашадағы № 660 «Қазақстан Республикасында 2017 жылға есірткі заттары мен психотропты заттарға мұқтаждық нормалары туралы» қаулысы.
7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 32 «ҚР бақылауға жататын есірткі заттарын, психотропты заттар мен прекурсорларды медициналық мақсатта пайдалану ережелері» бұйрығы.
8. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 369 «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 14 қарашадағы № 657 «Қазақстан Республикасы халқына паллиативтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығы.

ҒТАМР
06.61.33

**Бауыржан Мұқан¹, Ғаббас Ержанов², Қайсар Нығметов³,
Айжан Шоқыбасова⁴**

¹ «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты (Астана қ., Қазақстан)

² «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Аймақтық әлеуметтік талдау орталығының директоры

³ «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Аймақтық әлеуметтік талдау орталығының директорының орынбасары

⁴ «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Аймақтық әлеуметтік талдау орталығының аға сарапшысы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨңІРЛІК САЯСАТЫ

Аңдатпа. Мақалада өңірлік саясаттың мәселелері қарастырылады, соның ішінде өңірлердің, қалалардың және ауылды елді мекендердің дамуына қатысты стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың негізгі ережелері қоздырылған.

Түйін сөздер: даму, өңір, қала, ауылды елді-мекен.

Бауыржан Мукан, Ғаббас Ержанов, Кайсар Нигметов, Айжан Шокубасова

РЕГИОНАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА КАЗАХСТАНА

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы региональной политики, в том числе затронуты основные положения стратегических и программных документов, касающиеся развития регионов, городов и сельских населенных пунктов.

Ключевые слова: развитие, регион, город, сельский населенный пункт.

Baurzhan Mukan, Gabbas Erzhanov, Kaisar Nigmatov, Aizhan Shokubasova

KAZAKHSTAN REGIONAL POLICY

Abstract. This article considers regional policy issues, including the basic provisions of strategic and programme documents concerning the development of regions, cities and rural localities.

Key words: *development, region, city, rural locality.*

Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық өсуінің қалыптасуына әрекеттесу және елдегі құрылымдық өзгерістер өңірлік жүйелердің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық үш құрауыштарының пропорционалдығы мен тепе-теңдігін қамтамасыз етуді есепке алып өтетін болады деген шартымен азаматтардың тұруы үшін қолайлы жағдайлар жасау Қазақстан Республикасының өңірлік саясаты алдында тұрған негізгі мақсат болып табылады.

Қазақстан Республикасы өңірлерінің экономикалық даму деңгейлерін салыстыру (сатып алу қабілеттілігінің паритеті және теңгенің АҚШ долларына нарықтық валюта бағамы бойынша) бір жағынан, ең ірі агломерациялар (Астана, Алматы) мен негізгі мұнай өндіру өңірлердің және екінші жағынан, елдің қалған өңірлері арасындағы жаппай өңірлік өнімнің (ЖӨӨ) жан басына шаққандағы көрсеткіштерінің елеулі айырмашылығы туралы айтады.

Қазақстан Республикасы өңірлерінің даму деңгейлерінің дифференциациясы өте үлкен және тұрақты. Бұл ел бойынша көрсеткіші орташа өңірлердің он жылдан аса кезең ішіндегі жаппай өңірлік өнімнің жан басына шаққандағы көрсеткіштерінің салыстырылуын көрсетеді. Сонымен бірге жетекші мұнай өндіретін өңірлердің жоғары көрсеткіштері әзірше өңірлік аралық ынтымақтастықтың дамуы үшін елеулі ынталандырғыш бола алмады, өйткені мұнай-газ бизнесінен кірістің негізгі бөлігі ең ірі агломерацияларда орталықтандырылады және өндіру өңірлерінің өзінде сұраныс көзі болмайды.

ЖІӨ өндіру құрылымы өңірлік үйлеспеушілігімен, ел аумағы бойынша өндірістік күштердің орналасуының әркелкілігімен және өңірлердің дамуының әртүрлі деңгейлерімен анықталады.

1-кесте. Қазақстан өңірлерінің елдің ЖІӨ-дегі үлестің өзгеру динамикасы, %

	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016*
Қазақстан Республикасы	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100

	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016*
Ақмола	3,1	2,9	3	2,7	2,8	2,6	2,7	2,6	2,7	2,8
Ақтөбе	5,2	5,4	5	5,4	5,5	5,7	5,1	4,9	4,3	4,2
Алматы	4,2	4,2	4,5	4,6	4,4	4,7	4,8	4,8	4,8	4,7
Атырау	9,6	11,2	11,5	13	13,4	11,7	11	11	10,3	10,8
БҚО	4,8	5,1	4,8	4,8	4,8	5,7	4,9	5	4,2	4,3
Жамбыл	2	2	2	2	2,2	2,5	2,4	2,5	2,5	2,5
Қарағанды	8,9	9,1	8,9	8,6	8,5	7,9	7,3	7,3	7,6	7,9
Қостанай	4,3	4,3	4,2	3,9	4	3,7	3,7	3,5	3,4	3,3
Қызылорда	3,8	4,2	3,7	3,9	4	4,1	4	3,5	2,9	2,7
Маңғыстау	5,8	6,8	6,5	6,8	6,6	5,7	5,8	6,1	5,2	5
ОҚО	4,7	4,5	5,4	5,5	5,4	6	5,9	6	6,1	6,1
Павлодар	4,6	5,3	5	4,7	5,4	4,9	4,9	4,4	4,2	4,1
СҚО	2,4	2,5	2,3	2,2	2,4	2,2	2,1	2	2	2,1
ШҚО	6,2	5,5	5,7	5,7	5,7	5,8	5,7	5,8	5,7	6,1
Астана қ.	8,8	8	8	8,1	7,6	8,5	9,7	10,1	11,8	11,1
Алматы қ.	20,8	18,3	18,6	18,1	17,3	18,3	20	20,5	22,3	22,3

Дереккөз: ҚР ҰЭМ статистика жөніндегі комитет, *- алдын ала деректер.

Соңғы жыл ішінде қуатты минералдық-шикізаттық базасы бар өңірлердің үлестерін төмендету тенденциясы белгіленген, бұл энергоресурстардың өндірілуі мен бағалар конъюктурасының төмендеу салдары болып табылады. 2016 жылдың алдын ала деректері ауылшаруашылық өнімдер өндірісінде, тағам мен жеңіл өнеркәсіпте маманданатын бір қатар облыстар бойынша (Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан) өңірлер үлестерінің үлес салмақтарының шамалы төмендеуін/өсуін көрсетеді (1-кесте).

2015 жылы ЖӨӨ ең жоғары мәнен айырмашылық елеулі болды, сөйтіп, ең төмен айырмашылық Астана бойынша болды (2 есе) және ең үлкен айырмашылықты Солтүстік Қазақстан облысы көрсетті (10 есе). Өңірлердің әрқелкі дамуы және ең көп пен ең аз дамыған өңірлердің арасындағы айырмашылық қысқармайды.

Өңірлердің арасындағы дифференциацияның күшеюі өңірлердің нарыққа әртүрлі бейімделгіштікке бола жалғасады. Өңірлік үйлеспеушіліктер ЖӨӨ-ді халықтың жан басына шаққанда салыстырғанда байқалады.

Халықтың жан басына шаққандағы ЖӨӨ орташа республикалық

өндірісінен асып кету бойынша озық позициясын Атырау облысы алып отыр (2006 ж. - 344,2%-ға, ал 2016 ж. – 266%-ға). Бұл көрсеткіш бойынша екінші орында Алматы қ. (2006 ж. – 268,7%-ға, ал 2016 ж. – 191%-ға). Аталған көрсеткіш бойынша ең төмен деңгейді Оңтүстік Қазақстан (2006 ж. – 28,1%-ға, ал 2016 ж. – 31,4%-ға) және Жамбыл (2006 ж. – 28,6%-ға, ал 2016ж. – 33,3%-ға) облыстары алып отыр (2-кесте).

2-кесте. Халықтың жан басына шаққандағы жаппай өңірлік өнім, мың теңге

Өңірлер	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016*
Ақмола	543,2	641,4	712,1	798,1	1 099,0	1 092,8	1 301,7	1 427,9	1 513,9	1 740,1
Ақтөбе	970,5	1 231,1	1 122,9	1 523,1	1 998,2	2 220,7	2 298,1	2 361,4	2 135,0	2 317,1
Алматы	337,4	409,2	424,8	537,9	654,0	751,0	886,2	1 002,1	1 021,3	1 107,7
Атырау	2 541,7	3 626,0	3 824,7	5 401,0	7 054,0	6 580,7	7 083,0	7 553,3	7 171,2	8 309,3
ШҚО	1 006,2	1 339,4	1 369,1	1 730,4	2 225,4	2 865,9	2 868,1	3 170,4	2 699,6	2 011,4
Жамбыл	262,8	316,9	339,5	429,0	602,8	715,4	813,9	897,4	918,3	1 042,9
БҚО	853,5	1 088,4	1 127,8	1 387,7	1 762,1	1 798,5	1 919,1	2 110,6	2 248,9	3 103,4
Қарағанды	624,5	789,7	818,1	970,8	1 288,2	1 308,0	1 531,5	1 583,1	1 561,7	2 638,7
Қостанай	794,7	1 075,9	938,8	1 236,5	1 611,9	1 764,4	1 983,0	1 848,9	1 534,3	1 721,9
Қызылорда	1 896,2	2 631,0	2 248,8	2 890,4	3 491,7	3 169,8	3 592,7	4 049,6	3 443,0	1 616,1
Маңғыстау	265,2	310,4	372,1	474,6	583,0	705,1	791,3	868,9	891,1	3 629,9
Павлодар	793,9	1 153,6	1 160,8	1 384,6	2 036,7	2 032,8	2 341,3	2 315,8	2 293,1	2 518,7
СҚО	487,4	619,0	678,7	790,1	1 136,7	1 168,6	1 298,2	1 386,6	1 467,2	1 681,3
ОҚО	563,4	627,9	703,9	889,8	1 160,9	1 299,1	1 480,1	1 636,7	1 656,2	981,4
Астана қ.	1 927,0	2 080,2	2 189,4	2 635,7	2 980,3	3 479,6	4 374,3	4 821,6	5 574,8	5 574,2
Алматы қ.	2 048,9	2 193,2	2 306,8	2 797,3	3 394,8	3 908,0	4 779,1	5 021,0	5 439,6	5 966,9

Дереккөз: ҚР ҰЭМ статистика жөніндегі комитет, *- алдын ала деректер.

Қазақстан Республикасының экономикалық кеңістігіндегі әлеуметтік дифференциацияны талдаған кезде өмір деңгейлерінің өңірлік айырмашылықтарының негізгі индикаторы ретінде халықтың орташа жандық ақшалай кірістің шамалары қарастырылған, өйткені бұл көрсеткішті қолданған кезде, әртүрлі деңгейлерде кірістердің салыстырмалы сатып алу қабілетінің жуық бағасы болуы мүмкін.

3-кесте. Хлықтың орташа жандық номиналдық ақшалай кірістерінің орташа республикалыққа қатынасы, %

	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015
Қазақстан Республикасы	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100
Ақмола	78,0	79,5	79,7	82,9	81,4	88,2	87,2	84,4	84,7	84,0
Ақтөбе	101,0	97,9	106,1	98,3	100,0	97,8	102,4	101,5	96,4	90,5
Алматы	65,4	66,7	69,4	65,9	70,3	76,2	78,0	79,4	76,4	80,0
Атырау	197,2	199,6	233,6	236,7	230,2	232,8	221,8	206,9	200,3	183,0
Батыс Қазақстан	93,3	94,4	107,7	112,9	117,1	108,7	109,2	105,7	99,6	95,5
Жамбыл	62,1	66,1	63,0	68,8	74,4	67,4	67,8	65,9	63,9	64,1
Қарағанды	97,8	95,8	109,2	109,3	108,5	112,3	111,6	111,7	102,5	99,3
Қостанай	86,5	86,7	79,8	78,6	81,0	86,2	86,9	87,0	82,9	82,3
Қызылорда	76,2	74,9	88,1	90,9	93,3	88,1	87,5	85,7	80,3	73,4
Маңғыстау	200,1	174,1	188,6	162,9	162,6	159,3	159,3	158,5	164,8	150,5
Оңтүстік Қазақстан	56,3	56,7	61,6	61,9	62,4	60,9	64,3	62,9	55,7	53,2
Павлодар	93,9	93,0	105,7	103,5	101,3	106,9	108,3	108,7	102,8	98,8
Солтүстік Қазақстан	78,0	75,4	73,3	80,0	82,9	87,9	84,5	83,4	82,0	81,2
Шығыс Қазақстан	87,0	87,5	84,5	87,8	88,0	89,8	91,2	92,3	85,9	82,3
Астана қ.	199,1	192,9	185,2	194,7	179,8	175,2	175,2	175,5	176,4	191,6
Алматы қ.	199,4	205,0	211,9	207,1	181,9	187,0	184,5	186,6	168,3	165,7

Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитетінің деректері негізінде есептелген

Республика бойынша хлықтың жан басына шаққандағы ең жоғары деңгей орташа деңгеймен салыстырғанда, екі мұнай өндіретін өңірлер мен елдің ірі қалаларында шыққан: Атырау (183%), Маңғыстау (150,5%) облыстары, Алматы (165,7%) және Астана (191,6%) қалаларында. Орташа республикалық деңгейінен төмен (75-тен 100%-ға дейін) орташа жан басына шаққандағы ақшалай кірістер Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан мен Шығыс Қазақстан облыстарының хлықтарында, орташа республикалық деңгейінен 75%-дан аз - Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында (3-кесте).

Одан басқа, хлықтың кірістер саласының күйі туралы қоғамның әлеуметтік-экономикалық дифференциациясының дәрежесін

көрсететін көрсеткіштер мен индикаторларға қарап айтуға болады, олардан асып кету әлеуметтік жіктелуінің күшеюіне және қоғамдағы тұрақтылықтың төмендеуіне әкеледі. Ең жиі қолданылатындарға келесілер жатады: кірістердің шоғырлану коэффициенті (Джини индексі), 10% көбірек және 10% азырақ қамтамасыз етілген халықтың және кедей халықтың үлесіне кіріс дифференциациясының коэффициенті.

Осы әлеуметтік индикаторлардың сандық мәндері. Халықаралық ұйымдарымен қоғамның әлеуметтік дамуы үшін ең тиімділері сияқты танылған, келесіден аспауы тиіс: кірістің шоғырлану коэффициенті – 0,250-0,260. Джини индексінің 0,4-0,5 аралығындағы мәні қоғамдағы кірістер бойынша елеулі теңсіздіктің индикаторы болып есептеледі; кірістер дифференциациясының децилді коэффициентінің – 8-7 есе.

4-кесте. 10 пайыздық (децилді) топтар бойынша Джини коэффициенті, индексі

	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016
Қазақстан Республикасы	0,309	0,288	0,267	0,278	0,290	0,284	0,276	0,278	0,278	0,278
Ақмола	0,338	0,274	0,252	0,266	0,284	0,276	0,267	0,277	0,270	0,268
Ақтөбе	0,342	0,302	0,269	0,271	0,278	0,275	0,259	0,261	0,269	0,244
Алматы	0,297	0,273	0,227	0,263	0,246	0,254	0,245	0,247	0,255	0,257
Атырау	0,235	0,222	0,200	0,215	0,234	0,213	0,206	0,213	0,219	0,228
Шығыс Қазақстан	0,286	0,258	0,253	0,251	0,255	0,279	0,284	0,267	0,263	0,260
Жамбыл	0,251	0,232	0,195	0,221	0,248	0,236	0,217	0,225	0,221	0,221
Батыс Қазақстан	0,307	0,282	0,264	0,269	0,291	0,307	0,289	0,287	0,292	0,293
Қарағанды	0,310	0,262	0,247	0,257	0,258	0,260	0,268	0,269	0,254	0,255
Қостанай	0,278	0,226	0,228	0,226	0,255	0,240	0,225	0,223	0,210	0,202
Қызылорда	0,251	0,251	0,159	0,180	0,180	0,174	0,194	0,203	0,210	0,186
Маңғыстау	0,240	0,227	0,223	0,210	0,213	0,203	0,202	0,197	0,194	0,204
Павлодар	0,287	0,260	0,248	0,250	0,266	0,257	0,227	0,224	0,226	0,233
Солтүстік Қазақстан	0,284	0,262	0,250	0,267	0,296	0,296	0,285	0,287	0,269	0,280
Оңтүстік Қазақстан	0,308	0,291	0,272	0,275	0,285	0,283	0,281	0,280	0,284	0,279
Астана қ.	0,326	0,355	0,288	0,291	0,272	0,238	0,231	0,232	0,224	0,219
Алматы қ.	0,308	0,285	0,235	0,240	0,259	0,246	0,250	0,250	0,271	0,286

Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті

Кірістер бойынша салыстырмалы теңсіздік Солтүстік Қазақстан

(0,280), Батыс Қазақстан (0,293), Оңтүстік Қазақстан (0,279), Ақмола (0,268) және Ақтөбе облыстарында (0,259), сондай-ақ Алматы (0,286) байқалады (4-кесте).

Халық кірістерінің әлеуметтік-экономикалық дифференциация деңгейі олардың өсу аясында сақталатынын белгілеп өткен жөн. Біресе едәуір дәрежеде жоғары табысты топтардың кіріс өсуі болғанын куәландырады, өйткені осы топтардың кіріс өсімінің абсолютті көлемі халықтың төмен табысты топтарының кіріс өлшемдерінен өсіп кетуінен әжептеуір асады.

Өңірлік саясат мемлекеттік жоспарлаудың бір қатар құжаттарымен реттеледі және анықталады, олардың иерархиясы өңірлік даму бойынша озық тәсілдерді ендіру бойынша тұтас әрі жүйелік жұмысты жүргізуге мүмкіндік береді.

Өңірлік саясат саласында нормативтік-құқықтық актілердің эволюциясы мемлекет тиісті тарихи сәтінде өңірлік саясатта жасаған акценттерді тоғыстырып түсінуге мүмкіндік береді.

2009 жылға дейін, жоспарлау жүйесі шыққанша әр облыс әртүрлі салалар мен сфералар бойынша жеке өңірлік бағдарламаларды әзірледі, мемлекеттік жоспарлау жүйелері құрылғаннан бастап жалпы республикалық салалық бағдарламалар әзірлене бастады (қазіргі үкіметтік бағдарламалар).

Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу үшін қазіргі уақытта бір қатар стратегиялық пен бағдарламалық құжаттар іске асырылып жатыр, олардың біреуі **Елдің 2020 жылға дейін аумақтық-кеңістіктік дамуының болжалды схемасы** болып табылады. Болжалды бағдарламаның мақсаты – әр өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану негізінде өңірді тұрақты дамыту үшін жағдайлар жасау.

Аумақтық-кеңістіктік дамуының негізгі мақсаттары:

- 1) экономикалық өсу орталықтарын құру;
- 2) халықты жеке орналастырудың тиімді жүйесін құру ;
- 3) өңірлердің бәсекеге қабілетті экономикалық мамандануын дамыту;
- 4) өңірлік инфрақұрылымды нығайту;
- 5) ел халқының тұрмыс деңгейін жоғарылату бойынша жағдайларды жасау;
- 6) экологиялық жағдайды сақтау және жақсарту.

Елдің тиімді аумақтық-кеңістіктік дамуының негізгі тәсілдері:

- 1 тәсіл. Аумақтық шоғырландыру мен басқарылатын кент-

теу негізіндегі баланстанған даму. Осы тәсілдің шеңберінде өндірістік пен еңбек ресурстарының өсу нүктелерінде аумақтық шоғырландыруды ынталандыру арқылы баланстанған дамуды қамтамасыз ету мақсаты қойылған.

Өсу полюстары ретінде ең қарқынды дамып жатқан және жаһандық пен өңірлік нарықтармен біріктірілген және елдің қалған өңірлері үшін дамудың «локомотивтері» ретінде шығатын қалалар мен өңірлер шығатын болады.

Қазақстанның аумақтық дамуы дамудың жергілікті аумақтарда шоғырлануы және солар арқылы ел мен оның өңірлерін жалпы әлемдік шаруашылық процестерге қосуы тиіс. Елдің алдында аумақтың балансталған дамуына және өңірлерде шоғырландырылған экономикалық кеңістіктің ареалдары мен нүктелерін құруына, оларда халықтың қолданбалы экономикалық тығыздығына біртіндеп қол жеткізіп, ауысу міндеті тұр.

2 тәсіл. Хабтық және сәулелі принциптер негізінде макроөңірлік даму.

Болжалды схемаға сәйкес, Қазақстан Республикасын аумақтық-кеңістіктік ұйымдастыру үшін негіз ірі қалаларда дамудың нақты алғышарттары бар жаңа экономика болады. Бұл ел экономикасының басым салаларында жоғары технологиялық өндірістерге бағытталған кластерлерді құру мен дамытуды болжайды, мұндай кластерердің кенттелген өңірлерде шоғырландырумен.

Агломерациялық даму қала дамуын белсендіру есебінен қамтамасыз етілетін болады. Оған агломерацияларды қолдау себепші болады, олардың ішінде аумақтардың түйінді ресурстар шоғырландырылған: қаржылық, адами, инновациялық, табиғи-экологиялық, мәдени. Агломерациялардың құрылуы сапалы демографиялық пен аумақтық-кеңістіктік өсуді қамтамасыз ете алатын, Қазақстанның халықтың тығыздығы төмен аумақтық ұйымының түйінді нысаны болады.

Аумақтық-кеңістіктік даму белгілі дәрежеде өңірлерде дамыған көліктік-логистикалық инфрақұрылымға байланысты. Сондықтан көліктік-логистикалық инфрақұрылымның дамуы хабтар принципі бойынша микроөңірлерді құру шеңберінде іске асырылатын болады, бұл негізгі жүк ағындарын тартуға және өңірлік кескінде өсу нүктелерінде менеджмент пен терминалды инфрақұрылымды дамытуға бағытталған көліктік-дистрибуциялық торапдың дамуын болжайды.

Микроөңірлерді құру шеңберінде бірінші кезекте хаб-қалаларды құру мақсаты қойылған – бұл Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе және Өскемен қалалары.

Хаб-қалалар капиталды, ресурстарды және озық технологияларды шоғырландыру орталықтары болады. Хаб-қалаларында әлемдік классының қызметтер саласы, соның ішінде адами капиталды даярлау бойынша қызметтер саласы дамығаны қажет. Бұл қалалар еуразиялық кеңістіктің шеңберінде мегаполистермен бәсекелесетін болады.

Хаб-қалалар артық халықты сіңіріп алуға және халықтың тезделігнен кенттенуіне жағдай жасауға арналатын болады.

Қолданыстағы салалық бағдарламаларды тиімдендіру мақсатында 2014 жылы бірыңғай **2020 жылға дейін өңірлерді дамыту бағдарламасы** (бұдан әрі - Бағдарлама) қабылданған, бұл бағдарламаға «Өңірлерді дамыту», «Моноқалаларды дамыту», «Ақ бұлақ», «ТКШ жаңғырту», «Қолжетімді баспана 2020» бағдарламаларының ережелері, сонымен қатар шағын қалаларды дамыту бағдарламасының жобасы біріктіріліген.

Бағдарламаның негізгі мақсаты елдің рационалды аумақтық ұйымдастыруын құру, экономикалық өсу орталықтарында халық пен капиталдың шоғырлануын ынталандыру арқылы өңірлердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін дамыту үшін жағдайларды жасау болып табылады.

Сонымен қатар, экономикалық өсу орталықтары болып 1-ші деңгейлі қалалар белгіленген (агломерациялар – Астаналық, Алматылық, Шымкенттік, Ақтөбелік), 2-ші деңгейлі қалалар (облыстық орталықтар және Семей, Түркістан ққ.), 3-ші деңгейлі қалалар (моно- мен шағын қалалар), тірек ауылдық елді мекендер мен шекара бойындағы аумақтар.

Бағдарлама шеңберінде қоршаған ортаның, тұрғын үй қорының, коммуналдық пен көліктік инфрақұрылымның күйін жақсартуды қоса алғанда, халықтың өмір сүру қолайлы жағдайларын қамтамасыз ету; халықты ауыз суымен және су бұру қызметтерімен тиімді әрі рационалды қамтамасыз ету; халық үшін баспаның қолжетімділігін әрі қарай жоғарылауын қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту мәселелерін кешенді шешу бойынша іс-шаралар іске асырылады.

Дегенмен, бұл құжатта, негізінен, дамудың қазіргі жағдайы мен мүмкін перспективалар қарастырылады, дегенмен қалыптасу

кезендерімен тарихи байланысты елдің қалалық агломерацияларының ерекшелігіне назар аз аударылады.

Шыңында, агломерациялау процестеріне назардың төмендеуі жалған кенттеу феноменіне және қалаларда жалпы әлеуметтік үйлесімсіздігіне әкеледі. Халықтың агломерациялық орталықтарында қалалық инфрақұрылымның дұрыс дамуымен нығайтылмаған, еңбек қосу салаларының болмауымен сүйемелденетін тым шоғырлануы (әсіресе Алматы мен Шымкент сияқты), Қазақстанда агломерациялау процесстерінің теріс сценарий бойынша дамуына әкелуі мүмкін.


Қолданыстағы өңірлердің 2020 жылға дейін даму бағдарламасы негізінен инфрақұрылымдық сипатты болып келеді, бұл бағдарламада Қазақстан Республикасының өңірлік саясатының өзінің өзара байланысқан механизмдерімен түйінді басымдылықтары жеткіліксіз көрсетілген. ӨДБ қолданыстағы механизмдері өңірлік саясаттың негізгі миссиясын толығымен ашпайды: үйлеспеушілікті барынша азайту үшін баланстанған даму, соның ішінде барлық аумақтарда өмірдің лайықты деңгейін қамтамасыз ету.

Моно және шағын қалалар

Қазақстанның қарқынды дамып келе жатқан экономикасы жағдайында қалалардың тұрақты даму мәселелері ерекше маңыздылыққа ие болады және оларды шешу өңірлердің баланстанған дамуының маңызды құрауышысы болады.

Қазақстанда 87 қала бар: 2 республикалық маңызы бар қала, 47 аудандық маңызы бар қалалар және 38 облыстық маңызы бар қалалар (14 облыс орталықтарын қоса алғанда). 2016 жылдың басында қалалық халықтың жалпы саны 10 066 544 адамды құрады, кенттену деңгейі 57 пайызға жетті.

Қазақстанда кенттену процесі әркелкілігімен сипатталады. 1990 жылға дейін қалалардың үлкен өсімі байқалды. 1991-2001 жж. кезеңі ішінде Қазақстан халқының саны 9,1%-ға төмендеді, сонымен бірге қалалар негізінен шығу тектері ресей мен неміс қала тұрғындарының өздерінің тарихи отандарына эмиграцияға бола және халықтың төмен табиғи өсіміне бола шамамен 930 000 адамды жоғалтты (1-сурет). 2001-2002 жж. бастап қалалық халық санының өсуі жалғасты, төмендеу 2008 жылы болды (кенттену деңгейі - 53,1%), содан соң қалалық халықтың біртіндеп өсуі байқалды. Қазіргі уақытта кенттену деңгейі өсудің жоғары қарқындарын көрсетеді. Жұмыспен қамту үшін мүмкіндіктердің жеткіліксіздігі және ауылда өмір сүрудің төмен деңгейі ауыл тұрғындарының қалаларға ағып келуіне әкелді.



1-сурет. Қазақстанның қалалық халқы санының динамикасы, млн. адам

Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті

Елде кенттену процесі шағын қалалар мен ауылды елді мекендерде халық санының қысқару есебінен ірі мен үлкен қалаларда халық санының өсуімен сипатталады.

ҚР «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңына сәйкес, қалалар мен басқа елді мекендер республикалық маңызы бар қалаларға, облыстық маңызы бар қалаларға, аудандық маңызы бар қалаларға бөлінеді.

Әкімшілік-аумақтық бөлінумен қатар Өңірлерді 2020 жылға дейін дамыту бағдарламасында моноқалалар мен шағын қалаларды белгілейді. Сонымен бірге, Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалаларында орталықтары бар агломерациялар «бірінші деңгейлі» қалалар, облыс орталықтары, сонымен қатар ірі экономикалық және мәдені орталықтар болып табылатын, өндірістік пен әлеуметтік инфрақұрылымдары дамыған Семей мен Түркістан қалалары «екінші деңгейлі» қалалар; экономикалық даму және халық санының өсу перспективалары бар моно қалалар мен шағын қалалар «үшінші деңгейлі» қалалар болып табылады. Біздің ойымызша, моно мен шағын қалалардың даму перспективаларына ерекше назар аударған жөн, оларға толығырақ тоқтайық.

Моноқалаға жатқызу критерийі бір немесе бірнеше қала қалыптастыру кәсіпорындардың болуы, мономамандану және оған байланысты көбінесе қала қалыптастыратын кәсіпорындарында жұмыспен қамтылғандық болып табылады. Моноқалалар санатына халық саны 10-нан 200 мың адамға дейін қалалар қосылған. Моноқалаларға 27 қала жатқызылған.

Қазіргі уақытта елдің моноқалаларының көбісінде, негізінен қала қалыптастыру кәсіпорының немесе басым саланың күйіне байланысты мәселелер кешені пайда болды. Өндіріс көлемдерінің төмендеуі, қала қалыптастыру кәсіпорындарының жартылай немесе толық тоқтауы моноқалаларда әлеуметтік-экономикалық жағдайдың едәуір нашарлауына әкелді. Халықтың моноқалалардан миграциялық ағып кетудің негізгі себептері - бұл жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамтушылықтың жоғары деңгейі, халықтың төмен ақшалай табыстары, білім алуға ұмтылыстары.

Шағын қала – халық саны 50 мың адамға дейін қала. Қазақстанда бүгінгі күні 41 шағын қала бар.

Қазақстан Республикасының шағын қалаларының негізгі мәселелері экономикалық базаның шектелгендігі және білікті кадрлар мен инвестицияларды тарутдағы тиімсіз бәсекелес позициялар; өнеркәсіптік кәсіпорындарының көбісінің технологиялық артта қалушылығы, негізгі қорлардың жоғары тозу деңгейі, еңбек ету орындарының жетіспеушілігі және жұмыссыздықтың өсуі; ауылды халқын жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін жұмыс орындарына ұсыныстардың болмауы, өте қолайсыз демографиялық жағдай – жастардың ірі қалаларға миграциясы, халықтың табиғи азаюы, денсаулық сақтауды дамытудың төмен деңгейі; әлеуметтік-мәдени саласын дамытудың жеткіліксіз деңгейі және индустриалды инфрақұрылымдық нысандарын дамытудың төмен деңгейі болып табылады.

Одан басқа, моно- мен шағын қалалардың көбісі үшін аумақтың едәуір бөлігінің ластануы нәтижесінде қалыптасқан ауыр экологиялық жағдай, су ресурстарының тапшылығы тән, кейбір қалаларды депрессивті сияқты сипаттауға болады. Орташа мерзімдік пен ұзақ мерзімдік келешекте әлеуметтік-экономикалық мәселелердің асқынуы теріс салдарға әкелуі мүмкін.

«Қазақстан қалалары экономикасының негізгі мәселесі көп бейінді қалалардың (моноқалалардың) басым болуы және шағын қалалардың елдің экономикалық дамуына төмен үлесі болып табылады» деп айтатын сарапшылармен келісуге болады¹. Шынында да, облыстық маңызы бар, облыс орталықтары болып табылмайтын қалалардың өнеркәсіптік өндірісінің көлемі 2016 жылы 1 911,4 млрд. теңгені немесе республика бойынша өнеркәсіптік өндіріс көлемінің

¹ Талдамалы баяндама 2013/03. Орталық Азиядағы кенттену: сын тегеуріндер, мәселелер және перспективалар. Ташкент 2013

10% құрады, шағын қалаларда өнеркәсіптік өндірісінің көлемі республикалы көлемнің 0,5%-нан аспайды.

Моно мен шағын қалалардың экономикасын жаңғырту механизмдері бұрын Моноқалалардың 2012-2020 жж. арналған даму бағдарламасында, ал содан соң Өңірлердің 2020 жылға дейін даму бағдарламасында қабылданған, бірақ әзірленген шаралар күткен нәтижені берген жоқ, мысалы, индустриализация бағдарламасының құралдарын қоса алғанда, «зәкірлік» инвестициялық жобаларды іске асыру, шағын мен моноқалалардың ұзақ мерзімді диверсификациясы. Одан басқа шағын қалаларды кешенді дамыту жоспарлары әзірленді, мұнда қала дамуының ұзақ мерзімді көрінісі, шағын мен орта бизнесті дамыту және экономиканың диверсификация бағыттары; тиімді жұмыспен қамтылғандықты жоғарылату; инфрақұрылымды дамыту бойынша шаралар қарастырылған. Өкінішке орай, осы кешенді жоспарларда қарастырылған шағын қалалардың экономикасын дамыту механизмдерінің барлығы істеп кеткен жоқ және күткен нәтижені берген жоқ.

Қазіргі уақытта қуатты миграциялық процестердің әсерімен шағын қалалардың халық санының төмендеуі болып жатыр, қалалық агломерациялардың қалыптасу және өсу процестері де шағын қалаларға әсер етіп жатыр.

Өңірлерді 2020 жылға дейін дамыту бағдарламасында «үшінші деңгейлі» қалаларды (шағын мен моноқалаларды) дамыту бойынша келесі шаралар қарастырылған:

1) кәсіпкерлікті дамыту бағдарламалардың шеңберінде экономиканың диверсификациясы және шағын мен моноқалаларда шағын мен орта бизнесті дамыту;

2) шағын мен моноқалалардың инфрақұрылымын дамыту.

Мемлекеттік қолдау саясатының механизмдері шағын мен моноқаланың әлеуетіне (жоғары, орташа, төмен әлеует) байланысты дифференцияланған. Экономикалық әлеуеті төмен шағын мен моноқалаларға инфрақұрылымды өмір сапасы стандартының ең төмен қажетті деңгейінде ұстау үшін Бағдарламаның ағымдағы бюджетінің шегінде қолдау көрсетілетін болады. Орташа және жоғары әлеуетімен шағын мен моноқалаларға олардың әлеуеттерін жоғарылату мақсатымен Бағдарламаны дамыту бюджетінің шегінде нысаналы қолдау көрсетілетін болады.

Шекара бойындағы аумақтар

Өңірлердің 2020 жылға дейін даму бағдарламасына сәйкес, шекара бойындағы аумақтар өңірлер деңгейінде экономикалық өсу

орталықтары болып келеді. Бұл бағдарламада шекара бойынша аумақтар деп мемлекеттік шекарадан 50 км дейін арақашықтықта орналасқан елді мекендер мен әкімшілік-аумақтық құрылымдардың аумақтары түсініледі. Мұнда негізгі назар шекара маңындағы аудандардың ірі қоныстардың әкімшілік маңыздылығын жоғарылатуға, перспективтік елді мекендерді - шекара маңындағы ынтымақтастықтың түйінді нүктелері мен оларды дамыту шараларын анықтауға, шекара маңындағы ынтымақтастық бекеттерін дамыту және жайластыруға, экономиканың диверсификациясына және шағын мен орта бизнесті дамытуға аударылған. Дегенмен халықтың шекара маңындағы аудандардан байқалатын кетуі шекара маңындағы аудандарды дамытудың негізгі бағыттарының жеткіліксіз іске асыруын көрсетеді.

Ауылдық аумақтарды дамыту және құрылысы

Ауылдық елді мекендер (бұдан әрі – АЕМ), ал жай айтқанда ауылдар (селолар) әрқашан ауыл шаруашылығын дамытуымен үздіксіз байланысты негізгі бақылау, зерттеу объектісі ретінде қарастырылған.

«Қазақстан-2050» стратегиясында басым бағыттардың бірі ауыл шаруашылығын, әсіресе, ауыл шаруашылығы өніміне өсіп отырған жаһандық сұраныс жағдайында ауқымды жаңғырту белгіленген, бұл өз кезегінде ауылдық аумақтардың да жаңғыртуын айтады².

Қазақстан аграрлық-индустриалдық ел ретінде әрқашан өзінің ауыл шаруашылығындағы бәсекелестік артықшылықтарын қолдануға тырысқан, мысалы, Қазақстанның ауылшаруашылық алқаптарының жалпы көлемі 177,8 млн.га құрайды, соның ішінде жайлымдар - 146,9 млн. га, егістік пен тыңайма жерлер - 26,7 млн. га, шабындықтар - 4,2 млн.га³. Ең үлкен экспорттық әлеует өнімнің келесі басым түрлері бойынша бар, оның ішкі тұтынуы қазіргі уақытта толығымен өз өндірісімен қамтамасыз етіледі: сиыр еті, қой еті, шошқа еті, сондай-ақ ысртқы нарықтарда жоғары сұранысқа ие

² «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті - Ел Басы Н.Ә. Назарбаевтің Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 14 желтоқсан 2012 жыл

³ Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 14 ақпандағы №420 Жарлығы

өнімдер бойынша: астық, майлыдәндер, картоп және оларды қайта өңдеу өнімдері (органикалық өнімді қоса алғанда).

Жоғарыда аталған басымдылықтардың жетістіктері іс жүзінде ауылдық аумақтардың құрылыстарының бір қатар мәселелерімен қабатталады. Мәселе барлық материалдық объектілерді шектелген аумақта жерге сұраным өскен, ауылшаруашылық кәсіпорындардың (шаруа қожалықтар) саны өсіп, көлемдерін азайған жағдайларында, ауылда өмір жағдайларын жақсарту және экономиканы қарқындату қажеттілігі жағдайында орналастыру жолдарын іздеуде қамтылған⁴.

Ауылдық аудандардың аумағында материалдық объектілердің көп санын - ауылдық қоныстарды, зауыттарды, темір жолдарды, электр беру желілерін және т.б. орналастыруға тура келеді, бұл ауылдық аумақтардың құрылысы бойынша мәселелердің ерекше маңыздылығы туралы айтады.

Жерреформаларының нәтижесінде ауылшаруашылық кәсіпорындардың (шаруа қожалықтарының) саны бірнеше есе өсті, ал олардың өлшемдері кішірейген. Жер пайдалану жүйесінің барлығы өзгерді және басқа мәселелер пайда болды, ауылшаруашылық кәсіпорындардың шарорталықтарын жеке орналастыру суреті өзгерді. Ауылдардың бір бөлігі сусыз қалды, бір бөлігі құлдырап кетті, басқаларында шаруалар тұрғын үйлерге тым жақын өздерінің сиыр қоралары мен шошқа қораларын орналастырады. Ауылшаруашылық кәсіпорындардың жер пайдаланушылықтарының бір бөлігінде жолдаға шығу жолдары жоқ, электр беру желілері, су таратқыштары жоқ.

2016 жылдың 1 қаңтарда тіркелген ауылшаруашылық өнім өндірушілерінің саны – 13 186 заңды тұлғаны, 184 608 шаруашы қожалықтарын құрады, 1999 жылмен салыстырғанда шаруа қожалықтарының саны 2 есе өсіп кетті (1999 ж. – 85 081)⁵.

Ауылдық аумақтардың мәселелерін шешуге әрқашан жоғары назар аударылған, бұл әртүрлі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды іске асырумен расталады.

Өткен жылдар ішінде Қазақстанда өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерін теңестіруге бағытталған өңірлік саясатының екі Концепциясы іске асырылған. Одан басқа, ауылдық аумақтарды 2004-2010 жылдарға арналған дамыту бағдарламасын, 2004-2006 жылдарға арналған шағын қалаларды дамыту

⁴ Спектор М.Д. Аумақтарды дамыту және орналастыру// Монография-Астана, Фолиант, 2010, 312б

⁵ Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы 2011-2015, 1999ж. Статистикалық жинақтар.

бағдарламасын, елдің 2015 жылға дейін аумақтық дамуының стратегиясын іске асыру жүргізілген. Сонымен қатар, қазіргі уақытта бір қатар бағдарламалық құжаттар да қабылданған және әрекет етеді, соның ішінде ретелетін бағыттарда өңірлік дамудың жеке аспектілерін қоздыратын әлеуметтік, индустриялық-инновациялық, агроөнеркәсіптік даму және басқа салалардағы мемлекеттік пен үкіметтік бағдарламалар.

Жалпыласак, онда жалпы ауылдық аумақтрадың келесі мәселелері бар:

- жеке орналастырудың рационалдық емес схемаларымен ауырлатылатын, ауылдық халықтың артық еңбек етуі;

- ауылдық жерде ауыз сумен қамтамасыз ету, ол негізгі екі себептен туындайды: сумен жабдықтау жүйесінің бұзылуы және беткі мен жерасты суларының ластануының жоғары деңгейі;

- автомобиль қатынасының, жол мен жол маңындағы инфрақұрылымның дамуы;

- экологиялық мәселелер, соның ішінде табиғи ресурстарды қарқынды игеру, көмірсутекті шикізатты барлау мен шығару нәтижесіндегі топырақтың ластану мәселесі;

- агробизнес саласындағы мәселелер кешені - ауылшаруашылық дақылдар үшін егін алқаптарының диверсификациялаудың жеткіліксіз қарқындылығы, төмен еңбеккөнімділігі, ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді тиімсіз пайдалану, кеңес берілген ғылыми-негізделген ауыспалы егістерді сақтамау, тұқым шарушылығын жеткіліксіз дамуы, АШТӨ техникалық пен технологиялық жабдықталғандығының төмен деңгейі, негізгі ауылшаруашылық дақылдарының жоғары есме өнімділігі, АШТӨ көбісі үшін субсидиялардың төмен қолжетімділік дәрежесі және басқ.

Ауылдық аумақтардың көптеген мәселелерінің кешенді шешімі іске асырылып жатқан Өңірлердің 2020 жылға дейін даму бағдарламасында белгіленген. Сонымен бірге тірек аулды елді мекендерді қоса алғанда, ауылдық аумақтарды дамыту шеңберінде келесі бағыттар бойынша шараларды іске асыру болжануда:

- 1) аудан орталықтарын және тірек АЕМ дамыту;

- 2) ауылдық округтарының орталықтарын, аулдыр мен кенттерді дамыту;

- 3) даму әлеуеті жоғары және орташа басқа АЕМ дамыту;

- 4) ауылдық жердің кадрлық әлеуетін жоғарылату;

- 5) жергілікті өзін-өзі басқаруды қаржылай қолдау.

Өңірлерді 2020 жылға дейін дамыту бағдарламасының

мәтінінде (2014 жылы қабылданған) әлеуметтік-экономикалық даму мониторингінің нәтижелері бойынша 6672 АЕМ есептелген, олардың ішінде 7,7 млн. адам тұрады деп көрсетілген. АЕМ жалпы санынан 1229 дамудың жоғары, 4938 - орташа, ал 478 - төмен әлеуетіне сәйкес келеді. Сонымен бірге АЕМ жартысынан көбісі аз санды болып табылады және оларда ауылдық тұрғынадырының бар болғаны 8,9 % тұрады. Орталықтандырылған сумен жабдықтауға ауылдық халықтың 79 % ғана қол жеткізе алады, ал жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының 27 % күрделі жөндеуді талап етеді.

Осылайша, барлық АЕМ 81 % орташа және төмен әлеуетке сәйкес келеді және жағдай нашарлайтын болған жағдайда, әлеуеті орташа АЕМ әлеуеті төмен мәртебесіне түсіп кетуі мүмкін, бұл өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын қиындатып, азаматтардың онсыз да жоғары емес әл-ауқаттарын бұза алады.

Сонымен қатар өңірлік кескінде мемлекеттік жоспарлау жүйесінің түйінді құжаттарның бірі **Аумақтарды дамыту бағдарламасы** болып табылады, мұнда мақсаттарға қол жеткізу, нақты аумақта Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғарыда тұрған құжаттарында белгіленген мәселелерді шешу жолдары айтылады, аумақтың әлеуметтік-экономикалық даму әлеуетінің бағасы беріледі, бесжылдық кезеңнің соңына қарай нысаналы индикаторлар көрсетілген аумақтың дамуының ақырғы мақсаттары анықталады.

АӨК экономиканың маңызды секторларының бірі болып табылады, ол еліміздің азық-түліктік пен экономикалық қауіпсіздігін, сондай-ақ ауылдық аумақтардың еңбек пен қоңыстаушы әлеуетін қалыптастырады. Сөйтіп, малшаруашылық өнімнің өндірісінде 2015 жылы жеке қосалқы шаруашылықтардың (бұдан әрі - ЖҚШ) үлесіне өндірістің жалпы көлемінің ет бойынша 62%, сүт бойынша - 80%, жұмыртқа бойынша - 26% келіп тұр. Сиыр еті өндірісінің жалпы көлемінің 6% субсидиялаумен қамтылған. Сонымен бірге, сиыр еті өндірісі көлемінің 70% субсидияланбайтын ЖҚШ-ға келіп тұр⁶.

Ауылдық аумақтарды дамытудың және ауыл шаруашылығының өнімділігін жоғарылатудың құралдардың бірі кооперативтерді құру

⁶ Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 14 ақпандағы №420 Жарлығы

болып табылады. Президенттің 2017 жылғы 31 қаңтардағы Жолаудында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев ауылшаруашылық кооперацияны дамыту қажеттілігін белгілеп өтті. Нақты айтқанда, бес жылдың ішінде 500 мыңнан аса үй шаруашылықтары мен фермерлік кооперативтерді біріктіру үшін барлық жағдайларды жасау қажет. Бүгінгі күннің үлкен мәселесі - ауылшаруашылық өнімдерінің көбісін ұсақ фермерлер өндіреді, бұл шаруа мен үй шаруашылықтары. сүт пен ет өнімдері өндірісінде 80%-ды жеке қосалқы шаруашылықтардың үлесі құрайды. Бұл ұсақ фермерлерді кооперативтерге біріктіру қажет.

«Ауылшаруашылық кооперация туралы» Заңға сәйкес үлгілер әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, фермалар ауылшаруашылық өнімді бірлесе, жерді, техниканы қолданып өндіру, несие алу үшін біріге алады. Олар бірге сүт қабылдау бекетін, мал жемдеу кешенін немесе мини-қойманы ұйымдастыра алады. Кооперацияның мұндай объектілері кооперация мүшелерінің меншігі болады. Бұл бұрын өндірушінің өзіне тиесілі табысты «алып қойып» жүрген дедалдарды алып тастауға мүмкіндік береді. Осының есебінен сақтау, қайта өңдеу және сату жүйесі дамуы мүмкін.

Кооперативтерге бірігу есебінен ірі тауарлық ауылшаруашылық өндірістер дамуы мүмкін. Одан басқа, бұл инфрақұрылымды өндірушіден тұтынушыға дейін дамытуға, қайта өңдеу кәсіпорындарының қуаттарын жүктеуді өсіруге, өндірушінің өзінің кірісін көбейтуге мүмкіндік береді⁷.

Қазақстан Республикасында жергілікті өзін өзі басқаруды дамыту концепциясына сәйкес аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің деңгейінде жергілікті өзін өзі басқару деңгейі мемлекеттік бюджеттің 4-ші деңгейі сияқты 2018 жылдан бастап халық саны екі мың адамнан жоғары әкімшілік-аумақтық бірліктерде, ал 2020 жылдан бастап - бүкіл жерде ендіріледі. Мұнда әнгіме 0,5 мың әкімшілік бірліктер туралы болып жатыр. Жергілікті өзі өзі басқарудың коммуналдық меншігі мен дербес бюджетті ендіру, бюджеттік процесс пен коммуналдық меншікті басқарудағы жергілікті өзін өзі басқару органдарының өкілеттіліктерін кеңейту қарастырылады. Еліміздің Президенті “Бес институционалдық реформаларды іске асыру бойынша 100 нақты қадам” Ұлт жоспарының аясында аудандық маңызы бар қалалардың және ауылдық округтарының

⁷ http://bnews.kz/ru/special/modernizatsiya_30/view-chno_poluchit_fermer_ot_obedineniya_v_selhozkooperativi

деңгейінде жергілікті өзін өз басқарудың дербес бюджетін ендіруді тапсырған⁸.

Ауылдық аумақтардың жалпы құрылыс мәселелері қайшылықтар сериясы арқылы ашылуы тиіс. Қайшылықтар әдетте басты, негізгі мен негізгі емес, сыртқы және ішкі болып бөлінеді. Ауылдық аумақтар құрылысы мәселесінің басты қайшылығы жаңа экономикалық формацияның өндірістік күштерін орналастыруға қойылатын талаптар мен ескі (жоспарлы) экономикаға тиесілі қалыптасқан құрылыстың арасындағы қайшылықтар болып табылады.

Негізгі қайшылықтарға келесілерді жатқызуға болады:

- ауылшаруашылық кәсіпорындар мен шаруа қожалықтарының қалыптасқан, кейдежүйесіз орналасқан жер пайдаланушылықтарының, бір жақтан, және оларды инженерлік коммуникацияларға, су көздеріне және басқ. қатысы орналастыруға қойылатын талаптар, екінші жақтан;

- экономиканың заманауи талаптары мен әлеуметтік инфрақұрылымның жұмыс істеуі арасында, бір жақтан, және нақты орналастыру мен жол сапасы (басқа инженерлік коммуникациялар) арасында, басқа жағынан;

- шаруа қожалықтардың жер пайдаланушылықтарының нақты орналасуы мен олардың шаруашылық орталықтарын орналастыру бойынша жоспарлардың болмауы арасында және басқ.

Ауылдық аумақтардың құрылысы мәселелерінің шешімдерінің бірі ауылдық ауданның аумағында жолдарды, электр беру желілерін, су таратқыштарын, байланыс желілерін, суару арықтарын қамтитын **коммуникациялар дәліздер** жүйесін - желісін құру туралы ұсыныс болып табылады. Мұндай дәліздердің айналасында шаруашылық орталықтары мен ауылдық қоныстар салынады, мұндай дәліздерге шаруа қожалықтары мен ауылшаруашылық кәсіпорындардың барлық жер пайдаланушылықтары шығады (жалғасады). Коммуникациялар дәлізін құру жүктер мен адамдарды тасымалдау үшін негіз құруға және әлеуметтік инфрақұрылым желісін орналастыруға жаңаша қарауға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда шағын жинақты мектептер, фельдшерлік-акушерлік бекеттер және т.б. сияқты ұсақ объектілерді құру дәне тіпті дамыту қажеттілігі жоқ болады⁹.

1997 жылы әкімшілік-аумақтық реформаны жүргізу сәтінен бастап шамамен 20 жыл ішінде, республиканың әкімшілік-аумақтық

⁸ ҚР Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменовтің Мәжілістің пленарлық отырысында сөйлеген сөзінен, *Kazpravda.kz*. 18.01.2017ж.

⁹ Спектор М.Д. *Аумақтарды дамыту және орналастыру // Монография-Астана, Фолиант, 2010, 312б*

құрылымы жалпы жаңа жағдайларға бейімделді, және қазіргі уақытта ешқандай маңызды қиындықтарды көрмейді. Бірақ сонымен қатар өңірлік дамуға кедергі жасайтын әкімшілік-аумақтық құрылысының мәселелері мен шектеулерін анықтау және елді мекендерді өңірлік саясаттың басымдылықтарын ескере отырып, ауылдық және қалалық елді мекендерге жатқызудың жаңа критерийлерін әзірлеу маңызды болып қалады.

Қазақстан жағдайында қалыптасқан жеке орналастыру жүйесі жергілікті өзін өзі басқару бірліктерінің жеке орналасу типінің/масштабтарының әркелкілігімен, еліміздің аумақтарының көбісінде халықтың төмен тығыздығымен, елді мекендердің әкімшілік орталықтарынан дамуы мен көлік инфрақұрылымның тығыздығы әлсіз болған кезде алшақтығымен ерекшеленеді.

Қазақстанда өзінің әкімшілік мәртебесіне сәйкес келмейтін елді мекендер бар: 17 қала (қалалардың жалпы санының 13%), халық саны 10 мың адамнан асатын 35 АЕМ; халық саны 50 адамнан аз 403 АЕМ (АЕМ жалпы санының 6%). Мұндай АЕМ саны кенттену процесстерінің аяқталмаған салдарынан әлі өсіп жатыр. Әкімшілік-аумақтық бірліктер саны жергілікті әкімшіліктердің санына, сондай-ақ ауылдық округтардың әкімдер аппараттарының қызметкерлер санына әсер етеді. Сөйтіп, егер ірі ауылдық округқа 8 қашықтағы ауыл кірсе, онда функцияларды атқару және халыққа қызмет көрсету үшін әр елді мекенде іссапарға жіберілген қызметкер қажет.

Халық саны, жеке орналастыру ерекшеліктері және миграциялық ағындардың спецификасы халыққа көрсетілетін қызметтердің көлеміне, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің қажеттілігіне әсер етеді, сонымен қатар жергілікті атқарушы органдарының орташа және ұзақ мерзімді келешекте штат санын жоспарлаған кезде ескерілуі тиіс. Шаруашылық жүргізуші субъектілерінің саны және олардың салалыққатыстылығы салалық басқармалар мен бөлімдерге жүктеу жасайды.

Әкімшілік-аумақтық реформаларды және жергілікті өзін өзі басқару реформаларын жүргізу процесінде бюджетті үнемдеу және әкімшілік-аумақтық бірліктердің, әсіресе, ауылдық аумақтардың белгілі және жеткілікті саны болған кезде қол жеткізілетін әкімшілік-аумақтық бөлудің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік-аумақтық бірліктерді ірілетуге тырысудың арасында балансты табу маңызды.

Осылайша, өңірлік саясат мемлекеттің тіршілік әрекетінің аумақтық факторларын тиімді қолдануға және еліміздің тұрақты әлеуметтік-

экономикалық даму міндеттері мен стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін шаруашылық жүргізуге бағытталған жалпы саясаттың құрама бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасының өңірлік саясатының мақсаты халықтың тіршілік әрекеті үшін салыстырмалы түрде тең мүмкіндіктерді жасауды және әр өңірдің ресурстық-аумақтық әлеуетін еңбекті рационалды аумақтық бөлу мен аумақтық өзін-өзі басқаруды дамытудың принциптерін қалыптастыру негізінде ресурстық-өндірістік әлеуетін тиімді қолдануды қамтиды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті - Ел Басы Н.Ә. Назарбаевтің Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 14 желтоқсан 2012 жыл
2. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 14 ақпандағы №420 Жарлығы
3. Спектор М.Д. Развитие и устройство территорий// Монография. –Астана, Фолиант, 2010. – 312 стр.
4. Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы 2011-2015, 1999ж. Статистикалық жинақтар
5. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 14 ақпандағы №420 Жарлығы http://bnews.kz/ru/special/modernizatsiya_30/view-chto_poluchit_fermer_ot_obedineniya_v_selhozkooperativi
6. Из выступления Министра национальной экономики РК Тимура Сулейменова на пленарном заседании Мажилиса, Kazpravda.kz. 18.01.2017г
7. Спектор М.Д. Развитие и устройство территорий // Монография. –Астана, Фолиант, 2010. – 312 стр.
8. Аналитический доклад 2013/03. Урбанизация в Центральной Азии: вызовы, проблемы и перспективы. Ташкент, 2013
9. Өңірлердің 2020 жылға дейін даму бағдарламалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы №728 Қаулысымен бекітілген
10. Малые города в системе социально-экономического развития региона: современные тенденции и проблемы. Н.В. Зыкова, С.В. Хозяинова <https://cyberleninka.ru/article/n/malye-goroda-v-sisteme-sotsialno-ekonomicheskogo-razvitiya-regiona-sovremennyye-tendentsii-i-problemy>

ҒТАМР
12.79.51

Жанар Санхаева¹, Гүлназ Қасимова²

¹ Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының ғылыми қызметкері

² Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының ғылыми қызметкері

«ЗИЯТКЕРЛІК КӨШІ-ҚОН»: ЭМИГРАЦИЯНЫҢ ҮДЕРІСТЕРІ МЕН ФАКТОРЛАРЫ

Аңдатпа. Зияткерлік көші-қон мәселелері оқытылған және дайындалған мамандардың сыртқа кетуі тұрғысынан қаралатын болады. Сондай-ақ, мақала авторлары ішкі статистикалық көрсеткіштер мен халықаралық деректерге негізделген, «интеллектуалды көші-қонға» әсер ететін негізгі факторларды талдау жасаған.

Түйін сөздер: интеллектуалды эмиграция, еңбек эмиграциясының себептері, халықтың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты, еңбек нарығы.

Жанар Санхаева, Гүлназ Қасимова
«УТЕЧКА УМОВ»: ТЕНДЕНЦИИ И ФАКТОРЫ ЭМИГРАЦИИ

Аннотация. Вопросы интеллектуальной эмиграции будут рассмотрены в контексте оттока подготовленных и обученных специалистов. Также авторами статьи будут проанализированы основные факторы, влияющие на «утечку умов» на основе внутренних статистических показателей и международных данных.

Ключевые слова: интеллектуальная эмиграция, причины трудовой эмиграции, социально-экономическое самочувствие населения, рынок труда.

Zhanar Sankhaeva, Gulnaz Kasimova
BRAIN DRAIN: TRENDS AND FACTORS OF EMIGRATION

Abstract. The article deals with the «brain drain» issues and regards intellectual emigration in the context of the outflow of qualified professionals. The authors' analysis of the main factors affecting the «brain drain» process is based on through examination of the indicators found in the internally received statistical data and in the data available internationally.

Key words: *intellectual emigration, causes of labor emigration, socio-economic well-being, labor market.*

Зерттеу тақырыбы соңғы бірнеше жылда қазақстандық азаматтардың, әсіресе білімді және білікті мамандардың арасында сыртқа көші-қонның өсуіне байланысты, елдің адами капиталының сапасы туралы пікірталастардың өзектілігімен байланысты. Мұндай көрсеткіштер көшіп кетушілердің сапалық құрамына және оның еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына кері ықпалының болуына қатысты бірқатар сұрақтар туындатып отыр.

Осыған байланысты, мақаланың негізгі мақсаты Қазақстанның білікті тұрғындарының қоныс аударуы мәселесін зерттеу және көшіруге ықпал ететін проблемалық аспектілерді анықтау болып табылады.

Зерттеудің негізгі әдісі – зерттеу тақырыбына әсер ететін объективті себептерді анықтауға бағытталған сандық стратегия. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрілігінің статистика комитеті ұсынған негізгі көрсеткіштер бойынша статистикалық деректерге және де Дүниежүзілік банк, ЭЫДҰ, ҒӘЖ халықаралық баяндамаларында көрсетілген мәліметтерге қайталама талдау жүргізілді.

Заманауи мемлекеттің бәсекеге қабілетті артықшылықтарының қатарында экономиканың ерекше мәртебесін иеленіп отырған адами капитал елдің әл-ауқатының оң өсуі үшін маңызды орын алады. Қазіргі уақытта білім, біліктілік, ақыл-ой мен дағдылар заман талабына уақытылы жауап беруде маңызды факторлар болып табылады. Осылайша, жаһандану жағдайында интеллектуалдық көші-қон, «қабылдаушы елдер» үшін үлкен мүмкіндіктер ашып, «шығарушы» елдерге белгілі бір қауіп-қатерлерге жол беріп отыр.

Интеллектуалды көші-қон процестерін түсіну үшін, әлемдік үрдістер мен еңбек миграциясы динамикасын ескеру қажет.

Дүниежүзілік банктің «Миграция және шетелде жұмыс істейтін

азаматтардан келетін ақшалай түсімдер». Шығыс Еуропа мен бұрынғы Кеңес Одағы» атты есебінде миграциялық үдерістерге ықпал ететін мотивациялық факторлар елдің экономикалық және әлеуметтік детерминант айырмашылықтарына қатысы жоқ «қабылдамау және тарту» негізгі моделі арқылы түсіндіріледі. Көптеген жағдайларда, «бас тарту факторлары» ретінде сыртқа шығаратын елдердің экономикалық жағдайы, демографиялық қысым және жұмыссыздық сипаттары қарастырылады. Ал қабылдаушы елдер үшін «тарту факторлары» – жоғары жалақы, еңбек күшіне деген сұраныс және отбасымен қосылу болып табылады.


Көші-қон үрдістерінің негізгі сипаттамаларымен қатар, «2017 жылғы ЭЫДҰ жұмыспен қамту мүмкіндіктері» ЭЫДҰ зерттеуінің мәліметтеріне сәйкес, қазіргі көші-қон процестерінің динамикасына еңбек нарығындағы трансформацияның келесі үрдістері әсер етеді:

- технологиялық прогресс;
- еңбек нарығында жаһандану;
- кәсіби поляризация;
- деиндустрияландыру.

Сонымен бірге, осы мотивдер интеллектуалды көші-қонға ықпал етіп, нәтижесінде **«ақылдылардың сыртқа кетуінің» кәсіби өзі-өзі дамыту және өмір сүру жағдайына қанағаттанушылық** пен экономикалық қауіпсіздікті жақсарту сияқты екі негізгі факторды белгілейді.

Қазіргі таңда интеллектуалды капиталды тарту орталықтары болып табылатын **АҚШ, Германия, Қытай, Австралия** интеллектуалды капиталды иеленушілерді тарту үшін қолайлы және тартымды жағдайларға ие.

Қазақстанның жағдайында көші-қон үрдісі бір бағыттық болып қалуда, бұл статистикалық деректермен расталады. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің ресми деректеріне сәйкес соңғы 5 жылда (2012–2016 жж.) көші-қондың теріс сальдосының ұлғаюы байқалды (1-суретті қараңыз). Атап айтқанда, соңғы үш жылда сыртқы көшіп кету көшіп келу үрдісінен айтарлықтай басым болып отыр. Мәселен, 2016 жылға қарай ел аумағы бойынша аумақтық көші-қон көрсеткіштері теріс мәнмен 21 618 болды, бұл бүкіл бесжылдықтың ішінде көші-қон ағынын ең үлкен көрсеткіш болып табылады.



1-сурет. 2012–2016 жж. Көші-қон сальдосының өзгеру қарқыны

2017 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша мигранттардың негізгі бөлігі көрші ТМД елдеріне – 89% қоныс аударған (1-кестені қараңыз). Дегенмен, жетекші орынды негізінен **Ресей Федерациясы** алған, бұл барлық эмигранттардың 97% (12 977 адам) құрайды. Ал Армения мен Түрікменстан қазақстандықтарды қызықтырмайтыны байқалады (бірінші жартыжылдықта 2 адам көшкен). Сонымен қатар басқа елдер арасында көшіп келу үшін ең танымал бағыттар – Германия, АҚШ және Канада секілді әлемдік экономикадағы жетекші орындарға ие елдер. Қызығушылық танытпаған бағыттар – Иран мен Грузия болды (бірге 5 эмигрант).

1-кесте. Қазақстандықтар қоныс аударған негізгі 5 мемлекет

Елдер	Адам саны
Ресей	12 977
Германия	1 192
АҚШ	131
Беларусь	105
Өзбекстан	102

**ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің 2017 жылғы қаңтар-маусым айындағы мәліметтеріне сәйкес*

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша, **көшіп келушілердің негізгі бөлігі Орталық Азия аймағы елдерінен,**

сондай-ақ ТМД елдерін қоныс аударған. 2017 жылдың қаңтар-маусым айларында шетелдіктердің басым бөлігі Өзбекстан (2672 адамға), Ресей (2 200 адам), Қытай (1965 адам), Түркіменстан (240) және Моңғолия (181 адам) сияқты елдерден келді.

Елден кетушілер арасында ұлт индикаторы бойынша орыс ұлты өкілдерінің үстемдігі байқалған – қаралып отырған кезеңде барлығы 10 803 адам көшіп кетті. Сондай-ақ, үздік үштікке украиндықтар (980 адам) және қазақтар (613 адам) да кіреді, бұл елдің көші-қон саясатдағы қатерлі фактор болып табылатын.

Аймақтық тұрғыдағы эмиграция үрдісі жалғасуда. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің мәліметтері бойынша, соңғы екі жылда көшіп кеткендердің басм көпшілігі Қарағанды облысының тұрғындары арасында байқалған. Мәселен, 2017 жылдың бірінші жартысында аймақтан 2 439 адам кетіп, 84,8% (оның 2,068-і) Ресейге қоныс аударуды жөн көрді. Сондай-ақ Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарында эмигранттар үлесі жоғары болды. Қазақстаннан сыртқа көшкендер санының ең аз көрсеткіші Қызылорда облысына тиесілі, тек 22 адам ғана.

Көптеген жағдайларда Қазақстаннан тысқары жерлерде **тұрғылықты жерін өзгертуге және білім алуына** кетеді, кәсіби қызметіне бйланысты қоныс аудару өте сирек (2-кестені қараңыз).

2-кесте. Қазақстаннан тысқары жерге шығудың негізгі себептері, адам.

Тұрғылықты мекен-жайға	Еңбек келісімі бойынша	Білім алумен байланысты	басқа
361 511	959	1 334	15 974

**ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің 2017 жылғы қаңтар-маусым айындағы мәліметтеріне сәйкес*

Бұл жердегі соңғы екі фактордың интеллектуалдық эмиграция тұрғысынан тәуекелдігі басым, өйткені уақытша эмиграция білікті кадрлардың басқа елде тұрақты тұрғылықты көшіп кетуіне ұласуы мүмкін.

Мысалы, 2016 жылы Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті 2017 жылдың бірінші жартысы бойынша эмигранттар саны бойынша алғашқы үштікке

кіретін Шығыс Қазақстан облысындағы жастардың қоныс аударуы мәселесіне қатысты әлеуметтанулық зерттеу жүргізген (сауалнамаға қатысушылар саны 10–11 сыныптың біржарым мыңдай оқушысы мен 1200 ата-ананы құраған). Сауалнама нәтижесі бойынша **респонденттердің 50% басым бөлігі Қазақстаннан тыс аймақта білім алуға ниет білдірген.** Сонымен қатар, білім алуға баруға ниет еткендердің 30%, қайтып оралмайтындығын білдірсе, тағы 36% жауап беруге қиналған, яғни қоныс аударуы мүмкін топ құрамына кіріп отыр.

Қазақстан үшін мамандардың «кетуінің» маңызды көрсеткіші мен оған тән ерекшелігі қоныс аударушылардың басым бөлігінің **жоғары және орта арнайы білімі бар азаматтар болып табылуы** – 59,7% (3-кестені қараңыз). Осылайша, кәсіби дайындықтан өткен және білікті мамандар елден кетіп отыр.


Сонымен бірге білімі бар азаматтардың қоныс аударуы білімді адамдардың көшіп келуі көрсеткіші жылдамдығынан асып түседі. 2017 жылдың бірінші жартысында көші-қонның теріс сальдосы 5101 адамды құрады.

3-кесте. Білім деңгейі бойынша сыртқы миграция статистикасы, адам.

Білім деңгейі	Жоғарғы	Орта кәсіби (арнайы)	Жалпы орта	Негізгі орта
Көшіп келгендер саны (адам)	124 240	97 370	104 276	50 180
Көіп кеткендер саны (адам)	127 282	99 429	103 848	49 219

**ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің 2017 жылғы қаңтар-маусым айындағы мәліметтеріне сәйкес*

Сондай-ақ, кетіп жатқан мамандардың басым көпшілігі **техникалық, экономикалық және педагогикалық** сала қызметкерлері болып табылады (2-суретті қараңыз).



2-сурет. Мамандық бойынша эмиграция статистикасы, адам.

**ҚР ҰМ Статистика комитетінің 2017 жылғы қаңтар-маусым айындағы мәліметтеріне сәйкес*


Кәсіби тұрғыдағы эмиграцияның тұрақты үрдісі сақталып отырғанын атап өтуге болады. Осылайша, 2016 жылдың бірінші тоқсанындағы мәліметтерге сәйкес жоғарыда аталған кәсіптік бағыттар: техникалық (991 адам), экономикалық (568 маман) және педагогикалық (354 адам) жетекші орындарды иеленді. Сонымен бірге, «Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы» есебіне сәйкес 2016 жылдың басында педагогикалық кадрлардың қажеттілігі 1384 орынды құрады. Яғни, елден тысқары аймаққа мамандығына сұраныс бар халықтың білікті бөлігі қоныс аударып отыр.

Осылайша, өндірістегі, экономика саласындағы, сондай-ақ білім беру және денсаулық сақтау секілді әлеуметтік маңызды салалардағы кадрлардың жетіспеушілігіне қарамастан, Қазақстаннан білікті мамандардың кетуі жалғасуда.

Сонымен қатар, «ақылдың кетуін» анықтайтын теріс факторлардың қатарында негізгі еңбек ресурстары мен интеллектуалды капиталдың жоғалуын танытатын жастар эмиграциясын қарастыруға болады. Мысалға, **2016 жылы 25-39 жас аралығындағы жастар эмигранттардың жалпы санының 34,2% қамтыды**, бұл Қазақстан үшін айтарлықтай жоғалту болып саналады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен дайындалған «Қазақстан жастары – 2016» Ұлттық есебіне сәйкес, жастарды көшуге ынталандыратын негізгі үш себеп

әлеуметтік-экономикалық себептерге байланысты, олардың бірі жұмысқа орналасу мүмкін еместігі (3-суретті қараңыз).




3-сурет . Жастар миграциясының негізгі себептері, 2016 ж.

Осылайша, халықтың жұмысқа қабілетті бөлігінің қоныс аударуының келесі негізгі себептерін анықтауға болады:

➤ **Жұмыс жағдайларына қанағаттанбау.** Дүниежүзілік экономикалық форумда жарияланған «2015-2016 жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы есепке» сәйкес Қазақстан экономикалық дамуының салыстырмалы деңгейдегі басқа елдерден «сапалы жұмыс орындары», «жұмыс орнында даму мүмкіндігі», «біліктілігін көтеруге қолжетімдік» сияқты критерийлер бойынша артта тұр.

Сондай-ақ, талантты қызметкерлерді сақтау және тарту бойынша теріс қарқын байқалады (4-суретті қараңыз). Соңғы 2 жылда Қазақстан жұмыскерлерді тарту бойынша 9 позиция, ұстап қалу бойынша 5 позиция жоғалтты.



4-сурет. Соңғы 4 жылда талантты қызметкерлерді сақтау және тарту бойынша БЖИ рейтингінде Қазақстанның позициясы

Жалпы алғанда, Қазақстан еңбек қатынастарын заңнамалық реттеудің сипаттамаларын, сондай-ақ жалақы мен жұмыс уақытын белгілеудегі жалпы икемділікті, жалдау және жұмыстан босату тәжірибесін ескеретін «еңбек нарығының тиімділігі» санатындағы өз позициясын нашарлады. Егер 2015 жылы Қазақстан осы топта 18-орынға ие болса, онда 2016 жылы оның ұстанымы 2 сатыға төмендеп, 20 орынға түсті.

➤ **Еңбекақы деңгейінің төмен болуы** жоғары білікті мамандардың барынша «табысты орынды» іздестіру үшін елден кетуге ынталандырады. Қазақстандық көшіп келушілер үшін басым саналатын елдерде айлық жалақының ең төменгі мөлшері Қазақстанға қарағанда жоғары. Мысалы, Ресей Федерациясында 43 мың теңгеден астам (7800 рубль), Германияда – 580 мың теңге жоғары (1 498 еуро). Ал Қазақстанда болса ең төменгі жалақы 24 459 теңге, ал орташасы – 136 777 теңге.

➤ Кәсіпкерлік сектордан тарапынан **интеллектуалды капиталға/ғылыми-техникалық инновацияға деген сұраныстың болмауы** көп жағдайда өнім өндірудің жаңа әдістерін енгізудің кешігуіне әкеледі. Мысалы, 2016 жылы Қазақстанда 31 077 кәсіпорын өз қызметін жүзеге асырды, оның ішінде инновациялық қызметпен айналысатын 2 799 кәсіпорын тіркелді. Яғни, бұл мәселе бойынша белсенділік деңгейі 10% -ға жетпейді. Инновациялық қызмет бойынша Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстары басым, тиісінше 14,9% және 13,6% көрсеткен.

Осылайша, материалдық-техникалық және құрал-жабдықтар базасының әлсіздігіне орай қазақстандық еңбек нарығы техникалық бағыттағы мамандар үшін тартымды болмайды.

➤ Халықтың елден қоныс аударуына ықпал ететін **әлеуметтік факторларды** жеке алып қарастыру қажет.

– Шығыс Қазақстан облысының шәкірттері арасында жүргізілген жоғарыда айтылған зерттеуге сәйкес шетелде жоғары білім алуға негізгі ынталандыру **грант бойынша оқуға түсу мен мамандық бойынша жұмысқа орналасуға** мүмкіндік беретін көрсеткіштер болып табылады. Сонымен қатар респонденттер, шетелде кәсіби оқыту деңгейі Қазақстанға қарағанда жоғары деп санайды.

– «Қазақстан жастары – 2016» есебіне сәйкес, респонденттер жастарды шетелге көшіруге ынталандыратын алғашқы себептердің бірі **өздері үшін және балалар үшін келешектің болмауы**.

Көрсеткіш мысалдардың бірі ретінде 1-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі білім беру бойынша төмен пайыздық қамтылуы болып табылады. Сонымен қатар 2013–2017 жылдар кезеңінде халықтың мектепке дейінгі білімге деген сұранысының өсу динамикасы байқалады. Білім басқармасының мәліметтері бойынша, 2017 жылдың сәуір айында Астана қаласында мемлекеттік балалар бақшасында орын алғысы келетін 94 646 бала тіркелді (2013 жылы 73 мың бала, 2015 жылы 87 641 бала). Алайда, мемлекеттің ресурстары осы қажеттіліктерді толықтай қанағаттандырмайды. 2017 жылы мектепке дейінгі ұйымдардың саны сұраныстың тек жартысын ғана (балалардың 56,2%) қамтуға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары еңбекке қабілетті халық арасында **зейнетақы мәселесі жаңартылды**. Мысалы, Ресейде зейнеткерлік жас ерлер үшін 60 жастан, ал әйелдер үшін 55 жастан басталады. Ал Қазақстанда зейнеткерлік жас тағы да үш жылдан кейін келеді.

Бұл мәселенің экономикалық құрамдас бөлігін атап өту қажет. Батыс елдерінде зейнетақы төлемдері Қазақстанмен салыстырғанда айтарлықтай асып түседі, бұл жұмысқа қабілетті халықты шетелде жайлы қарттықта өткізуге ынталандырады. Осылайша, 2016–2017 жж. Германиядағы ең төменгі зейнетақы төлемдерінің бекітілген мөлшері 380 евро (немесе шамамен 140 мың теңге) құрады, бұл зейнетақы көлемінің өсуіне ықпал ететін қызмет өтелімі, жалақы мөлшері мен басқа да факторларды есептемегендегі көрсеткіш. Қазақстанда 2017 жылғы 1 шілдеден бастап ең төменгі зейнетақы мөлшері 40 950 теңгені құрайды.

Жалпы алғанда, көші-қонның теріс сальдосының өсу үрдісі жалғасып, 2017 жылдың бірінші жартысында еңбекке қабілетті халықтың эмиграциясының басымдығы байқалды. Сонымен қатар азаматтардың көпшілігі өздерінің тұрғылықты тұратын жерін өзгерту мақсатында елден кетеді, бұл, өмір сүрудің қолайлы жағдайларын іздеумен байланысты болуы мүмкін. Өйткені, Ресеймен қатар, қоныс аударуға ең танымал елдер Германия, Америка Құрама Штаттары сияқты дамыған елдер таңдалған.

Сонымен қатар, қоныс аударушылардың көпшілігі – жоғары және орта арнайы білімі бар азаматтар. Сонымен қатар, білімді халықтың көші-қонының теріс сальдосы тіркелген, бұл Қазақстан үшін интеллектуалды капиталды толтыру мүмкіндігіне қауіп төндіреді. Эмигранттардың басым көпшілігі қазақстандық еңбек нарығына сұранысқа ие мамандықтар бойынша мамандар: техникалық,

экономикалық және педагогикалық. Эмиграцияның негізгі факторлары еңбек жағдайларының қолайсыздығы және әлеуметтік қажеттіліктерге қанағаттанбаушылық болуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Миграция и денежные поступления от работающих за границей граждан. Восточная Европа и бывший Советский Союз: под ред. А. Мансура и Б. Куиллина. – Всемирный банк, 2007. – С. 23
2. OECD Employment Outlook 2017 – OECD Publishing, 2017. – С. 220
3. Быстряков А., Григорьева Е., Должников А., Леденева В., Пономаренко Е., Савенкова Е. Интеллектуальный капитал и интеллектуальная миграция в условиях глобализации [Текст]: монография. – Москва: Проспект, 2017. – С. 80 с.
4. ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеттің мәліметтері. – Астана. URL: <http://stat.gov.kz> (14-18 тамыз 2017)
5. Данные социологического исследования Восточно-Казахстанского государственного технического университета им. Д. Серикбаева. URL: <https://informburo.kz/novosti/utechka-mozgov-v-vko-pоловина-vypusnikov-uezzhaet-v-vuzy-rossii-i-nevozvrashchaetsya.html> (доступ: 18 августа 2017)
6. Национальный доклад «Молодежь Казахстана – 2016» . – Астана, 2016. – Гл. 1. – С. 143
7. Отчету о глобальной конкурентоспособности 2015–2016. – Всемирный экономический форум, 2015.
8. Данные Управления образование г. Астаны. – Астана. URL: <http://bilim.astana.kz/ru/article/-11> (доступ: 18 августа 2017)
9. Данные Министерства труда и социальной защиты Российской Федерации. – Москва. URL: <http://www.rosmintrud.ru> (доступ: 22.08.2017)
10. Данные европейского статистического агентства Eurostat. - URL: <http://ec.europa.eu/eurostat> (доступ: 22.08.2017)

ҒТАМР
06.81.23

Алуа Жолдыбалина

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының бөлім басшысы

АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ ТҮРҒЫСЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ

Аңдатпа. Мақалада статистикалық мәліметтер талдау жасау арқылы Қазақстандағы мектепке дейінгі білім берудің қазіргі кездегі жағдайы зерттелген. Сонымен бірге мектепке дейінгі білім берудің дамуының негізгі үдерістері сараланып, оның үздіксіз білім берудегі, өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен ағартуағы рөлі мен маңызы қарастырылған. Талдау барасында негізгі проблемалар айқындалып, осыған қатысты бірқатар ұсыныстар жасалынған.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі білім беру, аймақтар, мектепке дейінгі білім берумен қамту, балалар, мемлекеттік және жеке балабақшалар.

Алуа Жолдыбалина

ДОШКОЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА

Аннотация. В статье на основе анализа статистических данных изучено современное состояние дошкольного образования в Казахстане. Более того, проанализированы основные тенденции в развитии дошкольного образования, обозначена роль и значение ее в системе непрерывного образования, а также в воспитании и образовании подрастающего поколения. В ходе анализа также обозначены основные проблемы и предложены ряд рекомендаций.

Ключевые слова: дошкольное образование, регионы, охват дошкольным образованием, дети, государственные и частные детские сады.

Alua Zholdybalina
**PRESCHOOL EDUCATION IN THE CONTEXT OF
DEVELOPMENT OF HUMAN CAPITAL**

Abstract. In the article, based on the analysis of statistical data, the current state of preschool education in Kazakhstan was studied. Moreover, the main trends in the development of preschool education have been analyzed, the role and importance of it in the system of continuing education, as well as in the upbringing and education of the younger generation have been identified. The analysis also outlines the main problems and suggests a number of recommendations.

Key words: *preschool education, region, pre-school education, children, public and private kindergartens.*

Кіріспе

Мектепке дейінгі білім беру – үздіксіз білім беру жүйесінде маңызды және стратегиялық маңызды құрамдас бөлігі. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің тиімді жұмыс істеуі, 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды барынша қамту, қаржылық қолдау еліміздің балаларын одан әрі табысты оқыту мен тәрбиелеу үшін негіз болады.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім беру шығыны ЖІӨ-нің 0,5% құрайды, оның ішінде 75% мемлекет қаржыландырады, ал ЭЫДҰ елдерінде мектепке дейінгі білімнің орташа шығыны 0,8% құрайды. Алайда Норвегия мен Финляндия секілді Скандинавия елдерінде мектепке дейінгі білім беруге жұмсалатын қаржы ЖІӨ-нің 2% құрайды. Сонымен қатар, әртүрлі елдерде ЖІӨ-нің әртүрлі көлемдерін ескере отырып, мектеп жасына дейінгі 1 балаларға арналған шығындар да ерекшеленеді. Қазақстанда мектеп жасына дейінгі бір балаға жылына 2,900 доллар, ал ЭЫДҰ елдерінде – \$ 7,900 қаржы шығындалады. Болашақта Қазақстан сапалы білім беру мен тәрбиелеу, сондай-ақ балаларды мектепке дейінгі біліммен, әсіресе ауылдық жерлерде кеңінен қамту үшін мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамытуға тура келеді.

Жұмыстың мақсаты – қазақстандық адами капиталды дамыту контекстінде мектепке дейінгі білім берудің қазіргі жай-күйін зерттеу, негізгі үрдістерді анықтап, одан әрі дамытудың келешегін нақтылау.


Зерттеу әдістері. Зерттеу міндеттерін шешу үшін ақпараттық

талдаудың келесі ғылыми әдістері пайдаланылды: салыстырмалы талдау, жүйелік талдау, статистикалық зерттеу әдістері.


Зерттеу нәтижелері. Мектепке дейінгі білім берудің қазіргі жай-күйін талдау үшін 2006 жылдан бастап 2016 жылға дейінгі аралық уақыт таңдалды.

Мектепке дейінгі білім беру: статистикалық деректерді талдау

Соңғы 15 жылдағы статистикалық деректерді талдау 0 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың өсу үрдісін көрсетеді. Мысалы, 2001 жылы нәрестелер саны 200 000-нан асса, ал 2016 жылы жаңа туған балалар саны 400 мыңға дейін өсті (1-сурет). Бала туудың өсу тенденциясы мектепке дейінгі мекемелер санының өсуіне әсер етті және он сегіз жыл ішінде олардың саны 8 есе өсті, оның ішінде мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер де бар (2-сурет) [2].




1-сурет. 2006-2016 жж. Балалардың жас мөлшері бойынша саны



2-сурет. 2005–2016 жж. мектепке дейінгі мекемелер: түрлері мен меншік үлгісі бойынша

Мектепке дейінгі мекемелердің өсуінің оң динамикасына қарамастан, мектепке дейінгі білім берумен қамту, әсіресе 1 мен 3 жас аралығындағы жастар арасында төмен деңгейде. 2015 жылы «Қазақстан балалары» статистикалық жинағы мәліметтеріне сәйкес мектепке дейінгі білім берумен қамту 3-тен 6 жасқа дейін – 85,7% -ды, ал 1 жылдан 6 жылға дейін – **53,8%** құрайды. Сонымен қатар, мектепке дейінгі білім берумен қамтудың төменгі деңгейін ауылдық жерлерде (25,6%) байқауға болады. Бірақ 2017 жылы жарияланған білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы туралы Ұлттық есебіне сәйкес мектепке дейінгі білім берумен қамту **42,3%** құрайды, алайда бұл көрсеткіш те жеткілікті жоғары емес (3-сурет) [3].



3-сурет. 2005–2016 жж. Қала-ауыл кескіні бойынша мектепке дейінгі мекемелермен қамту

Сонымен қатар, мектепке дейінгі біліммен қамту бойынша аймақтық сәйкессіздіктер де бар. Мектепке дейінгі білім берумен қамтудың ең көп көлемі Қостанай (90,9%) және Қарағанды (87,2%) облыстарында байқалады. Мектепке дейінгі білім берумен қамтудың ең аз деңгейі Оңтүстік Қазақстан (44,3%), Маңғыстау (39,1%) және Алматы (38,6%) өңірлері үшін тән (4-сурет).

Мектепке дейінгі білім берумен қамтудың төмен деңгейі себептерінің бірі – балабақшалар санының жетіспеушілігі болып табылады. Қазіргі уақытта мемлекет 7 жылда 3000-нан астам балабақша салғанымен қатар, еліміздің бизнес құрылымындарын балалар мекемелерінің құрылысына тартуға тырысады.

Мектепке дейінгі дайындық деңгейіне мемлекеттік-жеке меншік әріптестік (МЖӨ) есебінен мектепке дейінгі білім беру жобаларының жеткіліксіз тиімді жүзеге асырылуы да теріс ықпал етіп отыр. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының мәліметтеріне сәйкес, кәсіпкерлердің көпшілігі сауда және қызмет көрсетумен айналысады. Сәйкесінше, қазіргі таңда бизнестің әлеуметтік саладағы МЖӨ жобаларын іске асыруға қатысу деңгейі төмен.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Қазақстандық МЖӨ Орталығының мәліметі бойынша, 2017 жылдың 10 мамырында Орталық МЖӨ 335 жобасы ішінен 43 келісім-шарт жасайды (МЖӨ келісім-шарттарының үлесі жобалардың жалпы санының 12,8% құрайды).

Мектепке дейінгі білім беру саласында жалпы сомасы 11 982,7 млн. теңгеге 19 келісімшарт жасалды, оның ішінде жобалардың басым бөлігі Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарында орналасқан. МЖӨ жобаларын іске асыруға бизнестің қатысуының төмен болуы себептерінің бірі – қысқа және орта мерзімді кезеңде әлеуметтік нысандардың табыстылығының төмен болуы. Екінші себеп – жергілікті атқарушы органдар тарапынан жиі тексерулер. Үшінші себеп – мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру үлесінің шағын болуы.

Мектепке дейінгі мекемелердің жетіспеушілігінен басқа, қызметкерлердің жетіспеушілігі, оқытушылар құрамының сапасы мәселесі де бар. Мектепке дейінгі мекемелердегі мұғалімдердің жалпы саны – 80 857 мұғалім. Олардың ішінде жоғары білімі бар – 49 295 мұғалім, орта білімі – 31 012 мұғалім. «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы барлары 34,9% (28,2 мың адам), ал біліктілік санаты бар оқытушылардың үлесі 44,7% құрайды. Біліктілік санаты жоқ педагогтар үлесі басым аймақтар – Қызылорда облысы (65,6%), Алматы облысы (55,8%), Жамбыл облысы (55,1%) [5]. Кадрлар тапшылығы – 2 428 мұғалімді құрайды, оның ішінде жоғары және бірінші категориялы оқытушылар жетіспейді. Жыл сайын мектепке дейінгі білім беру мамандығына мемлекеттік тапсырыс 240 бірлікке артады.

Жалпы алғанда, мемлекет тарапынан мектепке дейінгі білім берумен қамтуды ұлғайту, мұғалімдердің сапалық құрамын арттыруға қатысты қабылданған шаралар сапалы адами капиталдың дамуына

әсер етеді, сонымен бірге еліміздің саналы азаматын қалыптастыруға жағдай жасайды.

Халықаралық зерттеулерінің нәтижелері [6] көрсеткендей, мектепке дейінгі мекемелерге қатысқан балалардың мектептегі үлгерімі екі есе жақсы, және оқу орнын аяқтауы 40% жоғары болып отыр. Сондай-ақ, ол әлеуметтік қамсыздандыру мен қайта даярлауда 5% үнемдеуді береді, ал балалардың 88% заңға бағынатын азамат болады. Бұдан басқа, мектепке дейінгі білім беруге салынған 1 доллардың қайтарылымы 8 және одан да көп долларды құрайды. Мектепке дейінгі білім беруге салынған 1 доллар орта білімге қарағанда 3 есе, кәсіптік оқу бағдарламаларына қарағанда 8 есе артық тез ақталады.

Білімге инвестиция салудың экономикалық тиімділігі барлық жерде анықталады (зерттеулер экономикалық дамыған 20 елдің ішінде жүргізілген): мектепке дейінгі жастағы баланың дамуына салынған 1 доллар – 30 жастан кейін экономикалық тұрғыдан 10–16 есе өседі, ал бастауыш мектепте 6–8 доллар теңгерімді көрсеткен. Баланың білім деңгейіне инвестицияны қаншалықты ерте салынса, оның ересек жағдайындағы қызметінде экономикалық тиімділігі неғұрлым жоғары болады деп септелінеді.

Мектепке дейінгі білім беруді қамту және балабақшаларға деген кезекті төмендету механизмдерінің бірі – ірі кәсіпорындар мен университеттер жанынан мектепке дейінгі мекемелер – «корпоративтік балабақшалар» ашу болып табылады.

Бірқатар сарапшылар болашақта корпоративтік балабақшалардың, әсіресе қалалық жердегі маңыздылығын жоғары бағалайды. Мысалы, Швед парламентінің жанында өз балабақшасы бар, бірақ кішкентай балаларды қарау және корпоративтік балабақшаларды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетудегі халықаралық көшбасшы ретінде 1986 жылы құрылған америкалық Bright Horizons Family Solutions саналады.

Бүкіл әлем бойынша 1000 астам корпоративтік балабақша жұмысын басқарып отырған америкалық Bright Horizons компаниясының мағлұматтарына сәйкес жұмыс орнын таңдау барысында корпоративтік бақшаға өз балаларын жіберу мүмкіндігін қамтитын кеңейтілген жеңілдіктер пакетінің болуы қызметкерлердің 84% үшін айқындаушы фактор болып саналады [7]. Жұмыс беруші оларға нарықтың орташа деңгейінен әлдеқайда көп ақша төлеуге мұқтаж емес. Оның орнына, қызметкер алдындағы өз міндеттемелері тізбесін кеңейтуге болады. Мысалы, Силикон аңғарындағы Google кампусында 10 000 астам қызметкерлер өз балаларын күні бойы тегін тәрбиешілерге тапсыруға мүмкіндігі бар. Қазіргі уақытта, Ресейде «Единая Россия» саяси партиясы Ресей Федерациясының Білім және ғылым

министрлігіне үш жасқа дейінгі балаларды оқыту және тәрбиелеу тұжырымдамасын әзірлеуді және аймақтарда кәсіпорындар мен кеңселерден балалардың уақытша болу орындары – **корпоративтік балабақшалар ашу** тәжірибесін енгізу туралы ұсыныс жасады.

Сонымен қатар, еуропалық және жапон тәжірибесі көрсеткеніндей, балабақшалардың жетіспеушілігін бизнес орталықтарында балабақшалар ашу мәселесі арқылы шешуге болады. Атап айтқанда, Лондонның Сити ауданында осындай мекмелер бар, бірақ RD Group директорлар кеңесінің мүшесі Пол Корнилов мүшесі ретінде атап өткеніндей бизнес орталығында жеке салынған немесе оған жақын, бірақ бизнес орталығының бөлігі болып табылады.

Осылайша, мектепке дейінгі білім беру елдегі адами капиталды қалыптастыру мен дамытудың іргетасы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Национальные счета образования Республики Казахстан за 2015 год// http://ru.soros.kz/uploads/user_68/2016_10_11__03_18_40__489.pdf Дата обращения: 28 августа 2017 года.
2. Дети Казахстана: Статистический сборник. – Астана, 2017// http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/publicationsCompilations?lang=ru&_yafrLoop=6357274994228791#%40%3F_af_rLoop%3D6357274994228791%26lang%3Dru%26_adf.ctrl-state%3D14hpy6olr7_23 – С. 10. Дата обращения: 28 августа 2017 года.
3. Сол жерде. 44–45 бб.
4. Региональные образовательные системы: рейтинг регионов// <https://edu.gov.kz/storage/0a/0aef37c33ebd9787fa9b8188b44fc094.docx> Дата обращения: 28 августа 2017 года.
5. Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан. – Астана: АО «ИАЦ». – 2015. – 273 с. // <https://edu.gov.kz/storage/67/67e93862a658117966c40e9dfc421993.pdf>. Дата обращения: 28 августа 2017 года.
6. Robert Lynch and Kavya Vaghul. The Benefits and Costs of Investing in Early Childhood Education The fiscal, economic, and societal gains of a universal prekindergarten program in the United States, 2016-2050 // <http://equitablegrowth.org/report/the-benefits-and-costs-of-investing-in-early-childhood-education/>, Thomas van Huizen, Lisa Dumhs, Janneke Plantenga. A Cost-Benefit Analysis of Universal Preschool Education: Evidence from a Spanish Reform Utrecht University. - Research Institute Discussion Paper, Series 16–11 // <https://www.uu.nl/en/organisation/utrecht-university-school-of-economics-use/research/discussion-papers/discussion-papers-2016.:28.08.2017>.
7. Почему за корпоративными детскими садами будущее// <https://snob.ru/selected/entry/120648>. Дата обращения: 28 августа 2017 года.

ГРНТИ
04.71.31

Айгүл Есімова¹, Зульфия Валитова²

*¹Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты
(Шымкент қ., Қазақстан)*

*²Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(Қарағанды қ., Қазақстан)*

ЖАСТАР САНАСЫНДАҒЫ ЕЛ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ИМИДЖІ

Аңдатпа. Мақалада авторлар Шымкент қаласының студенттері құрастырған ментальді карталар, сондай-ақ елдің әрбір өңіріне қатысты ассоциациялар (сөздер) бойынша жүргізілген зерттеулердің нәтижелеріне талдау жасайды.

Ментальді карталарда облыстар, қалалар және өзге де нысандардың көріністері, сонымен қатар олардың орналасуы есептелген. Талдау көрсетіп отырғандай, ел аумағының негізгі репрезенторлары ретінде республикалық және облыстық маңызы бар қалалар қарастырылады. Облыстарға келетін болсақ, олар қалалармен салыстырғанда аз таны- мал болып шықты.

Ел өңірлерін образды түрде қабылдайтын болсақ, елдің өңірлерін образды тұрғыда қарастыра келе, «кеңістіктер» (ешқандай белгімен көрсетілмеген ел аумақтары) және «бұрмалаушылықтарды» (елдің негізгі географиясына сәйкес емес) байқауға болады.

Ассоциация (сөздер) мәселесіне келетін болсақ, студенттер өз өңірлеріне, сонымен қатар Астана және Алматы қалалары бойынша өздерінің анағұрлым көп ақпаратқа ие екендіктерін көрсетті. Өзге өңірлердің қабылдауы, ең алдымен, климаттық, индустриалдық және аграрлық сипатқа ие.

Түйін сөздер: *территориялық имидж, аймақ, образды түрде қабылдау, жастар, Қазақстан.*

Айгүл Есімова, Зульфия Валитова
ИМИДЖ РЕГИОНОВ СТРАНЫ В МОЛОДЕЖНОМ СОЗНА-
НИИ

Аннотация. В данной статье авторы анализируют результаты ментальных карт, а также ассоциации (слова) относительно каждого региона страны, составленные студентами г. Шымкента.

В ментальных картах были подсчитаны изображения областей, городов и других объектов, а также их размещение. Анализ показал, что основными репрезентаторами территории страны являются города республиканского и областного значения. Что касается областей, то они мало представлены в отличие от городов.

В образном восприятии регионов страны наблюдаются «пустоты» (территории страны, которые никак не обозначены) и «искажения» (несовпадения с реальной географией страны) в образном восприятии регионов страны.

В плане ассоциаций (слов) наибольшую информированность студенты продемонстрировали относительно собственного региона, а также г. Астаны и г. Алматы. Восприятие других регионов основывается, прежде всего, на климатических, индустриальных и аграрных представлениях.

Ключевые слова: *территориальный имидж, регион, образное восприятие, молодежь, Казахстан.*

Aigul Yessimova, Zulfya Valitova

IMAGE OF THE REGIONS OF THE COUNTRY IN THE YOUTH MIND

Abstract. In this article, the authors analyze the results of mental maps, as well as associations (words) regarding each region of the country, developed by the students of the city of Shymkent.

In the mental maps, images of regions, cities and other facilities were calculated, as well as their placement. The analysis showed that the main representatives of the territory of the country are cities of republican and regional significance. As for the regions, they are poorly represented in contrast to the cities.

In the figurative perception of the regions of the country, there are «gaps» (the country's territories that are not identified at all) and «distortions» (mismatch with the real geography of the country) in the figurative perception of the regions of the country.

Regarding the associations (words), the students were most informed about their own region, as well as about Astana and Almaty. Perception

of other regions is based, first of all, on climatic, industrial and agrarian insights.

Key words: *territorial image, region, figurative perception, youth, Kazakhstan.*

Соңғы жылдары аумақтық имиджі тақырыбы саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, географтар мен экономистер арасында басым қызығушылыққа ие. Қазіргі әлемде орын алып отырған жаһандану және ақпараттандыру жағдайында аумақтың (ел/аймақ) имиджі ұзақ мерзімді перспективаларды айқындайтын бағалы капитал болып табылады. Оң имиджді қалыптастыру және оны табысты тарату мен таныту ішкі (аумақтық қыстыру) және сыртқы (елдің беделі әлемдік деңгейде) әсерлерге ие. Басқа сөзбен айтқанда, аймақтың немесе тұтас бір елдің имиджін ілгерілетуші тетіктер мен арналарды айқын зерттеудің практикалық маңыздылығы өте зор. Мысалы, экономикалық тұрғыдан алғанда, оң имидждің қалыптасуына инвестициялар тарту, туристер және т. б. ықпал етеді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, имидждің мазмұндық сипаттамаларының қалыптасуына өңірлік ынтымақтастық динамикасы мен оның бағыты әсер етпек. Ел экономикасын әртараптандыру жағдайында, өңірлік бастамаларды жандандыру және аймақтардың бәсекелестігін арттыру оң имидждің қалыптасуына жағдайында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін күштің өңірдің позитивті имиджін қалыптастыру болып табылады. Елдік имидж саласындағы халықаралық сарапшы Саймон Анхольт 200-ден астам әлем елдерінде жүргізілген көпжылдық зерттеулер нәтижесінде қазіргі заманғы адамның саясаттан бастап, күнделікті, тұрмыстық қажеттіліктерге дейінгі барлық салалары имидждің қалыптасуына ықпал етеді деген тұжырымға келіп отыр. Оның пікірі бойынша, аумақтық имидждің негізгі құрамдас бөлігі экспорт, үкімет, мәдениет, адамдар, туризм, иммиграция/инвестициялар болып табылады [1].

Ақпаратты қабылдау кезінде заманауи адамдар көбінесе визуалды қалыпта болады, әсіресе, бұл сандық форматта көп әлеуеттенуге әуес жастарға қатысты. Әлем өзін көбінесе көріністер арқылы танытуда. «Образдар біздің әлемдік жетістігімізді қалыптастырады және тұрақтандырады. Біздің айналамызда көріністің жаппай сипатқа ие болуы біздің қоршаған ортаны өзіміздің образды стереотиптеріміздің призмасы арқылы бақылайтын болуымызға әкеліп соғары сөзсіз» [2, 7 б.].

Өмірлік тәжірибесінің аздығы және жастардың басым бөлігінде көші-қон тәжірибесінің жоқтығына қарамастан, олар өздерінің әлемді сандық сипатқа айналдыра алу қабілеттері арқылы өңірлік ерекшеліктерді тану мүмкіндігіне ие болып отыр. қалыптасып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында интернет-кеңістіктегі виртуалды «серуендер» жастарға ел өңірлері туралы өзіндік бір пікірге келуге көмектескен. Жастардың елдің өңірлік-аумақтық құрылымын тануы жаңа басталып келеді. Бір нәтижеге бағытталған имидждік өңірлік саясат қалыптаспаған жағдайда, олар жекелеген образдарды «қамтиды», және олар әр түрлі дерек көздерінен алынады.

Өңірлік имиджді зерттеу кезінде ментальді карталар тәсілін пайдаланудың эвристикалық маңызы зор. Ментальді карталардың негізін қалаушы американдық зерттеуші Кевин Линч болып табылады, ол XX ғасырдың 60 жылдарының өзінде-ақ Лос-Анджелес, Джерси-Сити және Бостон қалалары тұрғындарының қаланы ментальді қабылдау ерекшеліктеріне талдау жасаған. К.Линч қала тұрғындары үшін маңызы зор орындардың визуалды картасын құрастыруды және зерттеу бағытында жүргізілген сұхбатта қойылған сауалдарға жауап беруді сұраған. Зерттеу нәтижелері бойынша К.Линч «образды құру – бақылаушы мен бақыланушыны біріктіретін екіжақты үрдіс, образды күшейту мүмкіндігі бар, не бақылаушыны қайта үйретесің, не айналаны өзгертесің» деген пікір айтып кеткен» [3, 22].

2016 жылы Шымкент қ. осы мақала авторлары ментальді карталар әдісін пайдалана отырып әлеуметтік зерттеу жүргізді. Осы зерттеу аясында респонденттер елдің картасын өздерінің қабылдауынша, яғни өңірлерді өздерінің көзқарастары тұрғысынан маңызды деп танитын нысандар бойынша салу, сонымен қатар осы облыстарды сипаттайтын сөздерді ұсыну туралы тапсырма алды. Жүргізілген зерттеуде респонденттер ретінде 18 бен 22 жас аралығындағы жоғарғы оқу орындарының студенттері алынды (N=50, тандау кездейсоқ, ұяшық түрінде). Сауалнамаға қатысқандардың 74% ауылды жерлерде туғандар. Респонденттердің миграциялық белсенділігі өте төмен – сұрақтарға жауап берген студенттердің 34% өз облыстарының аумағынан тыс жерлерге ешқашан шығып көрмеген. Ал, өз аумақтарынан тысқары жерлерге барғандардың өзі, көбінесе Алматы қ. барыпты (сауалнамаға қатысқандардың 24%).

Ментальді карталар бойынша жасалған талдау салынған карталардың барлығының адами ойлау қабілетінің нәтижесі ретінде бірегей сипатқа ие екендігін көрсетіп отыр. Ортақ сипаттамаларды

анықтау үшін алдымен респонденттер тарапынан салынған облыстар есептелді (1-кесте). Бұл есептеулер студенттердің көзқарасынша облыстардың 3 типке бөлінетіндігін көрсетіп отыр, оларды шартты түрде «тірек», «шекаралас», «алыс» деп бөлуге болады.

1-кесте. Ментальді карталарда суреттелген облыстардың саны

№	Облыстың атауы	Суреттер саны
1	Оңтүстік Қазақстан	33
2	Шығыс Қазақстан	30
3	Батыс Қазақстан	29
4	Солтүстік Қазақстан	26
5	Жамбыл	17
6	Қызылорда	15
7	Маңғыстау	13
8	Алматы	12
9	Ақтөбе	11
10	Қарағанды	11
11	Қостанай	10
12	Ақмола	9
13	Атырау	9
14	Павлодар	8

«Тірек» облыстар ретінде біз Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарын анықтадық. Егер кесте деректеріне көз жүгіртер болсақ, олардың көріністерінің саны басқа облыстарға қарағанда анағұрлым көп екендігін байқауға болады. Бұл облыстардың атауы да тез жатталуы мүмкін, сонымен қатар олардың ел картасында орналасу ерекшелігі де есте сақтауға жеңіл.


Екінші типке «шекаралас» деген атау берілді, олардың қатарына Жамбыл және Қызылорда облыстарын жатқызуға болады. Бұл облыстар Оңтүстік Қазақстан облысын екі жақтан «қоршап» тұр. Дәл осы бағытта Оңтүстік Қазақстан облысын елдің өзге өңірлерімен байланыстырып тұрған көліктік магистральдар өтеді.

Үшінші тип – бұл «алыс» облыстар. Студенттер бұл облыстарды, тіпті, «байқамайды» да, бұл олар құрастырған ментальды картадан көрініп тұр.

Осылайша, студенттер өңірлік дифференциацияны фрагментті түрде қабылдайтындықтарын көрсетті.

Ментальды карталарға жасалған талдаулар респонденттер тарапы-

нан белгіленген қалалар санының суретте көрсетілген облыстар санынан анағұрлым көп екендігін көрсетті (1-сурет). 11 ментальді картада облыстардың шекаралары анық емес, аяғына дейін салынбаған, ал 9 картада бұл шекаралар мүлдем жоқ.



1-сурет. №45 ментальді карта

Ментальді көрініс, ең алдымен, маңызды нысандарды салатындығын айта кеткен жөн. Және бұл тұрғыдан қарағанда, респонденттер үшін анағұрлым маңыздырағы, ең бірінші, қалалар болып отыр (2-кесте).

2-кесте. Ментальді карталарда көрініс тапқан қалалар саны

№	Қаланың атауы	Суреттер саны
1	Шымкент	46
2	Астана	39
3	Алматы	35
4	Тараз	31
5	Түркістан	31
6	қарағанды	29
7	Семей	27
8	Ақтау	27
9	Павлодар	25
10	Атырау	24
11	Қызылорда	23
12	Ақтөбе	22

№	Қаланың атауы	Суреттер саны
13	Өскемен	18
14	Петропавловск	13
15	Қостанай	12
16	Орал	10
17	Көкшетау	10
18	Талдықорған	3

Карталарда көрініс тапқан қалалардың барлығы дерлік республикалық немесе облыстық маңызы бар екендігіне назар аудару қажет. Бұл қатарда тек екі қала ғана қарастырылмаған – Түркістан және Семей.

Қазақстандық қалалардың есте сақталу сипаттамасының сандық тұрғыда біркелкі болмауы бізге ментальді карталардың деректеріне сәйкес келетін белгілі бір құрылымды жасақтауға мүмкіндік береді. Тұрғылықты қала (Шымкент қ.) есептеу басталатын межелі нүкте ретінде қарастырылып отыр. дәл осы өзіндік тұрғыда ерекше нөлдік шақырымнан басқа «нүктелер» - қалаларға дейінгі қашықтық қарастырылады.

Анағұрлым көбірек көрініс тапқан қалалар (яғни, ең маңыздысы) – Астана және Алматы. Олар ментальді картаның «ядросы» іспетті.

Келесі деңгей – жақын қашықтықтағы қалалар – Тараз бен Түркістан. Бұл Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының көші-қон байланысының деңгейі өте жоғары қалалар болып табылады.


Олардан кейін біз «полуферия» деп атаған қалалар кетеді. Олардың суреттерінің саны 22 мен 29 арасында ауытқиды, яғни олар әрбір екінші респонденттің ментальді картасында көрініс тапқан.

Ең соңғы топ – бұл сипатталатын «периферия». Шымкенттік респонденттер үшін ондай қалалар қатарына Өскемен, Петропавл, Қостанай, Орал, Көкшетау және Талдықорған жатады. Бұл қалаларды респонденттердің аз ғана бөлігі атап өткен.

Облыстық және қалалық кеңістіктердің белгілерінің санын салыстыра отырып, облыстардың ментальді құрылымының қарапайым және аз мөлшерде «баса салынғандығын» айта кетуге болады. Ал, қалаларға тоқталатын болсақ, олар жақсы репрезентацияланады және облыстармен салыстырғанда белгілі бір өңірдің имиджін таратушы болып табылады.

Белгілі бір өңірлерге байланысты пікірлердің саны ғана емес, олардың картада орналасу реті де ақпараттық мәнге ие. Ментальді

карталар картографиялық дәлдікке ие емес, алайда олар анағұрлым анық және бірен-саран «бұрмалаушылықтар» студенттердің олар туралы ұғымдарының әр түрлі екендігін көрсетеді. Барлық карталарда дерлік «кеңістіктер» бар – яғни, респонденттер тарапынан мүлдем белгіленбеген өңірлер де бар. Бірқатар ментальді карталарда айтарлықтай «бұрмалаушылықтардың» бар екендігін байқауға болады. Сонымен, 29 картада елдің оталық бөлігінде Қарағанды облысы көрсетілмеген, ал Қызылорда облысы елдің ортасында белгіленген (3 карта) – 2-сурет), Өскемен қ. – солтүстікте (4 карта), Павлодар – солтүстік батыста (4). Жамбыл облысы солтүстік, Маңғыстау – шығыста, Қостанай – батыста орналасқан карталар да бар.



2-сурет. №15 ментальді карта

Ментальді карталардың әр түрлі бөлшектермен толтырылу деңгейі әр түрлі. Облыстар мен қалалардың белгілерінен басқа, студенттер су кеңістіктерін де салып көрсеткен. Әрбір екінші респондент Каспий теңізін салса, әрбір бесінші – Балқаш көлін салған. Тек 7 респондентте ғана Арал теңізі белгіленген. Бұдан басқа, барлық ментальді карталарға тән бір ерекшелік, оларда тау жүйелері мен өзендер көрсетілмеген.

Ментальді картада географиялық нысанның болуына ғана емес, оның мазмұндық толықтығына да айтарлықтай көңіл бөлінеді. Сту-

денттерге бірден ойға келген ассоциацияларды жазу туралы тапсырмалар берілді, яғни облыстарды атаған кезде ең алғаш ойға оралған нәрселер.

Ассоциативтік қатар деңгейі бойынша респонденттердің өздері тұрып жатқан облыс көшбасшы орынға ие болды. Ассоциациялардың жалпы санына шаққанда (106 атау) ең көбі жергілікті мекендердің атауына байланысты болып шықты, олардың саны 21. Жазбалардың арасында ең жиі кездесетіні Шымкент (9). Таралым көрсеткіші бойынша одан кейінгі орында тұрғаны, облыстың климаттық ерекшелігі болып отыр, яғни ыстық, ыссы деген сөздермен байланысты (19). Туған өңірдің имиджі эмоционалдық-оңтайлы сипатқа ие: *бақыт, қуаныш, байсалдылық, бұларлық барлығы жақсы, жылы жүзді, мейірімді адамдар*.

Имидждік сипаттамаларының мазмұндылығы бойынша келесі орында Астана қаласы (84 атау) және Алматы (87) тұр. Егер ел астанасы Бәйтерекпен (26) ассоциацияланса, Алматы – *Көктөбе* (12) және *Медеу* (12). Мұнда Астана және Алматы қалаларының Ақмола және Алматы облысы туралы түсініктермен анағұрлым жақын екендігін байқауға болады. Сонымен, Алматы облысы (51) Алматы қаласы секілді *Көктөбе* (8) және *Медеу* (9) ұғымдарымен ассоциацияланады. Ал, Ақмола облысы туралы айтқандау көпшілігі *Көкшетау* (1) емес, Астана (6) қаласын көрсеткен, ал *суықтан* басқа негізгі ерекшелігі ретінде *Бәйтерек* (8) көрініс тауып отыр.

Ассоциациялар саны ең аз өңірлер ретінде студенттер Шығыс Қазақстан (небары 17 атау) және Қостанай (небары 15 атау) облыстарын атап өтуге болады. Егер Қостанай облысы – *бидай* (3) болса, Шығыс Қазақстан – *Семей* (3) сөздерімен сәйкестендірілген (бұл ретте, ешкім Өскемен қаласын атап отырған жоқ).

Студенттер, көп жағдайда, облыстарды олардың индустриалдық және аграрлық базасына сәйкес ассоциацияландыратынын атап өткен жөн. Сонымен, Қарағанды облысы (барлығы 54 атау) – *көмір* (16 атау), Атырау – (барлығы 26) және Батыс Қазақстан облысы (барлығы 24) – *мұнай* (сәйкесінше, 11 және 7). Келесі стереотиптік сипат – климаттық ассоциациялар. Ақмола облысы (барлығы 44 атау), Солтүстік Қазақстан (35), Павлодар (27) қалаларын өңір студенттері суық сөзімен байланыстырады (сәйкесінше, 10, 21 және 6). Бұл секілді қарапайым және стандартты ассоциациялар өңірлердің студенттердің көзқарасы тұрғысынан алғандағы имиджін көрсетіп отыр.

Өңірлерге қатысты ментальді құрылымдарда «есімдер» де аз

көрсетілген. Студенттер келесі адамдарды атап көрсетті: Н.Назарбаев (Астана қ.) – 3 атау, С.Сапиев (Қарағанды облысы) және И.Ильин (Қызылорда облысы), бұлардың барлығын бір-бір респонденттер атап көрсетіп отыр. көріп отырғанымыздай, белгілі бір өңірлерде дүниеге келген атақты тұлғалардың есімдері өте аз. Респонденттердің Оңтүстік Қазақстан облысын – Шәмші Қалдаяқовтың немесе Қарағанды облысы – Қасым Аманжоловтың туған жері екендігін айтпағандары белгісіз? Яғни, бұл секілді танымал тұлғалар белгілі бір өңір емес, тұтас елдің тұлғалары іспетті, яғни бұл атаулар белгілі бір облыспен байланыста қалыптаспаған.

Мұндай тар ауқымды түсініктің болуының келесі бір себебі респонденттердің өмірлік тәжірибесінің аздығына байланысты, яғни олардың басқа өңірлердің тұрғындарымен кездесу, саяхат жасау мүмкіндіктері әлі бола қоймаған.

Егемендікке қол жеткізгеннен кейін Қазақстанда өңірлік саясатты жүргізу мәселесі маңызды орынға ие болды, оның негізгі мақсаты өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне байланысты теңсіздіктерді болдырмау болып табылады. Саяси-құқықтық құжаттардың белсенді түрде әзірленіп жатқандығына қарамастан, оны жүзеге асыру тиімді шараларды қажет етеді және бұл ретте экономикалық тұрғыла қарай аз болып табылады. Егер біз ел облыстары/өңірлері ықпалдасқандығын/шоғырландырылғандығын қалайтын болсақ, онда саясат, экономика және әлеуметтік саламен бірге имидж секілді танымдық ресурстыда ұмытып кетпегеніміз жөн. Аумақтар маркетингі қоғамдық өмірдің барлық салаларында дерлік перспективалы бағыт болып табылады.

Өңір имиджі – өңірлер арасында серіктестік байланыстар орнату, өңіраралық байланыстарды нығайту ісінде таптырмайтын ресурс болып табылады. Имидждік сүйемелдеуге негізделген әлеуметтік саяси шараларды жүзеге асыру өткізіліп жатқан іс-шаралардың маңыздылығын көрсетіп отыр. Дұрыс құрастырылған имидж өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрғыда өсуіне, өңірлік даму стратегиясы аясында әзірленген бағдарламалардың табысты жүзеге асырылуына ықпал етеді.

Өңірлерді ментальді қабылдауға байланысты жүргізілген әрі қарайғы зерттеулер әр түрлі көзқарас тұрғысынан қарағандағы ортақ құрылымды тануға мүмкіндік беріп отыр, яғни өңірлерге байланысты, оларды қабылдау ауқымының кеңдігі немесе тарлығына байланысты. Ментальді карталардың респонденттердің өңірлік сәйкестігінің

шектеулі сипатын көрсететіндігін есте ұстайтын болсақ, мұндай зерттеулер өңірлік және өңірлік стратификация феноменін тереңірек тануға көмек берері сөзсіз.

Жастардың санасында қалыптасып жатқан ментальді «бағыттар» алдағы уақыттарда нақты бір бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады (кейбірі қазірдің өзінде жүзеге асырылуда). Және олар өз бағытын өздерінің ментальді «шындығы» тұрғысынан қабылдайтын болады. Жоғарыда аталып өтілгендерді есепке ала отырып, жастар арасындағы ментальді «шындықтың» географиялық шындыққа деген көзқарастарын тереңдете түсетіндігіне назар аударған жөн. Әрине, бұл ретте жастардың географиялық сауаттылығын тереңдету және көліктік логистиканы дамытудың маңызы өте зор.

Берілген мақала ҚР БҒМ «Қазақстан өңірлерінің имиджін қоғамды шоғырландыру әлеуеті ретінде қалыптастыру» іргелі жобасы аясында әзірленді (2015-2017 жж., №5098/ГФ4).

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. GfK Custom Research // С сайта www.gfkamerica.com/about_us/html // Дата обращения: 30.05.2017 г.
2. Штомпка П. Визуальная социология, Фотография как метод исследования. – М.: Логос, 2007. – 168 с.
3. Lynch K. The Image of the City. – The M.I.T. Press. 1960.

ҒТАМР
06.58.55

Азамат Нұрсейітов¹, Надира Мырзағалиева²,
Малике Сағындықова³

¹ «Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы»
АҚ ғылым жөніндегі атқарушы директоры, экономика
ғылымдарының кандидаты, доцент,

² «Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы»
АҚ фронт-кеңсесінің атқарушы директоры, менеджмент
магистрі

³ «Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы»
АҚ фронт-кеңсесінің кіші талдаушысы, экономика магистрі

БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК АДАМИ КА- ПИТАЛДЫ ДАМУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Мақала білім беру және денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің рөлін қазіргі заман жағдайындағы адами капиталды даму призмасы арқылы қарастыруға арналған. Зерттеу шет елде, сол сияқты Қазақстанда МЖӘ құралын практика жүзінде қолданудың ерекшеліктерін анықтаудан тұрады. Халықаралық тәжірибені талдау көрсетіп отырғандай, көлік инфрақұрылымымен бірге, МЖӘ-ні қолданатын негізгі салалар білім беру және денсаулық сақтау салалары болып табылады. Авторлар Қазақстанның экономикалық саясатының түйінді элементі ретінде адами капиталды даму үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін пайдаланудың маңызын ашып көрсетті. Шет елдерде білім беру және денсаулық сақтау салаларында МЖӘ-ні қолданудың салыстырмалы талдауы жүргізілді. 2015 жылы қазанда Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңының қабылдануы жеке әріптестерге әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне рұқсат етуге мүмкіндік беріп, сол арқылы МЖӘ жобаларын іске асыруға, бәрінен бұрын, білім беру мен денсаулық сақтау салаларында, жеке инвесторларды тартудың жаңа бағытын жандандыруға жол ашты. Мақалада аталған салаларда қазақстандық МЖӘ жобаларын әзірлеудің және іске асырудың жекелеген мысалдары келтірілген. Осылайша,

авторлар отандық адами капиталды дамытуда жеке инвестицияларды тартудың жаңа құралы ретінде МЖӘ-нің артып келе жатқан рөлін негіздеді, білім беру және денсаулық сақтау салаларында МЖӘ жобаларын іске асыруда шетелдік және қазақстандық тәжірибенің басты ерекшеліктері анықталды. Талдау нәтижелері тиісті тақырыпта зерттеу жүргізу үшін пайдаланыла алады.

Түйін сөздер: адами капитал, білім беру, денсаулық сақтау, мемлекеттік-жеке иелік әріптестік, жобалар, инвестициялар.

Азамат Нурсейтов, Надира Мырзагалиева,

Малике Сагындыкова

ГОСУДАРСТВЕННО-ЧАСТНОЕ ПАРТНЕРСТВО В ОБРАЗОВАНИИ И ЗДРАВООХРАНЕНИИ КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА

Аннотация. Статья посвящена рассмотрению роли государственно-частного партнерства в сферах образования и здравоохранения через призму развития человеческого капитала в современных условиях. Исследование заключается в выявлении особенностей практического применения инструмента ГЧП как за рубежом, так и в Казахстане. Как показывает анализ международного опыта, основными сферами применения ГЧП, наряду с транспортной инфраструктурой, являются образование и здравоохранение. Авторами раскрыта важность использования механизма государственно-частного партнерства для развития человеческого капитала как ключевого элемента экономической политики Казахстана. Проведен сравнительный анализ применения ГЧП в сферах образования и здравоохранения в зарубежных странах. Принятие в октябре 2015 года Закона Республики Казахстан «О государственно-частном партнерстве» позволило допустить частных партнеров на объекты социальной инфраструктуры, тем самым активизировать новое направление привлечения частных инвесторов в реализацию проектов ГЧП, прежде всего, в образовании и здравоохранении. В статье приведены отдельные примеры разработки и реализации казахстанских проектов ГЧП в указанных сферах. Таким образом, авторами обоснована растущая роль ГЧП как нового инструмента привлечения частных инвестиций в развитие отечественного человеческого капитала, выявлены ключевые особенности зарубежного и казахстанского опыта в реализации проектов ГЧП в сфере образования

и здравоохранения. Результаты анализа могут быть использованы для проведения исследований соответствующей тематики.

Ключевые слова: *человеческий капитал, образование, здравоохранение, государственно-частное партнерство, проекты, инвестиции.*

Azamat Nurseitov, Nadira Myrzagalieva, Malike Sagyndykova
PUBLIC-PRIVATE PARTNERSHIP IN EDUCATION AND HEALTHCARE AS A FACTOR OF HUMAN CAPITAL DEVELOPMENT

Abstract. The article looks at the role of public-private partnership in education and healthcare through the prism of human capital development. The authors identify the specifics of the practical application of the public-private partnership both abroad and in Kazakhstan. As the analysis of international experience shows that the main spheres, along with the transport and infrastructure, are education and healthcare, the article is focused on them and contains the outcomes of the comparative analysis thereof.

The authors substantiate the importance of public-private partnership for the development of human capital as a key element of Kazakhstan's economic policy.

The 2015 the Law «On public-private partnership» allowed greater private involvement attracting private investors primarily in education and healthcare. The article describes a number of cases of the public-private partnership projects implemented in Kazakhstan in education and healthcare. Thus, the authors illustrate the growing role of public-private partnership as a new tool to attract private investments and reveal its importance for enhancement of domestic human capital.

Key words: *human capital, education, healthcare, public-private partnership, projects, investments.*

Кіріспе

Қазіргі заманның сын-тегеуріндері (жаһандану, білім экономикасы, жаңа технологиялар, үдемелі экологиялық проблемалар және т.б.) елдер мен ұйымдар арасында дамудың озық тәсілдерін іздеу, болып жатқан өзгерістерге бейімделу, өзінің бәсекелі басымдықтарын сақтау немесе арттыру қажеттілігін тудырады. Жаңа жағдайларда елдің не-

месе ұйымның тұрақты дамуы білімді қалыптастыру, тарату және пайдалану мүмкіндіктерінен көрініс табады, бұған іс жүзінде ұлттық байлықтың негізгі бөлігіне айналған, дамыған елдерде оның көлемінің 80-90%-ына дейін жететін құзыретті адами капиталды дамытпайынша қол жеткізу мүмкін емес [1].

«Адами капитал» (human capital) ұғымы бүгінгі таңда білім беру процесінде және адамның практикалық қызметінде алынатын зияткерлік қабілеттердің, білімнің, кәсіби маңызы ба құзыреттің, уәждің және моральдық-этикалық принциптердің жиынтығын білдіреді. Бұл ұғымды пайдалану мұндай капитал қорын түсетін пайдасы жеке тұлғаның табысын арттыруда оның еңбек өмірінің бойында іске асырылатын инвестициялар ретінде қарауға болатынымен түсіндіріледі [2].

Адами капиталды бүгінгі таңда адамның дамуына, оның білімін, білігін, қабілеттерін, дағдыларын кеңейтуге, саламатты өмір салтын қолдауға және денсаулықты нығайтуға салынатын ұзақ мерзімді инвестициялар призмасы арқылы қарастырады. XX ғасырдың 50-60-жылдары экономикалық көзқарас мәнмәтінінде пайда болған «адами капитал» идеясы адами капитал тұжырымдамасына елеулі үлес қосты, оның қайнар көзі ретінде экономист ғалымдар Теодор Шульц пен Гэри Беккер тұр [3, 4]. Олардың ғылыми еңбегінің арқасында XX ғасырдың екінші жартысында экономика ғылымында адами капиталға деген көзқарас түбегейлі өзгерді. Бұрын білім беру мен денсаулық сақтау саласына салынатын инвестициялар өнімсіз шығын болып есептелсе, қазір олар өнімді фактор ретінде, ал салынған инвестициялар жұмыскерлер мен олардың отбасыларының ғана емес, сонымен қатар жеке бизнес пен экономиканың мемлекеттік секторының да табысты дамуы үшін тиімді факторлар ретінде қаралды.

«Білімді халық – нәтижелі халық» – адами капитал теория-шылдарының пікірі осындай. Білім еңбекке деген туа біткен және жинақталған қабілеттердің, адамдарға және олардың денсаулығын қолдауға салынған инвестициялардың жемісі болып табылатын адами капиталдың когнитивтік қорының деңгейін ұлғайта отырып, жұмыскерлердің жасампаз еңбегінің өнімділігі мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Шын мәнінде, ақпараттық қоғам үстем болған кезде, білім жалдамалы жұмыскерлердің, жұмыс берушілердің және мемлекеттің табысын өсіру үшін іргетас ретінде қызмет етеді. Адами капиталға тән ерекшелік оны жинақтау мен дамыту мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар оның өсімін молайту мүмкіндігі болып табыла-

ды. «Адами капитал» ұғымын қазіргі заманға сай түсіну нәтижесінде экономист ғалымдар ғана емес, сондай-ақ саясаткерлер, қаржылық және іскерлік шеңберлер білім беру мен денсаулық сақтау саласына салынатын инвестицияларды табыс әкелетін келешегі зор капитал салымы ретінде қарастырады.

Қазақстанда адами капиталды дамытуға мемлекеттің экономикалық саясаты бағытталғанын атап өту қажет. «Адами капитал - бұл тұрақты эконмикалық дамудың негізгі және инновациялардың басты қозғаушысы екенін, сондай-ақ осы тұрғыда егеменді мемлекеттің саясаты қалыптасатынын анық түсінеміз» - деп есептейді Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев [5]. Сондықтан экономиканы жаңғырту, әртараптандыру және халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін адами капиталды дамытуға жасампаз еңбектің басты факторы ретінде елеулі мән беріледі, бұл «Қазақстан-2050» стратегиясынан [6], 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарынан [7], Әлемнің барынша дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру жөніндегі тұжырымдамалардан [8], басқа да бағдарламалар мен құжаттардан көрініс тапты.

Алайда халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін арттыру үшін олардың зияткерлік, физикалық, әлеуметтік және мәдени дамуы үшін қолайлы жағдай жасау талап етіледі. Сәйкесінше, мұндай міндетті орындау үшін дамыған инфрақұрылым қажет. Бірақ соңғы үш жылда экономиканың даму қарқындары төмендеген кезде, мемлекеттік инвестициялық мүмкіндіктері айтарлықтай қысқарды, бұл мемлекеттің жекешелік секторымен ұзақ мерзімді әріптестігін дамыту үшін негізгі пункт болды. Сондықтан экономикалық және бюджеттік саясатты іске асырудың тиімді құралы ретінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) танылған, ол Қазақстанда бастапқы уақытта бірінші кезекте әлеуметтік саланы (денсаулық сақтау, білім беру және т.б.) дамытуға бағытталған.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында нәтижелерді негіздеу үшін мынадай әдістер пайдаланылды: теориялық талдау және ғылыми әдебиетті жалпылау, абстрактілі-логикалық, жүйелік, компаративтік, сарапшылық, статистикалық және графикалық талдау тәсілдері.

Зерттеу нәтижелері және нәтижелерді талқылау

МЖӘ-нің әлемдік тәжірибесін талдау дамыған елдерде МЖӘ жобаларының құрылымында әлеуметтік ая салалары, бірінші кезекте, денсаулық сақтау және білім беру салалары жетекші орынға ие екенін көрсетеді. Әлеуметтік қорғау деңгейі айтарлықтай жоғары емес және халықтың өмір сүру ұзақтығы төмен дамыған елдерде инфрақұрылымды (жол құрылысы, энергетика, коммуникациялар және т.б.) дамытуға бағытталған МЖӘ жобаларын іске асыруға ерекше көңіл бөлінеді. Мұндай құрылым өте түсінікті, өйткені әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі жеткіліксіз елдерде инфрақұрылымды көтеруге негізгі екпін түсіріледі.

Еуропа елдерінде МЖӘ жобаларын іске асыру практикасын талдау көрсеткендей, білім беру мен денсаулық сақтау кей кездері қаржыландыру жағынан басқа салалардың және экономика салаларының жобаларына көшбасшылық тізгінін беріп қояды, бірақ одан кейін көшбасшылық қатарға қайтып оралады (1-сурет). Мысалы, жасалған келісімшарттардың негізгі көлемі 2012 жылы білім беру саласында болса, 2014 жылы жол құрылысы саласында, одан кейінгі жылдары қайтадан білім беру саласында болған [9].



1-сурет. 2012-2016 жылдардағы экономика секторлары бойынша Еуропадағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының құрылымы

Дереккөз: *Review of the European PPP Market in 2016.*

МЖӘ жобаларын іске асырудың жинақталған халықаралық тәжірибесін талдауға сүйене отырып, оларды қолданатын негізгі салалар ретінде:

- теміржол және автомобиль жолдарын, әуежайларды, туннельдерді және т.б. салуды, қызмет көрсетуді және пайдалануға енгізуді қоса, көлік инфрақұрылымын;

- мектептер салуды және оларға қызмет көрсетуді, қажетті коммуникациялармен жабдықтауды, сондай-ақ бірлескен білім беру жобаларына қатысуды қоса, білім беруді;

- медициналық қызметтерді, денсаулық сақтауды, осы салада жаңа технологиялар әзірлеуді және енгізуді, медициналық өнімдерді әзірлеуді қамти отырып, денсаулық сақтауды атап өтуге болады (2-сурет).



* Ұлыбритания, Германия, Италия, Канада, АҚШ, Франция, Жапония

** Аустралия, Аустрия, Бельгия, Грекия, Дания, Израиль, Ирландия, Испания, Португалия, Сингапур, Финляндия, Оңтүстік Корея

*** Болгария, Венгрия, Латвия, Польша, Румыния, Чехия

**** Бразилия, Гонконг, Үндістан, Мексика, БАӘ, Сауд Арабиясы, Чили

2-сурет. Экономиканың даму деңгейі әртүрлі елдердегі салалар бойынша МЖӘ жобаларының құрылымы

Дереккөз: Кузнецов И.В. Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің шетелдік тәжірибесі (АҚШ, Европа, Канада) // Экономика ғылымдары. – 2012. - № 8. -200 б.

Осылайша, МЖӘ жобалары жаһандық масштабта бірінші кезекте үш секторда жүзеге асырылады: білім беру, денсаулық сақтау, жол құрылысы. Келтірілген деректер МЖӘ көптеген елдерде мемлекеттік функцияларды іске асырудың маңызды әрі перспективалық бағыттарының бірі ретінде қабылданатынын көрсетеді. Алайда, МЖӘ-нің табысты дамуы қатысушылардың алдына қоятын мақсаттарына, болжамдардың дәлдігіне, институционалдық негіздің болуына және мемлекеттің МЖӘ-ні дамытуға деген ұмтылысына тәуелді. Әлемнің түрлі елдеріндегі денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы МЖӘ жобаларын іске асыру ерекшеліктерін және мемлекеттің оларды дамытуда ойнайтын рөлін қарастырайық.

Еуропада алдыңғы қатардағы және ең ірі МЖӘ нарығы Ұлыбритания болып табылады, ол 2016 жылы МЖӘ жобаларына жалпы сомасы 3,8 млрд. еуро инвестициялар тартты (алдыңғы жылмен салыстырғанда 1,4 млн. еуроға өскен). Бұл елде мәмілелер жабылған жобалардың саны 2015 жылы 15 мәміледен 2016 жылы 28 мәмілеге дейін өсті [9]. Бұл Ұлыбританияның мемлекеттік органдары әлеуметтік-экономикалық даму үшін МЖӘ жобаларының артықшылықтары мен кемшіліктерін басқа елдерден бұрын бағалай алғанымен түсіндіріледі. Лондондық доктарды қайта салу бойынша алғашқы маңызды МЖӘ жобасы 1981 жылы іске асырылған, ол кезде министрлер кабинетін «темір ханым», премьер-министр Маргарет Тэтчер басқарған болатын. Бұл жобаны табысты аяқтаудың арқасында «Жеке қаржылық бастама» бағдарламасы туындады (Private Finance Initiative, PFI), ол басқа елдерден мамандардың, талдаушылардың және сарапшылардың қызығушылығын оятты.

МЖӘ жобаларын Ұлыбритания Үкіметі экономиканың әртүрлі секторларында іске асырады. 1992-2011 жылдары PFI бағдарламасының әрекет ету кезінде жалпы сомасы 54,7 млрд. фунт стерлинг 700-ден астам жоба орындалды. Жобалардың көп бөлігі денсаулық сақтау және білім беру саласында іске асырылған - барлық жобалардың сәйкесінше 32%-ы және 24%-ы. МЖӘ келісімшарттарының көмегімен елде 800-ден астам мектеп, 70 аурухана салынған. Үкіметтің деректеріне сүйенсек, МЖӘ жобалары бюджеттік қаражатты 17%-ға дейін үнемдеуді қамтамасыз етеді [11, 68.].



3-сурет. Ұлыбританияның басқару органдары бөлінісінде РҒІ жобаларының құрылымы

Дереккөз: Ұлыбритания Үкіметінің сайты. URL: <https://www.gov.uk> (айналыс күні: 31.08.2017)

Ұлыбританияда МЖӘ-ні реттейтін арнаулы бейінді заңнамалық актілер жоқ екенін атап өту қажет. МЖӘ жобаларын іске асырумен байланысты қатынастардың едәуір бөлігі Еуропалық одақтың жария келісімшарттар туралы және жария қызметтер туралы директиваларымен, сондай-ақ осы директиваларға сәйкес қабылданған британдық заңнамамен реттеледі. Сонымен қатар, жылжымайтын мүлік, шарттар, конкурстық сауда-саттық, салық салу және т.б. туралы ұлттық заңнаманың жалпы нормалары ескеріледі [11, 70.]. Білім беру және денсаулық сақтау департаменттерінде өз салаларындағы МЖӘ жобаларын іске асыру тәсілдерін әзірлеумен айналысатын МЖӘ жөніндегі арнаулы бөлімдер құрылғаны жайлы маңызды тұсқа назар аудармасқа болмас.

Әлемдік қаржылық дағдарыс жағдайында Ұлыбритания РҒІ бағдарламасының аясында іске асырылатын жобаларға деген көзқарасты қайта қарап шықты. Оларды іске асыру тәжірибесі бағдарламаның кейбір ерекшеліктерінің баяу әрі ұзақ қаржыландыру процесінің, келісімшарттар жасасу кезінде жеткіліксіз икемділіктің,

сондай-ақ жеке әріптестердің жобаларды қалыптастыру кезіндегі айқын емес есеп айырысудан артық пайда көруінің салдарынан тиімсіз шешімдердің қабылдануына әкелетінін көрсетті.

Ұлыбританияның парламентінде, ұзақ дебаттардан кейін, PFI бағдарламасын іске асыру перспективалары мен проблемаларын бағалаудан кейін ол елеулі түрленуге ұшырады. 2012 жылы МЖӘ-ні дамытудың жаңа тәсілі PF2 атауын иеленді. Нәтижесінде МЖӘ жобаларын қалыптастыру тәртібін анық реттейтін құжаттар пакеті пайда болды. Сонымен қатар, келісімшарттарды жасасу және бағалау рәсімдері жүйелендірілді. Енді негізгі екпін жобаның экономикалық мақсатқа сәйкестігі, пайдасы мен тәуекелдері мәселелеріне түсірілді. Сонымен бірге, PFI моделінің негізгі принциптері PF2 моделінде сақталды [11, 72-74-б.]. МЖӘ-нің жаңа моделі білім беру, денсаулық сақтау және басқа да салаларда жобаларды іске асыруда қолданылып жатыр.

МЖӘ тетіктерін табысты пайдаланған тағы бір ел – Аустралия. Бұл жерде жобалардың көбі университеттер деңгейіндегі білім беру саласына шоғыланған. Ең танымал жоба Свирнборн Технологиялық университетінің кампусын қайта салуға, сондай-ақ университет аумағында мектеп салуға және оны ақпараттық технологиялармен жабдықтауға арналған келісімшарт болды. Аустралиялық тәжірибе жеке тараптың тәуекелдерін сақтандырудың қабылданған схемасымен қызықты. Тәуекелдер, құрылыс шығындары сияқты жалгерлік төлемдердің есебінен өтеледі.

МЖӘ жобаларын іске асырудың біраз басқаша тәсілі Латын Америка елдерінде қолданылған. Мемлекет қоғамдық ұйымдарға және коммерциялық құрылымдарға аусторсинг жағдайында инфрақұрылым объектілеріне құру мен қолдау ғана емес, сондай-ақ білім беру қызметтерін көрсету мүмкіндігін де береді. Жекеменшік фирмалар балаларды оқыту, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және тіпті мектептерді басқару үшін шақырылады. Өз кезегінде, мемлекет мектеп ғимараттарын салу, және оларға қызмет көрсету, мұғалімдерге жалақы беру міндеттерін өзіне артады.

Соңғы онжылдықта әлемдік практикада МЖӘ тетіктері арқылы білім беру саласына жеке инвестицияларды тартудың күшейіп келе жатқан үрдісі байқалады. Жеке сектор стартап-мектептерден бастап білім беру қызметтеріне дейін (әкімшілік қызметтер, маркетинг, персоналды іріктеу) көптеген білім беру объектілерін қаржыландыруға әлі күнге дейін қатысады.

Бірқатар шет елдерде жеке компанияларды тарту арқылы студенттерге тұратын үй-жай беру және оларды басқару бойынша келісімшарттар жасасуға ерекше көңіл бөлінеді. Дамыған елдерде студенттер тұратын үй-жайларға салынатын жеке инвестициялардың көлемі жоғары қарқынмен өсуде. Мысалы, АҚШ-та студенттер жатақханасын қаржыландыру соңғы бес жылда екі еседен жоғары өсті. Бұл көбінесе негізгі үш фактордың ықпалымен байланысты:

жоғары оқу орындары, банктер және жеке кәсіпкерлер жастарға арналған үй-жай қызметтерінің нарығында сұраныс пен ұсыныстың қалыптасқан терең теңгерімсіздігін ескере отырып, пайда көру үшін жоғары әлеуеттің барын ұғынады, мұны жатақханалардағы орын жетіспеушілігінен байқауға болады;

көптеген университеттер мен колледждерде жер учаскелері немесе студенттер тұратын үй-жайға сұранысты қанағаттандыру үшін капиталы бар, бұл жеке инвесторлардың іскерлік белсенділігі үшін кеңістік ашады.

жаңа технологиялардың негізінде жатақханалар құрылысының аяқталу мерзімдерін қысқарту, оның нәтижесінде ақшалай қаражаттың қозғалу ағыны жеделдеп, жобалардың құны азаяды.

Жекелеген елдердің білім беру саласындағы МЖӘ жобаларын іске асыру жөніндегі нақты практикасы, мемлекеттің жеке бизнеспен ынтымақтастығын кең тәсіл тұғысында қарайтын болсақ, айтарлықтай өзгешеленуі мүмкін. Мысалы, Францияда коммерциялық ұйымдардың еңбекақы төлеу қорынан түсетін нысаналы салықтық түсімдер немесе оқытуда белсенді қатысатын ұйымдарға салық жеңілдіктерін беру көзделген. Данияда үздіксіз оқытуға компаниялардың міндетті жарналары белгіленген (lifelong learning). Мемлекетті бизнес ісіне негізінен барынша аз қатыстыруды жөн көретін АҚШ пен Канаданың практикасында жеке инвестициялар үшін басымдыққа ие білім салалары бойынша талантты жастарды грантпен қолдау жүйесі пайдаланылады [12].

Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ жобаларына келетін болсақ, ең қызықты тәжірибе Испанияның еншісінде десек болады, онда Alzira моделінің негізінде қазіргі уақытта бірнеше госпиталь табысты жұмыс жасайды. Alzira моделі жеке салушымен жаңа аурухананы салуға және пайдалануға енгізуге ғана емес, сондай-ақ оны пайдалану процесіне, сонымен қатар медициналық қызметтер көрсетуге арналған келісімшарттар жасасуды көздейді. Бұл бірегей модель Валенсия провинциясында әзірленген және жеке консорциум басқаратын Alzira

ауруханасының құрылысы кезінде іске асырылған. Аталмыш консорциум халықтың белгілі бір топтарына мемлекеттік бюджеттен жыл сайынғы жан басына шаққандағы төлемдердің орнына медициналық қызметтер ұсынды.

Alzira моделінде мемлекет алғаш рет ынталандырудың жаңа жүйесін енгізді: «ақша пациенттің ізінен ереді». Бұл жүйе жеке әріптес үшін пайданың мөлшері заңмен шектеліп, жыл сайын 7,5%-дан аспайтын шарт негізінде құрылған. Валенсияның Денсаулық сақтау министрлігі жеке әріптеске жан басына шаққанда 572 еуро көлемінде тиянақталған сома төлейді. Аталмыш сома жыл сайын инфляцияны ескере отырып, индекстеледі. Егер округ тұрғыны емделу үшін басқа аурухананы немесе амбулаторияны қаласа, онда жеке әріптес мемлекетке емдеу құнының 100%-ын төлейді. Егер басқа аудандардың тұрғындары Alzira ауруханасында емделуді жөн көрсе, онда жеке әріптес қызметтер құнының 85%-ын алады. Осындай жолмен құрылған қаржыландыру жүйесі бірден бірнеше міндетті шешуге мүмкіндік берді: бизнеске түсінікті ойын қағидаларын белгілеу; көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыру; халық тарапынан жобаны қолдауды қамтамасыз ету; медициналық персонал үшін жалақы деңгейін арттыру.

Медициналық орталықта деңгейлес менеджмент құрылымы енгізілген, ал персоналды ынталандыру мақсатында қызметкерлердің ақысын төлеу олардың жұмыс нәтижелеріне қарай белгіленген. Медициналық орталықта дәрігерлер Испаниядағы орташа жалақыға қарағанда, орта есеппен 25%-ға жоғары жалақы алады.

Денсаулық сақтау саласындағы кез келген жобаның әртүрлі ішкі және сыртқы факторлардың әсеріне ұшыраған жоғары динамикалық ортада іске асырылытанын ескеру қажет. Бұл МЖӘ негізінде іске асырылатын жобаларға, сол сияқты басқа да қаржыландыру және басқару тетіктерінің көмегімен іске асырылатын жобаларға да қатысты. Органың динамикалылығы медициналық қызметтер нарығындағы сұраныс пен ұсынысты болжау қиындығына байланысты. Дегенмен де, сұраныс пен ұсыныстың өзгеру динамикасында екі негізгі фактордың ықпалын атап өтуге болады: біріншіден, 1970-жылдардан бастап медициналық технологиялардағы тез өзгерістер, екіншіден, бәрінен бұрын, дамыған елдерде адамдардың өмір сүру ұзақтығының ұлғаюына байланысты туындаған демографиялық өзгерістер.

Сұраныс пен ұсыныстың динамикалылығы, әрине, денсаулық сақтау саласында МЖӘ тетіктерін қолдануды қиындатады, өйткені жобалық

құжаттамада жобаның барлық параметрлерін алдағы кезеңге (5 жылдан 30 жылға дейін) егжей-тегжейлі әрі анық баяндау талап етіледі. Жобадағы кез-келген өзгерістер, әсіресе, қымбаттау тұрғысындағы өзгерістер қосымша қаржыландыру көздерін іздеуді қажет ететін жоғары транзакциялық шығындарды тудыруы мүмкін. Сондықтан, екі тарап та жасасатын келісімдерде (мемлекеттік және жеке әріптестер) икемділіктің тиімді деңгейін қамтамасыз ететін тетік қарастырылуы тиіс. Мысалы, Anneloes Blanken, Geert Dewulf, Mirjam Bult-Spiering компаниялары ұсынған шешімдердің бірі мынадан тұрады: жаңа қажеттіліктер туындаған жағдайда аурухананың жұмысына түзетулер енгізу мүмкіндігі болу үшін, ауруханалардың айтарлықтай икемді дизайны құрылады.

Халықаралық тәжірибені талдау МЖӘ көптеген елдерде білім беру және денсаулық сақтау салаларында белсенді түрде қолданылатынын көрсетеді. МЖӘ саласындағы қазақстандық тәжірибе әзірге бірқатар білім беру және медициналық мекемелерді салу мен жөндеудің басталуымен шектелуде, бірақ соңғы мақсат халық үшін медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттырудан тұрады. Бұл «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданған сәттен бастап көп уақыт өте қоймағанымен байланысты [13], МЖӘ жобаларын әзірлеу және іске асыру процестері тұрғысында, көптеген заңнамалық актілер, шын мәнінде, осындай жобалардың қатысушылары үшін тың болып келеді. Дегенмен де, қолданыстағы заңнама жеке әріптеске әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне, мысалы, емхана, мектеп немесе балабақша салу және пайдалану жөніндегі жобаны іске асыру үшін кіруіне мүмкіндік береді. Алайда МЖӘ шартында шарттардың бүкіл әрекет ету және объектілер мен жеке әріптес тарапынан көрсетілетін қызметтерге қойылатын талаптардың сақталу кезінде объектілердің бейінін сақтап қалуға бағытталған объектілер тұрғысында белгілі бір шектеулер бар [13].

Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығының сайтында орналастырылған жобалар базасының деректері бойынша, елімізде іске асырудың әртүрлі сатыларында 397 жоба бар, оның ішінде 139-ы (35%) - білім беру саласында, 97 жоба (24,4%) – денсаулық сақтау саласында [14]. Яғни, білім беру және денсаулық сақтау саласыда жиынтығында Қазақстанда басталған барлық МЖӘ жобаларының дерлік 60%-ы тиесілі, бұл МЖӘ саласында мемлекет белгілеген басымдықтармен байланысты.

«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына 2016-2017 жылдары еліміздің түрлі қалалары мен өңірлерінде жекеменшік балабақшаларды дамытуға бағытталған МЖӘ жобаларын іске асыруға бастамашылық жасаған мемлекеттік және жекеменшік әріптестер айтарлықтай оң әрі тез жауап қайтарды.

Мектепке дейінгі білім беретін мемлекеттік мекемелерде балалар үшін орындардың жіті тапшылығы проблемасы жаңа балабақшаларды кідіртпей ашу қажеттілігін көздеді. 2010 жылы қабылданған «Балапан» мектепке дейінгі білім беруді дамыту бағдарламасы [15] бастапқыда қазақстандық балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен 2014 жылға дейін 70%-дық қамтуды қамтамасыз етуге бағытталып, 2015 жылға дейін ұзартылды. Кейінірек ол Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына біріктірілді [16].

Бұл бағдарламаға тән ерекшелік бір балаға есептегендегі мемлекеттік білім беру тапсырысының мөлшерін және мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қызметтер алатын балалар үшін ең жоғары ата-ана төлемақысының мөлшерін, аудандар, қалалар және республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің шешімдерімен жыл сайын белгілеу, яғни көрсетілетін қызметті қаржыландырудың жан басына шаққандағы тәсілін пайдалану болып табылады.

Президент Н.Ә. Назарбаевтің Қазақстан халқына 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауында [17] мектепке дейінгі білім беруге жеке инвестицияларды тарту бойынша іске асырудың оң тәжірибесі ерекше атап өтілген. Сонымен қатар, мемлекет басшысы алдыңғы үш жылда мемлекет 40 мың орындық 189 балабақша салынғанына көңіл бөлсе, жекеменшік сектор 100 мың орындық 1 300-ден астам балабақша ашқан. Жекеменшік балабақшалардың көбі Оңтүстік Қазақстан (397), Алматы (221), Қызылорда (181) облыстарында ашылған. Президент бұл сектордағы МЖӘ тәжірибесінің түбегейлі маңызын атап өтеді, ол тәжірбе мемлекет пен бизнестің бірлесіп басты жалпыұлттық міндеттердің бірін – 2019 жылға қарай 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі біліммен жүз пайыздық қамту міндетін қалай шешетінін көрсетеді.

Балабақшалар ашып жатқан жеке кәсіпкерлер мемлекеттік жеңілдіктер ала алады: олардың табысы салық салуға жатпайды; олар қосылған құн салығын төлеуден босатылады; жер салығын есептеу кезінде тиісті мөлшерлемелерге 0,1 коэффициенті қолданылады.

Егер білім беру саласындағы МЖӘ-ні дамыту бағытын қарастыратын болсақ, МЖӘ тетігі, мысал үшін, мектептерде оқушыларға медициналық қызмет көрсетумен, денсаулығын сақтауды және нығайтуды қамтамасыз етумен қатар білім беру ұйымының функцияларының біріне қатысты оларды тамақтандыруды ұйымдастыру үшін табысты қолданылуы мүмкін. Мектеп жасындағы балалар Қазақстанда халықтың саны жағынан көп және әлеуметтік белсенді топтарына жатады. Күндізгі жалпы білім беретін мектептерде 2,5 млн.-нан астам бала білім алады. Олардың оқуына және денсаулығына мектептерде оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру деңгейі белгілі бір межеде әсер етеді.

Салыстырмалы талдау Қазақстанда мектептегі тамақтану құнының қазіргі уақытта Ресей және Ұлыбритания сияқты елдермен шамалас деңгейде тұрғанын көрсетеді.

1-кесте. Қазақстандағы, Ресейдегі және Ұлыбританиядағы мектептегі тамақтану құны

Кезең	Қазақстан	Ресей	Ұлыбритания
Күніне	300 теңгеге дейін	50 рубль (280 теңге)	0,98 фунт стерлинг (400 теңге)
Айына	6300 теңгеге дейін	1250 рубльден бастап (6 875 теңге)	24,5 фунт стерлинг (9 700 теңге)
Жылына	50 500 теңгеге дейін	10 100 рубль (55 550 теңге)	197,96 фунт стерлинг (78 390 теңге)

Дереккөз: Мырзағалиева Н. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктері арқылы мектеп оқушыларын тамақтанумен қалай қамтамасыз ету керек // Каван. – 2017. – 27 сәуір.

Қазақстанның 7402 жалпы білім беретін мектептерінің арасында ыстық тамақ беру қазіргі уақытта 6 183 (84%) мектепте, оның ішінде 624 мектепте әкелінген тамақ беру ұйымдастырылған. Олардың ішінде мектеп оқушыларына арналған тамақтандыру 1 491 қалалық мектепте (қалалық мектептердің жалпы санының 91,7%-ы) және 4 692 ауылдық мектепте (ауылдық мектептердің жалпы санының 81,2%-ы) ұйымдастырылған [18].

Соңғы уақытқа дейін мектеп асханалары үшін тамақтандыру қызметтерін жеткізушіні «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының негізінде айқындаған. Жеңімпазды таңдаудың

басты критерийі жеке кәсіпкердің конкурстық комиссияға ұсынған қызметтер құны болды: неғұрлым арзан болса, соғұрлым жақсы болмақ. Нәтижесінде көптеген мектептерде тапшы сұрыпталым, тамақтардың төмен сапасы, оларда калорияның жетіспеушілігі байқалды, ал конкурс жеңімпаздары, әдеттегідей, өз шарттарының құнын қызметтер нарығында қалыптасқан бағалардың деңгейінен 20-30%-ға төмен ұсынып, баға демпингін қолданған кәсіпорындар болды.

Практика мемлекеттік сатып алуды жыл сайын конкурстық негізде жүргізу шын мәнінде мектептерде тамақтандыруды тиісінше ұйымдастыруға мүмкіндік бермеді. Мектеп асханаларында жиі болатын бұзушылықтар мен проблемаларға мыналарды жатқызуға болады:

- мектеп асханаларындағы персоналдың төмен кәсіби деңгейі, бұл тамақ өнімдерін қайта өңдеу технологияларының сақталмауына, технологиялық үздіксіз ағынға және жеке гигиена талаптарының бұзылуына әкеледі;
- тауарлық көршіліктің, тамақ өнімдерін сақтау кезінде температура режимдерінің бұзылуы, тамақ дайындау процесінде лас, сүзгіленбеген немесе ішуге арналмаған, тамақ өнімдерімен байланысуға жол берілмейтін су мен ыдысты пайдалану, тамақ дайындау процесінде тамақ қалдықтарын қайталама пайдалану;
- бастапқы тамақ шикізатының сапасын бақылаудың болмауы, оның нәтижесінде өндірістік процесте таңба белгілері жоқ немесе жарамдылық мерзімі өтіп кеткен шикізаттың пайдаланылуына жол беріледі, шикізатты, жартылай фабрикаттарды және дайын өнімді есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің болмауы;
- жағдайы төмен отбасылардан шыққан балаларға бөлінетін мемлекеттік дотацияларды мақсатсыз пайдалану, бұл із жүзінде өндірілген өнімнің жіберуге мәлімделген порциялардың мөлшеріне сәйкес келмеуінен көрініс табады, өндіріс басшыларының көп жағдайды теріс мақсатта пайдалануы.

Соңында, оқушылардың санитариялық-эпидемиологиялық қағидалардың бұзылуы, сапасыз тамақ өнімдерін сатып алу, қызмет жеткізушілердің санитариялық гигиена қағидаларын сақтауға деген салғырт көзқарасы, мектеп асханаларындағы қызметкерлерде санитариялық кітапшалардың болмауы салдарынан жаппай улану жайттары жиілей түсті.

Елімізде белгіленген қағидаларға сәйкес [19], оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру қызметтерін жеткізушілерді таңдау процесі мемлекеттік сатып алу саласынан шығарылды. Бұл қағидалар

мектеп асханаларында тамақтандыруды ұйымдастыру қызметтерін жеткізушіні таңдау кезінде бағаға байланып қалуды жоюды көздеді. Алайда олар асхана персоналының өз міндеттеріне ниетсіз қатынас мүмкіндіктерін шеттетпейді.

Сонымен бірге, талдау көрсеткендей, оқушылардың сапалы әрі әртүрлі тамақтануын ұйымдастыру үшін тамақ дайындаудың заманауи технологиялары бар жаңа жабдықтармен жабдықталған мектеп асханалары қажет, бұл елімізде мектептегі тамақтану индустриясын құруды көздейді. Алайда жаңа технологиялық жабдықтар айтарлықтай бір жолғы инвестицияларды талап етеді, бұл мемлекеттік меншіктегі мектептер үшін біршама бюджеттік қаражатты құрауы мүмкін.

Мектеп асханаларына жеке инвестицияларды тарту үшін МЖӘ тетігін пайдалану ұсынылады. Оның үстіне, МЖӘ туралы заңнамада мемлекет пен жеке бизнестің ынтымақтастығының әртүрлі нұсқалары көзделген. Сай келетін схемалардың бірі жеке әріптестің объектіні жақсарту және одан әрі пайдаланылуын ұйымдастыру мүмкіндігімен мемлекеттік меншік объектісін мүліктік жалдау шарты болып табылады. Жалгерлік шарттан айырмашылығы бұл келісімшарт түрінің басымдығы шарттық қатынастардың ұзақ мерзімді сипаты болып табылады, бұл жеке әріптеске жобаның өтелімділігі және шарттың бүкіл әрекет ету кезінде пайда көру тұрғысында кепілдік береді. Мектеп, өз кезегінде, қызметі МЖӘ шартында белгіленген сапа критерийлері арқылы бақыланатын мүдделі, сенімді әрі адал жеткізушіні алады. Осыған байланысты МЖӘ жағдайында Орал қаласындағы мектеп оқушыларының тамақтануын қамтамасыз етуге жарияланған конкурс қызығушылық танытады.

«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» [13] Қазақстан Республикасы Заңын қолданудың білім беру саласынағы басқа бір бағыты жоғары оқу орындарының алдында тұрған өзекті проблемалардың бірін шешу болуы мүмкін. Бұл жерде басқа қалалардың студенттерін, магистранттарды және докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз ету туралы сөз етіліп отыр. Аталмыш проблема әсіресе Павлодар, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда облыстарында және Астана қаласында жіті болып тұр, ол жерлерде жатақханаларға мұқтаж жандардың үлесі 30%-дан асады [20].

Ұлттық экономика министрлігі Қазақстандық мемлекеттік-жеке әріптестік орталығымен бірлесіп қазіргі уақытта МЖӘ тетіктерін қолдану арқылы студенттер жатақханасын салу және пайдалану жобаларына қатысты әртүрлі секторларда МЖӘ саласындағы әдістеменің

заңнамасын жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеп жатыр. Мұндай жобалар студенттер жатақханасын салу проблемаларын кешенді түрде шешуді қамтамасыз етуге, оқу кезеңінде тұратын жер алуға мұқтаж студенттердің, магистранттардың және докторанттардың кезегін қысқартуға мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибені талдауға сүйенетін болсақ, келісімшарттық МЖӘ, яғни жеке әріптеспен жатақхана құру және пайдалану, кейіннен мемлекеттік университетке табыстау бойынша МЖӘ шартын жасасу қолайлы схема болып табылады. МЖӘ принциптеріне сәйкес, мұндай тәсіл мемлекеттік әріптес рөліндегі университет пен жеке инвестордың арасында тәуекелдерді оңтайлы үлестіруге, сондай-ақ екі тарап үшін де жоба тиімділігінің қалаулы көрсеткіштеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

МЖӘ жағдайында жатақханалар құрылысы жөніндегі жобаларды табысты іске асыру үшін мемлекеттік қолдау көрсетудің мынадай нысандары үмкін:

- жатақхана құрылысы үшін жер учаскесін беру;
- объектіге инженерлік және көліктік коммуникациялар жүргізу;
- жеке әріптестің инвестициялық және операциялық шығындарының

орнын толтыру.

Осылайша, мемлекеттік университетпен тәуекелдерді бөле отырып, жеке инвестор жобасын іске асыру үшін қосымша басымдықтар мен қолдау алады.

МЖӘ тақырыбы Қазақстанның жоғары оқу орындары үшін және жоғары оқу орындары экономиканың және әлеуметтік саланың дамуы үшін талап етілетін, оның ішінде МЖӘ жобаларын әзірлеуге және табысты іске асыруға қабілетті жоғары білікті мамандарды дайындауды мақсат ететініне байланысты өзекті болып табылады. Экономиканың әртүрлі салаларында МЖӘ тетіктерін қолдану практикасының кеңею межесіне қарай мұндай мамандарға деген сұраныс және оларды дайындау сапасына қойылатын талаптар үнемі өсетін болады.

2013 жылы Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы мен Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің (ҚазЭҚХСУ) арасында жасалған өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы Меморандумның аясында «Жоғары кәсіби білім саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік» бірлескен ғылыми-зерттеу зертханасы құрылды, оның қызметі МЖӘ траекториясы бойынша магистранттарды нысаналы дайындауға, жоғары кәсіби білім беру саласында МЖӘ-нің дамуын қолдау үшін зерттеу

жүргізуге бағытталған. ҚазЭҚХСУ-да өткен төрт оқу жылында МЖӘ траекториясы бойынша 51 магистрант дайындалды. МЖӘ зертханасы гранттық қаржыландыру негізінде зерттеу жобаларын іске асырумен де айналысады. Зертхананың қызметінің кезеңінде Қазақстанда МЖӘ-ні дамытудың өзекті мәселелеріне арналған бірқатар оқу құралдары, ғылыми мақалалар және конференциялардағы баяндамалар дайындалған.

Жеке бизнестің денсаулық сақтау саласына өсіп келе жатқан қызығушылығы көбінесе тұрақты ақша ағынының болуымен туындаған (cashflow). Аталмыш саланы дамытуға жұмсалатын шығындар Қазақстанда жыл сайын өсіп келеді, ол 6-7% деген жақсы деңгей болып саналса да, жалпы ішкі өнімге 15%-ға жетті. Сонымен бірге, елімізде мемлекеттік тапсырыстар алатын жеке клиникалардың саны ұлғайып келеді. Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарына бизнеспен, әсіресе, жеке клиникалардың бүкіл шығындар құрылымын үнемі ескере бермейтін тарифтер бойынша, ынтымақтастық диалогын жүргізуді үйренуге тура келеді.

МЖӘ Орталығы сарапшыларының есептеуінше, Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінде МЖӘ принциптері бойынша жұмыстың ең тиімді моделі сервистік келісімшарттар болуы мүмкін, себебі клиенттерге медициналық жабдықтың жұмыс жасайтынына не жасамайтынына қарамастан дайын қызметтердің ақысын төлеген жақсырақ. Медициналық объектілер жеке инвесторларға сатылмай, оларға басқаруға берілетін кезде, сенімгерлік басқаруға ерекше көңіл бөлінеді. Елімізде жуыр арада жеке бизнестің жаңа түрі – мемлекеттік ауруханаларды басқару пайда болуы мүмкін.

Ауруханалар мен клиникаларды сенімгерлік басқаруға арналған конкурстар осы салада қажетті құзыреті мен табысты тәжірибесі бар қазақстандық, сондай-ақ шетелдік компанияларды тарта отырып жариялануы мүмкін. Егер инвестор МЖӘ аясында аурухананы ұзақ уақытқа сенімгерлік басқаруға алса, онда ол аурухананы жаңа жабдықтармен жарақтандыруға, заманауи медицинаның талаптарының және денсаулық сақтау саласындағы халықаралық стандарттардың негізінде қайта құруға немесе өзгертуге құқылы. Бұл, бәрінен бұрын, клиниканы немесе медициналық қызметтер тиісінше көрсетілмейтін мекемелерді басқаруды жақсарту мәселесінің уақыты жеткен медициналық объектілер болуы мүмкін. Бұл тізбеге халық арасында жоғары сұранысты пайдаланатын, бірақ қазақстандық компаниялар әзірге медициналық мекеменің қызметін қажетті деңгейде реттейтін

жағдайда емес объектілер де кіруі мүмкін. Сондықтан Қазақстанның медициналық мекемелерінің менеджментін жоғары кәсіби деңгейде ұйымдастыруға және көтеруге қабілетті шетелдік компаниялардың қатысуы зор маңызға ие.

Қазақстанның ауруханаларын басқарушылар ретінде корейлік компаниялар қызмет етуі мүмкін. Денсаулық сақтау индустриясын дамыту институтының (Корея Республикасы) деректері бойынша, Оңтүстік Кореяға жыл сайын 200 мыңға жуық қазақстандық емделуге барады. Бұл Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне қазақстандықтардың отанымызда табысты түрде емделуі үшін жағдай жасауды мақсат ретінде қоюына түрткі болған себептердің бірі болды. Оның үстіне, оңтүстік корейлік медицина әлемдік көшбасшылардың қатарына кіреді, ал менеджмент пен медициналық персонал қазақстандық дәрігерлермен өз тәжірибесін бөлісуге дайын екендерін білдірді. Аталмыш бағыттағы қадамдардың бірі Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығының Кореяның Денсаулық сақтау индустриясын дамыту институтымен бірге 2017 жылы сәуірде өзара түсіністік туралы меморандумға қол қоюы болды, бұл денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ жобалары бойынша бірлескен ынтымақтастықты ілгерілетуге көмектеседі. «Қазақстанда объектілерді сенімгерлік басқаруға табыстау схемасы жуыр арадан бастап өңделу үстінде, – деп атап өтті «Қазақстандық МЖӘ орталығы» АҚ басқарма төрағасы Ғалымбек Мамыраев корейлік делегациямен кездесуде. – Сенімгерлік басқарудағы біздің негізгі мақсатымыз – тәжірибе алу. Ол үшін біз шамалас негізде ақы төлеуге дайынбыз. Мұндай жобалардың бізде көп болатынына сенімдімін. Бірінші қадам – Кореяның Денсаулық сақтау индустриясын дамыту институтымен ынтымақтастық».

Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ қиындықтары көбінесе мемлекеттік және жеке әріптестерге ұзақ мерзімге арналған жобаның қаржылық моделін әзірлеп, бекіту қажеттігіне байланысты, бұл мемлекеттік қызметшілерге жеке сектормен бірге іске асыру болжанып отырған жобалар бойынша тәуекелдерді өзіне арту қажет болып, оларда сақтықты, тіпті үрейді тудырады.

Денсаулық сақтау жүйесіндегі МЖӘ-ні дамытудың біршама қызықты бағыты жедел медициналық көмек станцияларын Ақтөбе қаласындағы «Hemogens Health Care» түрік компаниясының аутсорсингіне жеті жылға табыстау жобасы болып табылады. Тиісті білімнің болмауы, автокөлік пен жабдықтардың жоғары тозушылығы, диспетчерлік

қызметтің заманауи стандарттарға сәйкес келмеуі қалалық жедел көмек қызметінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін проблемалар тудырды. Санитариялық көлік паркінің тозушылығы 2016 жылы 1 қаңтарға қарай 55%-ға, медициналық жабдықтардың тозушылығы 56,5%-ға жетті. Жедел көмек бригадалары кешіктіріп орындауға тура келген шақыртулардың көп санына байланысты жедел көмек бригадалары үнемі жүктеме үстінде болды. «Nemogens Health Care» компаниясы Түркия мен БАӘ-де осындай жобаларды енгізу тәжірибесіне ие. Жасалған шарттың ережелері бойынша, компания жедел медициналық көмектің орталық станциясының құрылысы, оның құрылысына салым салу және бірегей жабдықтармен жарақтандыру, сондай-ақ 5,5 млрд. теңге, оның ішінде 2016 жылы 3,5 млрд. теңге көлемінде инвестицияларға санитариялық көлік сатып алу міндеттемесін өзіне артты. Компания 2020 жылы реанимобильдерді және медициналық жабдықтарды жаңартуға тағы 2 млрд. теңге бөлуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар, инвесторға электрондық форматта жедел медициналық көмек көрсету жөніндегі бірыңғай қалалық ақпараттық-талдамалы диспетчерлік орталықты құру, медициналық персоналға, бәрінен бұрын, дәрігерлік-фельдшерлік құрамға халықаралық стандарттарды оқыту, дәрілік заттарды өндіру жөніндегі жұмыс жүктелген [21].

Жедел медициналық көмек станциясының паркін жаңартуға түрік компаниясы 2016 жылдың соңында кірісіп, бірден 14 жаңа реанимобиль мен 16 жедел көмек автомашинасын сатып алғанын атап өту ажет. Бұл жүрек-қантaмыр аурулары бар науқастарға қызмет көрсету сапасын айтарлықтай жақсартуға, ал жол-көлік оқиғасының орнына келіп жетегін уақытты 7-8 - минутқа дейін бірнеше есеге қысқартуға мүмкіндік берді. 2017 жылдың қыркүйегіне қарай тұрғын үйлермен және әртүрлі әлеуметтік объектілермен белсенді түрде салынған «Батыс-2» перспективалық ықшам ауданында орналасқан орталық жедел медициналық көмек станциясының негізгі ғимаратының құрылысын аяқтау күтілуде. Түрік инвесторын қала ішінде әлі үш жедел көмек кіші станциясының құрылысы алда күтіп тұр. Компания кезіккен проблемалардың бірі дәрігерлер тапшылығы болды. Алайда арнайы жедел көмек үшін мамандарды дайындау мәселесінде мемлекеттік медициналық университеттер маңызды рөл ойнауы мүмкін.

Жалпы алғанда, МЖӘ жағдайында Ақтөбе қаласында жедел көмек жөніндегі жобаны табысты іске асыру Қазақстанның басқа қалаларында да жедел медициналық көмек станцияларының қызметін жақсарту үшін оң үлгі бола алады.

МЖӘ жобаларына жеке инвестицияларды тарту үшін, Денсаулық сақтау министрлігінің сайтында жобалардың төлқұжаттарымен денсаулық сақтау объектілерінің тізбесі бар. Бұл тізбеге 2016-2019 жылдары 45 жоба, оның ішінде Алматы мен Қарағанды қалаларында көп бейінді ауруханалар салу жөніндегі екі республикалық жоба қосылды. Сенімгерлік басқаруға табыстауға жоспарланып отырған денсаулық сақтау объектілерінің тізбесіне тағы 46 жоба қосылды. Бұл жобаларды қарастырған кезде клиникалар мен ауруханалардың Денсаулық сақтау министрлігінің емес, облыст ардың, Астана мен Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының басқаруында екенін ескеру қажет. МЖӘ-ні дамытуға Денсаулық сақтау министрлігінің құрамында инвестициялық жобаларды және МЖӘ-ні дамыту бөлімі бар Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығының құрылғандығы және әрекет ететіні де септігін тигізеді.

Тұжырымдар

Шетелдік тәжірибені зерттеу көрсеткендей, білім беру және денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ тетігі адами капиталды жинақтап, дамытуға инвестициялар тарту үшін тиімді құралға айналып барады. Қазақстанда осы құралды қолданудың жекелеген мысалдары әзірге білім беру және денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ жобаларының тиімділігін әділ бағалауға мүмкіндік бермейді. Сонымен бірге, Қазақстанда МЖӘ саласында жүргізілетін экономикалық саясат мемлекет пен жеке сектордың арасында әріптестік қатынастарды дамыту үшін сенімді платформа құруға мүмкіндік береді. Сәйкесінше, білім беру және денсаулық сақтау саласы үшін МЖӘ жобаларынан оң нәтижелерді күту арта түседі, елімізде адами капиталдың даму деңгейі көбінесе сол нәтижелерге тәуелді болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Schultz, T. Investment in Human Capital. N.Y., 1971.
2. Иванов Н. П. Адами капитал және жаһадану. // Әлемдік экономика және халықаралық қатынастар. – 2004. – № 9. – 19–31-б.
3. Shultz T. Human Capital in the International Encyclopedia of the Social Sciences. — N.Y., 1968, vol. 6.
4. Becker, Gary S. Human Capital. — N.Y.: Columbia University Press, 1964.
5. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өткізген «Қазақстан дағдарыстан

- кейінгі өлемде: болашаққа зияткерлік серпін» атты дәрісі. - Алматы, 2009. - 13 қазан.
6. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы.
 7. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары.
 8. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 732 Жарлығымен бекітілген Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдама.
 9. Review of the European PPP Market in 2016.
 10. Кузнецов И.В. Зарубежный опыт государственно-частного партнерства (США, Европа, Канада) // Экономические науки. – 2012. - № 8. -С. 196-201.
 11. Государственно-частное партнерство. Международный опыт. – Астана, 2013. – 140 с.
 12. Завьялова Е.Б. К вопросу о целесообразности ГЧП в образовании // Государственно-частное партнерство. — 2015. — Т. 2. — № 4. — С. 217–226.
 13. «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы Заңы.
 14. «Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы» АҚ жобалар базасы. URL: http://kzppp.kz/project_base (айналыс күні: 31.08.2017)
 15. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 488 Қаулысымен бекітілген Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2020 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы.
 16. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
 17. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы.
 18. Мырзағалиева Н. Как обеспечить школьников питанием через механизмы государственно-частного партнерства // Караван. – 2017. – 27 апреля.
 19. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 желтоқсанда № 12788 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 717 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында оқытындарды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбие алатын және оқытын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары.
 20. Бейсенбина М. В РК разрабатывают проекты по сокращению очередей в студенческие общежития // BNews.kz. – 2016. – 7 июля. МЖӘ негізінде Ақтөбеде Орталық жедел медициналық көмек станциясы салынады // Ақтөбе облысы әкімдігінің ресми сайты. – 2016. – 14 қаңтар.

ҒТАМР
05.11.65

Айгүл Садвокасова¹, Дамира Ахатова², Айнұр Мажитова³

¹ ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы,
әлеуметтану ғылымдарының докторы

² ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы,
әлеуметтану магистрі

³ «Қоғамдық пікір» зерттеу институты,
әлеуметтану магистрі

ЖЕМҚОРЛЫҚ АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ САПАСЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ФАКТОР (әлеуметтанулық зерттеулер қорытындысы бойынша)

Аңдатпа. Жемқорлық – бұл экономиканың, бизнестың дамуына, ал негізінде адами капиталдың дамуына әсерін тигізетін феномен.

Мақалада қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларындағы жемқорлықтың әлеуметтік практикалары қарастырылады. Адами капиталдың сапасын қамтамасыз ететін жүйелері мен институттардың қызметтеріге жемқорлық қауып-қатерге соқтырады. Әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері адами капиталдың дамуынағы фундаменталды мәні бар салалар жемқорлыққа аса тап болады.

Түйін сөздер: жемқорлық, адами капитал, әлеуметтік зерттеулер.

Айгуль Садвокасова, Дамира Ахатова, Айнур Мажитова ПРОЯВЛЕНИЯ КОРРУПЦИИ КАК ФАКТОР ВЛИЯНИЯ НА КАЧЕСТВО ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА (по результатам социологического исследования)

Аннотация. Коррупция представляет собой феномен, который оказывает влияние на развитие экономики, бизнеса, прежде всего, развитие человеческого капитала.

В статье рассматриваются социальные практики коррупции в различных сферах общественной жизни. Деятельность институтов и систем обеспечения качества человеческого капитала подвергается риску со стороны коррупции. Результаты социологических исследо-

ваний говорят о том, что наиболее подверженными коррупции являются именно те сферы, которые имеют фундаментальное значение для развития человеческого капитала.

Ключевые слова: коррупция, человеческий капитал, социологические исследования.

Aigyl Sadvokassova, Damira Akhatova, Ainur Mazhitova SOCIAL PRACTICES OF CORRUPTION AS THE REFLECTION OF HUMAN CAPITAL QUALITY

Abstract. Corruption is a phenomenon that affects the development of the economy, business, especially the development of human capital.

The article considers the social practices of corruption in various spheres of public life. Performance of institutions and systems of human capital quality assurance are exposed to corruption. The results of sociological research demonstrate that the most susceptible to corruption are those spheres that have a fundamental importance for the development of human capital.

Key words: corruption, human capital, sociological research.

Мәселенің қойылуы

Адам капиталы сапасы экономиканың, білім берудің, инновациялардың даму деңгейін анықтайды. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» (2017 ж. 31 қаңтар) Жолдауында нақ осы адам капиталының сапасын жақсартуға **аса көңіл бөлінген**. Бұл тапсырманы шешудегі анықтаушы бағыттар білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау саласы болып табылады.

Адам әлеуетінің тиімді дамуындағы маңызды шектеулердің бірі сыбайлас жемқорлық болып табылады. Ол формалды емес және қолданыстағы нормалармен және ережелермен реттелмейтін әрекеттер жасай отырып, адам мен институттардың әлеуметтік тәжірибесінен көрінеді.

«Сыбайлас жемқорлықты социологиялық өлшеу: зерттеу әдістемесі және зерттеу нәтижелеріне қоғамның қатынасы» гранттық зерттеу шеңберінде респонденттердің жұмыспен қамту саласы арқылы сы-

байлас жемқорлыққа қатысты қоғамдық пікірді зерттеу тәжірибесі қабылданды. Бұл ретте қоғам өмірінің неғұрлым әлеуметтік маңызды салаларының өкілдерінің пікірлері қарастырылған.

Дүниежүзілік тәжірибе сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік тәжірибелері экономикалық, саяси, құқықтық салаларда дамитынын көрсетеді. Олардың латенттік қасиеттері бар, бұл бір мәнді қорытындылар жасауға мүмкіндік бермейді. Қазақстандық тәжірибе білім беру, құқық қорғау органдарының, сот жүйесі саласында сыбайлас **жемқорлық тәжірибелерінің басым болуы туралы куәландырады**. Әлеуметтік бағыттағы мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілеріне қатысты жиі айыптаулар айтылып жатады.

Елдің ресми тұлғалары сыбайлас жемқорлық салдарынан мемлекеттік бюджеттің жоғары шығындары туралы мәлімдейді. Сонымен, ҚР Президенті жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл комиссиясының отырысында айтылған деректер бойынша, «бес жыл ішінде білім беруге мемлекеттік шығыстар 2011 жылы 1 трлн, 2015 жылы 1 трлн., 368 млрд., теңгеге дейін өскен. Сонымен қатар, бұл саладағы қабылданатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар әлі де жеткіліксіз және сыбайлас жемқорлық үшін шарттарды минималдауға едәуір әсер етпейді. Оның ішінде, 2014-2015 жылдар және 2016 жылдың 1 тоқсаны ішінде қаржылық тексеріс нәтижелері бойынша бюджеттік заңнаманың және мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың бұзушылықтары үшін 1040 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылған, білім беру жүйесінің 386 жұмыскері сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін сотталған» [2].

«Трансперенси Интернейншл» Қоры сыбайлас жемқорлық деңгейін бағалаудағы өзінің нұсқасында шетелдік компаниялардың сыбайлас жемқорлық тәжірибелерін қолдануға көрсетеді: «Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдік компаниялардың тарапынан сыбайлас жемқорлық тәжірибелерді пайдаланудың маңызды өсуі тіркеледі. Transparency International корпоративтік сыбайлас жемқорлық бойынша соңғы дүниежүзілік есебінің деректері бойынша, Қазақстан аумағында жұмыс істейтін елуден астан аса ірі дүниежүзілік компаниялар олар Қазақстанда алатын табыстары туралы ақпаратты, төлейтін салықтары туралы ақпаратты ашпайды, қызмет салалары мен мемлекетпен қарым-қатынастары туралы ақпарат толықтай ашылмайды», - делінген зерттеуде. Қазақстанда сыбайлас жемқорлық экономиканың тұрақсыздығы салдарынан күшеюде [3].

Бұл позицияларға сүйене отырып, авторлар адам капиталы сапасына әсер ететін, қоғамның тіршілік ету саласындағы сыбайлас жемқорлық туралы респонденттердің пікірін көрсетуге мүмкіндік беретін социологиялық зерттеу нәтижелерін ұсынады.

Зерттеу әдістемесі

ҚР БҒМ Ғылым комитеті қаржыландыратын гранттық жоба шеңберінде, әртүрлі қызмет саласы өкілдерінің сыбайлас жемқорлыққа қатынасын анықтау бойынша социологиялық зерттеу жүргізген. Мұндай тәсіл әртүрлі салада сыбайлас жемқорлықты қабылдауда салыстыру жүргізуге мүмкіндік береді. Ақпаратты жинау әдісі ретінде стандартталған сауалнама бойынша жеке жауап алу (face-to-face) қолданылған.

Социологиялық жауап алу 1500 респондентті іріктеумен, барлық облыстарда, астанада, республикалық маңызы бар қалаларда жүргізілген. Іріктеу кездейсоқ түрде қалыптасқан және Қазақстанның ересек халқын жынысы, жасы, этникалық тегі, қызмет салалары бойынша (білім беру, құқық қорғау органдары, сот қызметі) бойынша репрезентациялайды.

Іріктеу қатесі (іріктеу жиынтығының орташа сипаттамаларының бас жиынтықтың орташа сипаттамаларынан ауытқуы) $\pm 2,5\%$ құрайды.

Социологиялық зерттеу нәтижелері

Респонденттерге Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа неғұрлым ұшырағыш институттарды белгілеу ұсынылған. Жауап алу нәтижелері респонденттердің қызмет салалары бойынша салыстыру кестесінде (1-кест) ұсынылған.

Барлық мақсаттық топтардың респонденттерінің пікірі бойынша жол полициясы бірінші орында тұр (57,9% – білім беру саласы, 33,1% – құқық қорғау органдары, 40,8% – сот жүйесі). Әрі қарай медициналық мекемелер келеді (32,3% – білім беру саласы, 33,1% – құқық қорғау органдары, 33,8% – сот жүйесі).

Сосын сот жүйесі келеді (31,5% – білім беру саласы, 33,1% – құқық қорғау органдары, 23,6% – сот жүйесі). Бұл жерде сот жүйесінде жұмыс істейтін респонденттердің өзінің саласын сыбайлас жемқорлық жұқтырылған сала деп белгілегендері есте қаларлықтай болып табылады.

Кеден органдары төртінші позицияны иеленді – (21,3% – білім беру саласы, 21,9% – құқық қорғау органдары, 22,3% – сот жүйесі).

Құқық қорғау және сот органдары респонденттерінің арасында бесінші жолды білім беру мекемелері алады - сәйкесінше 20,8% және 21,0%. Білім беру саласы өкілдерінің жауаптары арасында бұл позицияны жергілікті биліктер алады – 21,3% (1-кестені қараңыз).

1-кесте. Сіздің пікіріңізше, Қазақстанда қандай салалар мен институттарды жемқорлық барынша жайлаған?

Жауаптардың варианттары *	Білім беру саласының өкілі	Құқық қорғау органдары	Сот жүйесі
Жол полициясы	57,9	33,1	40,8
Медициналық мекемелер	32,3	33,7	33,8
Сот жүйесі	31,5	33,1	23,6
Кеден органдары	21,3	21,9	22,3
Білім беру мекемелері	14,9	20,8	21,0
БКШ саласы	14,9	11,8	16,6
Ірі кәсіп	17,9	18,0	13,4
Жергілікті билік	21,3	18,0	19,7
Жеке компаниялар мен өнеркәсіптер	8,1	14,0	14,0
Көші-қон полициясы	8,9	4,5	8,9
ХҚКО	2,6	3,9	2,5
БАҚ	4,3	3,9	7,6
Салық органдары	11,9	11,2	7,0
Үкіметтік емес ұйымдар, саяси партиялар	2,6	1,7	3,8
Жалпы қоғам	11,5	15,2	12,7
Жауап беруге қиналамын	1,7	3,9	10,8

*Қорытындысы 100% тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше вариантын таңдауы мүмкін

Сыбайлас жемқорлық деңгейін неғұрлым төмен бағалауларды респонденттер өзінің жұмыспен қамту салаларына беретініне көңіл бөлу қажет. Сонымен сыбайлас жемқорлық көбірек жұқтырылғандардың қатарында барлық арнаулы топтар дерлік жол полициясын атаған. Көлденең бөлікте құқық қорғау органдарының өкілдері ең сыбайлас жемқорлықты жол полициясы болып табылады деп азырақ деңгейде санайды.

Осындай әлеует «білім беру мекемелері» мен «сот жүйесі» позициясы бойынша байқалады.

Білім беру, құқық қорғау органдары мен сот жүйесі салаларындағы

жағдайды неғұрлым дәл талдау үшін «Сіз жұмыс істейтін саладағы сыбайлас жемқорлық деңгейін қалай сипаттап берер едіңіз?» деген сұрақ қойылды.

Білім беру және құқық қорғау органдары саласында жұмыс істейтін респонденттердің пікірлері сыбайлас жемқорлықтың төмен деңгейі мен жоқтығы арасында бөлісті. Сонымен, сәйкесінше 34,0% мен 33,7% сыбайлас жемқорлықтың төмен деңгейін бөліп көрсеткен, ал 28,9% және 30,9% жауап алынған респонденттердің жұмыс істеу саласында оның мүлде жоқтығын айтқан.

Сот жүйесі өкілдерінің жауаптарындағы жағдай шамалы басқаша болып тұр. Көпшілігі сыбайлас жемқорлықтың жоқтығын айтқан - 39,5%. Бұл ретте, 27,4%-ы сот жүйесі үшін сыбайлас жемқорлықтың орташа деңгейі тән деп санайды (2-кестені қараңыз).

2-кесте. Сіз өзіңіз жұмыс жасайтын саладағы жемқорлық деңгейін қалай сипаттайсыз? (%)

	<i>Білім беру саласының өкілі</i>	<i>Құқық қорғау органдары</i>	<i>Сот жүйесі</i>
Жоғары деңгейде	7,7	3,9	3,2
Орташа деңгейде	20,9	23,0	27,4
Төмен деңгейде	34,0	33,7	20,4
Бұнда жемқорлық жоқ	28,9	30,9	39,5
Жауап беруге қиналамын	8,5	8,5	9,5
Барлығы	100,0	100,0	100,0

Соңғы жыл ішінде өзінің жұмыс істеу саласында сыбайлас жемқорлықтың деңгейі өзгерісін анықтау кезінде барлық үш топтың респонденттерінің көпшілігі өзгерістер болмағанын айтқан (43,0% - білім беру саласы, 39,9% - құқық қорғау органдары, 31,8% - сот жүйесі).

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық деңгейі төмендеуінің оң тенденциясы да байқалады. Сонымен, білім беру саласы өкілдерінің 18,3%-ы сыбайлас жемқорлық деңгейінің кішігірім төмендеуі туралы пікір білдірген, құқық қорғау өкілдерінің 21,9% -ы мен сот органдарының 16,6%-ы осындай пікірді ұстанады. Одан басқа, сот жүйесі респонденттерінің 18,5%-ы мен құқық қорғау органдарының 16,9% -ы олардың жұмыспен қамту саласында сыбайлас жемқорлық деңгейінің едәуір төмендегенін айтқан (3-кестені қараңыз).

3-кесте. Өзіңіз жұмыс істейтін саладағы жемқорлық деңгейі соңғы жылдары өзгерген, өзгермегендігін нақтылауыңызды өтінеміз?

<i>Жауаптардың варианттары</i>	<i>Білім беру саласының өкілі</i>	<i>Құқық қорғау органдары</i>	<i>Сот жүйесі</i>
Айтарлықтай ұлғайды	2,1	0,6	2,5
Біршама ұлғайды	11,9	7,9	12,1
Өзгерген жоқ	43,0	39,9	31,8
Біршама төмендеді	18,3	21,9	16,6
Айтарлықтай төмендеді	8,5	16,9	18,5
Жауап беруге қиналамын	16,2	12,8	18,5
Барлығы	100,0	100,0	100,0

Үш зерттелетін саланың респонденттері халықтың олардың ұйымдарының қызметкерлеріне сенімі деңгейін айтарлықтай жоғары бағалайды. Сонымен, «жоғары» және «жоғарыға жақын» жауаптарының жиынтығы білім беру саласы өкілдерінің арасында 40,8% құрады, құқық қорғау органдары - 44,3% сот жүйесі – 50,9%. Жауап алынғандардың ¼ шамалы артығы сенімділік деңгейін «не жоғары емес, не төмен емес» деп анықтады, сәйкесінше 26,4%, 26,4% және 28,0% (4-кестені қараңыз).

4-кесте. Сіздің салаңыздың мекемелерінің қызметкерлеріне деген халықтың сенім деңгейі қандай деп ойлайсызсыз? (%)

<i>Жауаптардың варианттары</i>	<i>Білім беру саласының өкілі</i>	<i>Құқық қорғау органдары</i>	<i>Сот жүйесі</i>
Жоғары	17,0	14,0	21,0
Жоғарылау	23,8	30,3	29,9
Жоғары да емес, төмен де емес	26,4	26,4	28,0
Төмендеу	6,0	4,5	7,0
Төмендеу	3,8	4,5	3,8
Жауап беруге қиналамын	23,0	20,3	10,3
Барлығы	100,0	100,0	100,0

Жоғары сенім себептері туралы айта отырып, барлық мақсатты топтар мұндай қарым-қатынас себепін түсіндіре алмады. Құқық қорғау органдары үшін сенімділіктің жоғары деңгейіне олар азаматтардың тыныштығы мен қауіпсіздігін қорғаудың арқасында лайықты екені толықтай айқын – 28,0%.

Сот жүйесінің өкілдері де осындай пікірді ұстанады.

Білім беру саласы өкілдерінің позициясы толықтай түсіндірілмейді, себебі 72,5%-ы халықтың сенімінің жоғары деңгейі себептерін атай алмады. (5-кестені қараңыз).

5- кесте. Сенім деңгейінің жоғары болушың себептері.

<i>Жауаптардың варианттары (сарапшылар сөзінен жазылылып алынған)</i>	<i>Білім беру саласының өкілі</i>	<i>Құқық қорғау органдары</i>	<i>Сот жүйесі</i>
Халықтың сеніміне ие	17,5	32,0	30,3
Азаматтық істер азайған	2,5	-	6,1
Жоспарлы жұмыс жүргізілуде	7,5	12,0	9,1
Халықтың тыныштығы мен қауіпсіздігін қорғайды	-	28,0	24,2
Жауап беруге қиналамын	72,5	28,0	30,3
Барлығы	100,0	100,0	100,0

Респонденттер ұсынатын ұйым қызметкерлеріне халықтың сенімінің төмен деңгейі себептерін белгілей отырып, барлық үш мақсатты топтың жауап алынғандарының көпшілігі жауап беруге қиналған. Құқық қорғау органдары өкілдерінің 12,5 %-ы ғана олардың жұмысында сыбайлас жемқорлықтың барын айтқан (6-кестені қараңыз).

6-кесте. Сенім деңгейі төмендігінің себептері (%)

<i>Жауаптардың варианттары (сарапшылар сөзінен жазылылып алынған)</i>	<i>Білім беру саласының өкілі</i>	<i>Құқық қорғау органдары</i>	<i>Сот жүйесі</i>
Сенімсіздік	33,3	-	-
Мектептер беделінен айырыла бастаған	11,1	-	-
Жемқорлық бар	-	12,5	-
Жауап беруге қиналамын	55,6	87,5	100,0
Барлығы	100,0	100,0	100,0

**Қорытындысы 100% тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше вариантын таңдауы мүмкін*

Жауап алу білім беру саласы мен сот жүйесі респонденттерінің көпшілігі сыбайлас жемқорлық нәтижелері айтарлықтай сезілетін

деп санайды, бірақ олар тым елеулі емес - сәйкесінше 58,7% және 56,1%. Екі топтың респонденттерінің 23,0% және 27,4% сәйкесінше оң бағаны берген.

Құқық қорғау органдарында жұмыс істейтін жауап алынғандардың көпшілігінің пікірлері елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың оң бағасы мен бұл қарсы әрекет ету нәтижелерінің азғантайлығы арасында тепе- тең бөлісті (42,1%- дан) (7-кестені қараңыз).

7-кесте. Сіз жемқорлыққа қарсы жұмыстың өткен жылғы нәтижелерін байқадыңыз ба?

<i>Жауаптардың варианттары</i>	<i>Білім беру саласының өкілі</i>	<i>Құқық қорғау органдары</i>	<i>Сот жүйесі</i>
Иә, елімізде жемқорлықпен күрес бойынша көптеген жұмыстар ісделуде	23,0	42,1	27,4
Нәтижелер бар, бірақ олар соншалықты ауқымды емес	58,7	42,1	56,1
Нақты нәтижелер жоқ, барлығы бұрынғысынша қалып отыр	13,2	12,4	13,4
Жағдай бұрынғыдан да нашарлаған, жемқорлық тек күшейіп келеді	3,8	2,2	3,1
Жауап беруге қиналамын	1,3	1,2	-
Барлығы	100,0	100,0	100,0

Сыбайлас жемқорлықтың таралуының негізгі себептері ретінде респонденттер мемлекеттік ұйымдар мен ұйымдарда төмен жалақыны жиі атайды.

Екінші орында – мемлекеттік органдардың жұмысының ашықтығы мен айқындығының жоқтығы.

8-кесте. Еліміздегі жемқорлықтың таралауының негізгі себептерін атаңыз

<i>Жауаптардың варианттары (сарапшылар сөзінен жазылып алынған)</i>	<i>Білім беру саласының өкілі</i>	<i>Құқық қорғау органдары</i>	<i>Сот жүйесі</i>
Жауапқа тартылмаушылық сезімі	32,3	30,3	25,5
Мемлекеттік органдар мен мекемелердегі жалақы төмендігі	37,4	31,5	31,2

Жауаптардың варианттары (сарапшылар сөзінен жазылылып алынған)	Білім беру саласының өкілі	Құқық қорғау органдары	Сот жүйесі
Заңнаманың кемелсіздігі	17,0	19,7	22,9
Мемлекеттік органдар жұмысындағы ашықтық пен айқындылықтың болмауы	21,3	19,7	19,7
Халықтың және партиялардың тарапынан, немесе халықтың мүддесін қорғайтын депутаттардың және басқа да құрылымдар тарапынан бақылаудың болмауы	17,0	10,1	15,9
Ұлттық дәстүрлер, менталитет	10,6	21,9	15,3
Туыстық байланыстардың кең таралуы	24,3	28,1	22,3
Жауап беруге қиналамын	3,4	2,8	6,4

** Қорытындысы 100% тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше вариантын таңдауы мүмкін*

Жауап алуға қатысқан респонденттердің барлық үш топтарының респонденттері сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюдың кейбір шаралары дамуының әлеуметтік- экономикалық дамуына әсерін бағалаған. Бағалау мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықпен лауазымды тұлғалардың тікелей байланыстарын төмендетуге; халықтың, оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәдениетін қалыптастыруға; азаматтардың жүріс- тұрысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы моделі мен сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудың қоғамдық атмосферасын қалыптастыру бойынша кешенді және мақсатқа сай ақпараттық жұмысты қамтамасыз етуге; мемлекеттік қызметшілердің еңбегі мен әлеуметтік кепілдіктерді төлеу саласында қабылданатын шараларға бағытталған шаралар бойынша алынған.

Жоғарыда аталған шаралар барлық үш мақсатты топтың әсер етуінің жоғары бағасын алған (таңдаудың 20,0% - нан артық). «Құқықтық мәдениетті қалыптастыру» деген шара неғұрлым сыни қабылданады. Бұл бағыттың әсер етуінің жоғары деңгейін білім беру саласы өкілдерінің **17,9% -ы белгілеген.**

Егер жұмыспен қамту салалары бойынша респонденттердің жау-

аптарын салыстырсақ, құқық қорғау органдарының өкілдері көбірек деңгейде келесі шаралардың әсерінің төмен деңгейін берген:

- азаматтардың жүріс- тұрысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы моделі мен сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудың қоғамдық атмосферасын қалыптастыру бойынша кешенді және мақсатқа сай ақпараттық жұмысты қамтамасыз ету (18,0%);

- мемлекеттік қызметшілердің еңбегі мен әлеуметтік кепілдіктерді төлеу саласында қабылданатын шаралар (17,4%).

Сот жүйесі **өкілдері** үшін мына шаралар азырақ әсер етеді:

- мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықпен лауазымды тұлғалардың тікелей қосылуымен байланысты (15,3%);

- халықтың, оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәдениетін қалыптастыру (14,6%);

- азаматтардың жүріс- тұрысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы моделі мен сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудың қоғамдық атмосферасын қалыптастыру бойынша кешенді және мақсатқа сай ақпараттық жұмысты қамтамасыз ету (4,6%);

Білім беру саласының **өкілдері мынадай** бағыттардың әсер етуіне азырақ сенім білдіреді:

- халықтың, оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәдениетін қалыптастыру (14,9%);

- азаматтардың жүріс- тұрысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы моделі мен сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудың қоғамдық атмосферасын қалыптастыру бойынша кешенді және мақсатқа сай ақпараттық жұмысты қамтамасыз ету (15,3%);

Аталған шаралар халықпен жұмыста коммуникативтік әдістерді белсендіруге, ақпараттық кеңістікте қабылдамау атмосферасын жасауға бағытталған. Олар жауап алуға қатысқан салалардың қызметкерлерінің жәрдемдесуімен тиімді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың қабылданатын шараларының соңғы мақсатына жету үшін арнаулы топтарда, ең алдымен, білім беруде, құқық қорғау органдары мен сот жүйесінде мақсатқа лайықты жұмысты жүргізу қажет.

Қорытындылар

Зерттеу нәтижелері екі өзара байланысты ауыспалының барын көрсетеді.

Бірінші - бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың тиімділігін анықтайтын адам капиталы **сапасы**. Яғни бұл сыбайлас жемқорлық тәжірибесінен бас тарту, қоғамның барлық секторларының өзара

әрекет етуінің айқын және түсінікті механизмдерін құру, ашық ақпараттық кеңістік.

Екіншісі – адам капиталының сапасын қамтамасыз ету бағдарламаларын іске асыру үшін, бірінші кезекте, жауапты қызмет салалары.

Талдау адам капиталының даму саласын нақты салаларда сыбайлас жемқорлық тәжірибелері деңгейін өздігінен бағалаумен корреляциялау қажет екенін көрсетті. Бұл жағдайда екі фактордың бір-біріне әсерінің неғұрлым жақын түсінілуі мүмкін.

Осылайша, адам **капиталы сапасы** сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың, сыбайлас жемқорлыққа және сыбайлас жемқорлық тәжірибелеріне жол бермеудің тиімді тетіктерін құруға қарсы әрекет етудің басты факторы болады.

ҒТАМР
06.81.23

Мәншүк Каримова¹, Найля Әлмұхамедова¹, Амина Үрпекова²

¹ «Парасат» жүйелік зерттеулер институты
(Қазақстан, Астана қаласы).

² Саяси ғылымдардың қазақстандық ассоциациясы
(Қазақстан, Астана қаласы).

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ КОНТЕКСİNДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАЙ-КҮЙІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Аңдатпа. Мақалада статистикалық деректерді талдаудың негізінде Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білімнің (бұдан әрі – Тжкб) қазіргі жай-күйі зерттелді, сондай-ақ оны дамытудың негізгі үрдістері анықталды. Демографиялық даму контекстінде Тжкб көрсеткіштерін өзгертуге, атап айтқанда орта білімнен кейінгі қамтудың аймақтық ерекшеліктеріне ерекше назар аударылды. Талдау көрсеткендей, Тжкб қамтудың құлдырауы соңғы жылы 15-19 жас аралығындағы жастардың санының қысқаруына байланысты негізделген, бұл өз кезегінде, 90-шы жылдардың теріс демографиялық көрсеткіштерінің көріністерінің салдары болып табылады.

Түйін сөздер: Тжкб, колледж, кәсіптік лицей, мектеп оқушылары, студенттер, жастар саны, демографиялық үрдіс, аймақ.

Маншук Каримова, Найля Альмухамедова, Амина Урпекова СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ СИСТЕМЫ ТЕХНИЧЕСКОГО И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ ДЕМОГРАФИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА

Аннотация. В статье на основе анализа статистических данных изучено современное состояние технического и профессионального образования в Казахстане (далее – ТиПО), а также определены основные тенденции его развития. Особое внимание уделено изменению показателей ТиПО в контексте демографического развития, в частности региональных особенностей охвата послесредним образованием. Анализ показал, что спад охвата ТиПО последних лет

обусловлен сокращением численности молодежи в возрасте 15–19 лет, что, в свою очередь, является следствием проявления негативных демографических показателей 90-х годов.

Ключевые слова: *ТүПО, колледж, профессиональный лицей, учащиеся, студенты, численность молодежи, демографическая тенденция, регион.*

Manchuk Karimova, Nailya Almukhamedova, Amina Urpekova
STATE AND PERSPECTIVE OF THE TECHNICAL AND VOCATIONAL EDUCATION TRAINING SYSTEM IN THE CONTEXT OF KAZAKHSTAN DEMOGRAPHIC DEVELOPMENT

Abstract. Based on the statistical data analysis the article has studied current condition of technical and vocational education training in Kazakhstan (hereinafter TVET) and main trends of its development. Attention is paid for changes in the indicators of TVET in the context of demographic development, in particular regional features of post-secondary education. The analysis showed that the decrease in the coverage of the TVET in recent years is due to decrease in the number of young people aged 15-19, which in turn is a consequence of the negative demographic indicators of the 1990s.

Key words: *Technical and vocational education training, college, vocational training secondary school, students, pupils, youth population, demographic tendency, region.*

Кіріспе. Әлемдік экономиканың құрылымдық өзгерістеріне негізделген қазіргі заманғы дамуының негізгі үрдістерінің бірі қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы халықаралық бәсекелестіктің шиеленісуі екендігі белгілі. Осы мән-жайларды есепке алу, олардың арасында сапалы адам капиталының бірінші дәрежелі маңызы бар бәсекелестік артықшылықтарын іздеуге жүгінуге мәжбүрлейді. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында, [1] оның ерекше маңыздылығын атап өтті және бес басымдықтарының бірі ретінде адами капиталдың сапасын жақсарту бойынша басымдықты белгіледі. Адам капиталына қажетті жоғары «сапаны» білім береді. Сапалы білімнің болуы адами капиталды арттырудың

негізгі факторларының біріне айналып отыр. Осыған байланысты техникалық және кәсіптік білім берудің рөлін ерекше атап өту қажет. Өйткені кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіру Қазақстан экономикасын жаңғыртудың үшінші кезеңінің аясында жаңа өндірістердің мамандарын даярлау үшін қуатты серпін бере алады.

Техникалық және кәсіби білім берудің қазіргі жүйесі жұмысшы мамандықтар бойынша қолжетімді білімді алуға мүмкіндік береді, сондай-ақ қайта даярлауға және кадрлардың біліктілігін арттыруға бағытталған үздіксіз білім берудің маңызды буыны болып табылады. Өз кезегінде техникалық және кәсіптік білімді дамытуға елде болып жатқан демографиялық өзгерістер елеулі ықпал етеді. Бұл, көбінесе, техникалық және кәсіптік білім беру қызметтеріне сұраныстың тұрақсыздығы халықтың демографиялық құрылымының өзгеруінен болуына байланысты.

Жұмыстың мақсаты – техникалық және кәсіптік білім берудің қазіргі жай-күйін Қазақстанның демографиялық даму контекстінде зерттеу, негізгі тенденцияларды бөлу және олардың негізінде одан әрі дамыту перспективаларын анықтау.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі, жұмысшы кәсіптері бойынша кадрлар даярлау қажеттілігінің артып келе жатқандығына және техникалық және кәсіптік білім берудің қазіргі жай-күйін, ағымдағы демографиялық процестерді, сондай-ақ олардың жағдайға әсер етуін және ҚР еңбек нарығының даму перспективаларын және басқа авторлардың жұмыстарында көрініс тапқан т. б. мәселелерді зерттеудің практикалық маңызына негізделген [2-4].


Зерттеу тәсілдері. Қойылған міндеттерді шешу үшін зерттеуде ақпаратты талдаудың мынадай ғылыми-зерттеу әдістері пайдаланылды: салыстырмалы талдау, жүйелік талдау, құрылымдық талдау және зерттеудің басқа да тәсілдері.

Зерттеу нәтижелері. Техникалық және кәсіптік білім берудің қазіргі заманғы жай-күйін талдау үшін 2006 жылдан бастап 2016 жылға дейінгі уақыт аралығы таңдалған.

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру (Тжкб) жүйесінің негізгі көрсеткіштері.

Соңғы он жыл ішінде Қазақстанның техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер болды. ҚР «Білім беру тура-

лы» Заңына сәйкес кәсіптік мектептер (лицейлер) колледждер болып қайта құрылды. Осыған байланысты, 2013-2014 оқу жылынан бастап колледждер саны көбейе бастады. 2016 жылы Қазақстанда жалпы орта және кәсіптік-техникалық (орта білімнен кейінгі) білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын колледждердің саны 779 болды. Олардың арасында 616 колледж қалалық жерлерде, 163 колледж – ауылдық жерлерде орналасқан. Қазіргі уақытта колледждердің жартысынан көбі (58,4%) мемлекеттік оқу орындары болып табылады, 41,6% - колледж жеке меншікте. 2006 жылдан бастап 2016 жыл аралығындағы кезеңде колледждер сан шамамен 2 есеге артты (1 сурет).




1-сурет. 2006-2016 жылдардағы ҚР техникалық және кәсіптік білім беру желісі, бірлік

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

Зерттелетін кезең ішінде колледждердегі оқушы саны айнымалы құбылыста болды, оның шыңы 2013-2014 оқу жылының басына, кәсіптік мектептердің (лицейлердің) колледждерге қайта құрылуы кезеңіне келді. Жалпы, оқушылардың саны 450-550 мың адам шегінде болды (2-сурет). 2016-2017 оқу жылының басында техникалық және кәсіптік білім ұйымдарының контингенті 488 926 адамды құрады, оның ішінде 10% артығы ауылдық жерлерде, қалғандары қалада оқиды. Колледж оқушыларының мамандықтары топтары бөлінісінде үш көптеген топтарға бөлінген: Студенттердің 16% медициналық мамандықтар бойынша және фармацевтикада; 15,6% – педагогикалық мамандықтарда; 12,7% – сервис, экономика және

басқару мамандықтарында оқиды. Студенттердің жартысынан астамы (58,9%) мемлекеттік тілде оқиды, 40,9% – орыс тілінде, сондай-ақ 844 адам ағылшын тілінде, 132 адам – ұйғыр тілінде, 42 адам – өзбек тілінде оқытылады [5].




2-сурет. 2006-2016 жылдары ҚР техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы оқушылар саны, адам

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

Қазіргі уақытта оқушыларды мамандықтар бойынша бөлу жұмысшы және техникалық мамандықтар бойынша кадрлар даярлаудың мемлекеттік білім беру бағдарламаларының бағдарларына толық емес шамада сәйкес келетіндігін айта кету керек. Осылайша, 2016-2017 оқу жылы басында студенттердің жалпы санынан 1,1% «Металлургия және машина жасау» мамандығы бойынша, «Геология, кен қазу өнеркәсібі және пайдалы қазбаларды өндіру» мамандығы бойынша – 1,6%, «Мұнай-газ және химия өндірісі» мамандығы бойынша – 2,3%, «Энергетика. Электр энергетикасы» мамандығы бойынша – 4,2%, «Құрылыс және коммуналдық шаруашылық» мамандығы бойынша – 5,9% студент оқиды [5]. Мұндай төмен көрсеткіштер техникалық және кәсіби мамандықтардың және жалпы алғанда орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінің беделді еместігінің куәсі болуы мүмкін, бұл студенттерді басқа мамандықтар пайдасына таңдау жасауға және жоғары білім алуға итермелейді.

Сонымен қатар, егер кәсіптік мектептер мен колледждердің оқушыларының жиынтық санын қарастыратын болсақ, онда 2008


жылдан бастап тұрақты жағымсыз динамикасын байқауға болады. Екінші жағынан, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы студенттердің санын салыстыру арқылы соңғы бес жылда жоғарғы оқу орындарының студенттерінен Тжкб контингентінің белгілі бір артуын байқаймы (3-сурет). Қарастырылып отырған кезеңде студенттер санының қысқаруы Тжкб оқу ұйымдарында да және жоғары оқу орындарында да байқалатындығын айта кету керек.



3-сурет. 2006-2016 жылдары Тжкб ұйымдарының және ҚР ЖОО студенттер саны, адам

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

Тжкб контингенті санының қысқаруына едәуір дәрежеде демографиялық фактор себепші болды. Атап айтқанда, соңғы 10 жылда аталған білім беру ұйымдары студенттерінің басым көпшілігін құрайтын 15-19 жас аралығындағы жастар санының күрт төмендеуін байқауға болады. Сонымен қатар 2006 жылдан бастап Тжкб елде әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауы күшінен тушылықтың ең төмен көрсеткіші тіркелген өткен ғасырдың 90-шы жылдардың бірінші жартысында туған жас ұрпақ оқи бастады (4 сурет).



4-сурет. 2006-2016 жж. Қазақстанның өңірлеріндегі 15-19 жас аралығындағы жастар санының 2006 жылға өзгеру % (республикалық маңызы бар Астана және Алматы қалаларын қоспағанда)

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің мәліметтері негізінде авторлармен есептелген

Демографиялық құлдыраудың салдары Қазақстанның барлық аймақтарына әсер етті. Қарастырылып отырған кезеңде жалпы еліміз бойынша **15-19 жас аралығындағы жастардың жалпы саны 28,3% қысқарды**: 2006 жылғы 1 578 мың адам 2016 жылы 1 133 мың адамға. **Осы санаттағы жастар санының ең күрт төмендеуі шығыс және солтүстік өңірлерде байқалады, сәйкесінше 45,2% және 44,6%**. Солтүстік Қазақстан облысында 15-19 жас аралығындағы халық саны екі есеге 49,7% азайды: 2006 жылы 67,2 мың адамнан бастап, 2016 жылы 33,8 мың адамға. 15-19 жастағы ең аз жастар саны Қазақстанның оңтүстік және батыс аймақтарында, сәйкесінше 19,5% және 25,4% төмендеді. Жалпы аймақ бойынша санның қысқаруына қарамастан, талданған кезеңде Маңғыстау облысындағы 15-19 жас аралығындағы жастар саны шамамен 8% өскенін айта кету керек.

Республикалық маңызы бар Астана және Алматы қалаларындағы 15-19 жас аралығындағы жастар санының өзгерісін жеке атап өтуге болады. Бұл қалалардағы жағдай екі түрлі көрінеді. Мәселен, қарастырылып отырған кезеңде Алматы қаласындағы 15-19 жас аралығындағы халық саны 16,1% қысқарды: 2006 жылдағы шамамен 110 мың адамнан бастап, 2016 жылы 92,3 мың адамға дейін Алайда, белгілі бір жылдары жастар санының өсімі байқалды, оның шыңы саны 120 мың адамға жеткен 2010 жылға келеді, бұдан әрі 2011-2014

жж. 15-19 жастағы жастар саны қысқара бастады. 2015 жылдан бастап жастардың саны қайта өсе бастады және 2016 жылдың басына Алматы қ. тұратын 15-19 жас аралығындағы жастардың үлесі осы санаттағы халықтың барлық санының 8% құрады.

Елордадағы 15-19 жас аралығындағы жастар саны 2006-2016 жж. кезеңде 10% өсті; 36,5 мың адамнан 40 мыңға дейін. Осы санаттағы халық санының ең жоғары саны 2010 жылы байқалды – 53 744 адам. Астана қаласындағы жастар санының өсімі еліміздің басқа өңірлерінен жастардың беделді білім алу мен келешекте жақсы төленетін жұмысқа орналасу мүмкіндіктері дәлелдерінің күшінен халық ағынының жоғарылығына ішінара негізделген болуы мүмкін.

Осылайша, демографиялық үрдістерді есепке алу соңғы онжылдықта жастарды техникалық және кәсіптік біліммен қамту көрсеткіштерінің өзгеру динамикасын бағалауға мүмкіндік береді.

Тжкб қамтудың өңірлік ерекшеліктері

2006-2016 жж. орта арнайы білім беру мекемелерінің аймақтық көрсеткіштерінің санын қарастыру кезінде, көпшілік өңірлер үшін колледж санының артуы 2006-2013 жж. кезеңі, оған басқалар және кәсіптік лицейлер мен мектептер, колледждерді түрлендіру әсер етті. Соңғы бірнеше жыл бойы бірқатар облыстарда мекемелердің шамалы қысқаруы байқалады. Мұндай, үрдіс сондай-ақ оқушылар санында да байқалады. Өңірлер арасында Оңтүстік-Қазақстан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарын және Алматы қаласын бөліп көрсетуге болады, онда облыс жастары көбінесе арнаулы орта білімге тартылу-да (1-кестені қараңыз). Бұл жерде осы аймақтарда аталған жастағы халықтың ең көп саны тұратындығын айта кету керек.

1-кесте. Тжкб мекемелерінің саны, өңірлер бөлінісіндегі оқушылар саны, 2006-2016 жж.

	2006/07		2012/13		2013/14		2016/17	
	Коллед- ждер саны	Саны оқушылар	Коллед- ждер саны	Саны оқушылар	Коллед- ждер саны	Саны оқушылар	Коллед- ждер саны	Саны оқушылар
Ақмола	38	22 749	41	23 878	37	20 906	39	21 471
Ақтөбе	33	34 928	39	38 286	40	36 676	39	27 697
Алматы	60	36 323	67	38 587	68	36 674	67	30 115
Атырау	24	17 974	22	19 210	24	18 476	26	18 221
Батыс Қазақстан	32	21 971	36	25 651	37	24 004	38	19 886

	2006/07		2012/13		2013/14		2016/17	
	Коллед- ждер саны	Саны оқушылар	Коллед- ждер саны	Саны оқушылар	Коллед- ждер саны	Саны оқушылар	Коллед- ждер саны	Саны оқушылар
Жамбыл	49	32 892	49	35 472	49	32 320	47	26 963
Қарағанды	69	52 583	78	55 076	74	51 515	70	41 605
Қостанай	39	29 514	45	29 485	42	27 538	40	23 781
Қызылорда	33	22 850	36	26 223	34	25 953	31	22 276
Маңғыстау	18	18 894	25	27 092	24	25 672	25	22 332
Оңтүстік - Қазақстан	87	67 185	91	75 645	92	77 094	89	70 841
Павлодар	57	35 796	51	28 144	50	25 907	49	20 837
Солтүстік - Қазақстан	33	17 301	28	16 118	28	14 896	25	12 073
Шығыс - Қазақстан	88	50 517	81	43 826	78	41 477	78	35 992
Астана қ.	24	24 289	33	31 219	34	30 397	31	26 983
Алматы қ.	71	72 535	72	71 273	74	67 869	85	67 853

Соңғы 3 оқу жылы бойынша Тжкб оқушылар саны еліміз бойынша 10 мың адамға қысқарғанын ерекше айта кету керек. Бұған халықты 15-19 жастағы жас топтарының үлесінің қысқаруы, бұл өңірлерде 90-шы жылдардың аяғында туу көрсеткіштерінің төмендігі, сондай-ақ көші-қонның әсерінен. Студенттер санының ең көп құлдырауы Қарағанды (– 8 229 адам), Ақтөбе (– 7 328), Оңтүстік Қазақстан (– 6 138), Алматы (– 6 196) облыстарында байқалады, сондай-ақ, осы өңірлерде 15 жастан 19 жасқа дейінгі жас тобындағы халық санының көрсеткішінің жоғарылығы тән (2-кестені қараңыз). Сонымен қатар, Ақмола облысында колледж студенттерінің санының өсуі байқалады, ал Алматы қаласында оқушылар саны бір деңгейде тұр, бұл қаланың көші-қонмен, соның ішінде және оқумен тартымдылығымен түсіндіріледі. Бұл ретте, 2000 ортасына бала туудың өсу кезеңінде туғандардың 15 жастан 19 жасқа дейінгі жас ерекшеліктеріне жетуінің ұзақ мерзімді перспективасында колледждерге түсушілердің саны да өсе түсетіндігін айта кету керек.


2-кесте. Өңірлердің 15-19 жастағы топтың халық саны, колледж, оқушылардың санының өзгерісі, 2013-2016 жж.

	2013/04		2014/15		2015/16	
	15 - 19 жастағы тұрғындар	Оқушылар саны	15 - 19 жастағы тұрғындар	Оқушылар саны	15 - 19 жастағы тұрғындар	Оқушылар саны
Ақмола	52958	20 906	49339	19 971	48244	21 375
Ақтөбе	59001	36 676	55177	33 003	52374	29 348

	2013/04		2014/15		2015/16	
	15 - 19 жастағы тұрғындар	Оқушылар саны	15 - 19 жастағы тұрғындар	Оқушылар саны	15 - 19 жастағы тұрғындар	Оқушылар саны
Алматы	138707	36 674	125342	33 719	120894	30 478
Атырау	43608	18 476	41552	19 635	40221	18 871
Батыс Қазақстан	44305	24 004	40917	21 482	39774	20 523
Жамбыл	87078	32 320	82287	29 922	79035	27 701
Қарағанды	92053	51 515	88323	47 509	83896	43 286
Қостанай	54984	27 538	52282	25 482	50937	23 983
Қызылорда	64716	25 953	61070	24 493	58474	22 527
Маңғыстау	45604	25 672	43824	24 997	43115	23 294
Оңтүстік - Қазақстан	245908	77 094	236153	75 598	229556	70 956
Павлодар	46312	25 907	43634	23 940	41879	21 654
Солтүстік - Қазақстан	37347	14 896	34853	13 430	33785	12 193
Шығыс - Қазақстан	87367	41 477	81590	39 317	78003	37 343
Астана қ.	43892	30 397	42007	28 740	40156	27 468
Алматы қ.	85274	67 869	89844	67 273	92268	67 965

Тжкб студенттер саны мен 15-19 жастағы жас топтарының жастар санының бір-біріне қатысты өзгерістерін анықтау үшін Тжкб қамтудың өзгеру коэффициенті қолданылды. Ол 2016 жылғы жастар санын 2006 жылғы % - бен бөлінген 2006 жылғы Тжкб студенттерінің санының өзгеру % ретінде есептеледі. Коэффициент ел өңірлеріндегі Тжкб қамту көрсеткішінің 11-жылғы аралықтағы (2006-2016 жж.) өсімінің (кұлауының) серпінін бағалауға мүмкіндік береді. Мәселен, Ақмола облысындағы 15-19 жастағы (59,3%) жастар саны Тжкб оқушыларының (94,4%) санының қысқару қарқынынан асып кетті, коэффициенті 1,6 тең. Екінші жағынан, екі көрсеткіштердің де санының азаюы іс жүзінде бірдей облыстарда коэффициенті 1 жақындаған (Жамбыл, Павлодар облыстары және Алматы қаласы). Павлодар облысында 11-жылғы кезеңде 15-19 жастағы жастардың саны 44,3% қысқарды, Тжкб студенттерінің саны 41,8% азайды. Екі көрсеткіштің ең аз дәрежеде төмендеуі Қызылорда облысында байқалады.

Алайда, Қазақстанның бірқатар облыстарында 11-жылғы кезеңде 15-19 жастағы жас санатындағы жастардың санында, сондай-ақ Тжкб студенттерінің санында жағымды өзгеріс байқалғанын айта кету керек (Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Астана қаласы) (5 сурет). Маңғыстау облысы үшін 15-19 жас тобындағы халықтың саны 8,0% және колледж оқушыларының саны 18,2% - ға өсуі тән.



5-сурет. Өңірлер бойынша Тжкб қамтудың өзгеру коэффициенті, 2006-2016 жж.

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

Осылайша, тұтастай алғанда кейбір облыстарды қоспағанда өңірлер үшін Тжкб студенттерінің санының азаю тренді тән.

Нәтижелерді талқылау. Зерттеу барысында белгіленген үрдістермен қатар орта білімнен кейінгі білім беру жүйесін одан әрі дамыту болашағы анықталды. 2017 жылдан бастап мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «Жалпыға бірдей тегін кәсіби-техникалық білім беру» жобасын іске асыру басталды. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының 20 елдерінде бірінші жұмысшы мамандығы тегін берілетіндігін айта кетейік. Осы жобаның мақсаты жаңа өндірістің мамандарын дайындау бойынша техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамытуға бағдарланған, бұл еңбек нарығының талаптарына сәйкес және өндірісте оқытудың әлемдік озық тәжірибесімен кәсіби стандарттарды жаңартуды талап етеді.

ҚР демографиялық даму ерекшеліктерін ескере отырып бірқатар жылдар бойы колледждер мен жоғары оқу орындарының контингентінің азаюы жүріп жатыр. Салыстырмалы саралау көрсеткендей, орта білімнен кейінгі ұйымдардың оқушыларының саны жоғары оқу орындарының контингентінен алда келе жатыр. ЮНЕСКО-ның Статистикалық институтының деректеріне сәйкес [6], өтпелі экономикасы бар елдерде техникалық және кәсіптік

білім беру жүйесінің танымалдығының артуы жоғары білім беру контингентінің қысқаруымен қатар келеді. Бостон консалтингтік тобы зерттеу нәтижелері [7] көрсеткендей, техникалық және кәсіптік білім берудің ең үздік жүйелері бар елдер (Германия, Дания, Нидерланды, Норвегия, Финляндия және т. б.) экономикалық дамудың ең жоғары көрсеткіштеріне ие. Қазақстан әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына ену жөнінде дәйекті саясатты жүзеге асырады, соның ішінде кәсіптік-техникалық білім берудің беделін арттырады.

Сондай-ақ халықаралық сарапшылар да Қазақстанда жастарды кәсіби бейімдеу құралдарының жеткіліксіз дамығандығын атап өткен. Сауалнама көрсеткендей, 49% колледждердің түлектері мамандықтары бойынша жұмыс істемейді [8]. Сонымен қатар, сақталып отырған Тжкб және жоғары білім берудің сабақтастығының болмауы кадрларды даярлаудың икемді құрылымының қалыптасуына кедергі келтіреді. Сонымен қатар, ауылдағы Тжкб жүйесі оқыту және кәсіби даярлау функциясын орындамайды. Жалпы санынан жастар көрсеткіш 43,4% кезде ауыл жастарының Тжкб контингентінің тек 10% құрайды. Бұл ретте ауылдық колледждер үлесі 21% жетеді.

Тұтастай алғанда, «Жалпыға бірдей тегін кәсіби-техникалық білім беру» жобасын іске асыру орта білімнен кейінгі білім беру мен қазіргі заманғы экономикалық жағдайлардағы сұранысқа ие жұмысшы мамандықтарының қолжетімділігін, беделін арттыруға сондай-ақ ауыл жастарын неғұрлым белсенді тартуға көмектеседі.

Қорытынды

Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің даму жағдайын демографиялық процестер контекстінде жүргізілген талдау негізінде мынадай негізгі тұжырымдармен атап көрсетуге болады:

- Қазақстан үшін зерттелетін 2006-2016 жылдардағы кезеңде олардың санының соңғы 3 жылда шамалы ғана төмендеуі кезінде техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері санының артуы тән (2013 жылы 785 дейін, 2016 жылы 779 дейін). Бұл ретте 2008 жылдан бастап колледж оқушылары санының қысқару үрдісі байқалады;

- 15-19 жастағы жастар санының қысқару үрдісі 20 ғасырдың 90 жылдары Қазақстанның демографиялық дамуының жағымсыз салдарларының көрінісі – бала туудың төмен деңгейімен, елдің халқының едәуір кетуімен және т. б. байланысты соңғы бірнеше жылда техникалық және кәсіптік білім беру студенттерінің санының азаюының негізгі себептерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар,

осы жерде «baby-boom» жас ұрпақтары 15-19 жасқ енгеннен бастап ұзақ мерзімді перспективада 2000-шы және 2010-шы жылдардың ортасынан Тжкб студенттерінің санының өсуі мүмкіндігін айта кету керек, бұл техникалық, материалдық және кәсіби дайындығы, сондай-ақ Тжкб мекемелерінің қызмет көрсету сапасы мәселелерін көтеруі мүмкін;

- олар үшін 11-жылғы кезеңде Тжкб студенттерінің санының артуы тән өңірлік бөліністе Атырау, Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау облыстарын, сондай-ақ Астана қаласын бөлуге болады. Сонымен қатар, Павлодар, Солтүстік-Қазақстан және Шығыс-Қазақстан (СҚО алып тастағанда) сияқты облыстарда колледж оқушыларының саны көп дәрежеде азайды, бұл ретте аталған облыстардың еліміздің өнеркәсіптік орталықтары болып табылатындығын айта кету керек;

- зерттеу барысында, сондай-ақ, оқушыларды мамандықтар бойынша бөлу жұмысшы және техникалық мамандықтар бойынша кадрлар даярлаудың мемлекеттік білім беру бағдарламаларын іске асыру міндеттеріне толық жауап бере алмайтындығы анықталды. Мысалы, 2016-2017 оқу жылының басында студенттердің жалпы санынан «Металлургия және машина жасау» мамандығы бойынша 1,1%, «Геология, кен қазу өнеркәсібі және пайдалы қазбаларды өндіру» мамандығы бойынша – 1,6%, «Мұнай-газ және химия өндірісі» мамандығы бойынша – 2,3% - ға, ал экономикалық мамандықтар бойынша 12% - дан астам студент білім алуда.

Тұтастай алғанда қазіргі демографиялық үрдістер тұрғысынан Тжкб-ны одан әрі дамыту мәселесін қарау қазіргі заманғы жай-күйдің трендтерін анықтауға, сондай-ақ болжамның негізінде мүмкін болатын жүктемені, проблемалық аймақтарды бағалау және, осылайша жүйеде адами капиталдың сапасын және елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсаттарын жүзеге асыру үшін қайта құруларды барынша іске асыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность». - Астана, Акорда. - 2017 г.
2. Дудырев Ф.Ф., Козлов В.А., Кузеванова Ю.В., Шабалин А.И. Система среднего профессионального образования Российской Федерации в 2005–2030 гг.: влияние демографических факторов. - Москва: Национальный исследовательский университет «Высшая школа экономики», Институт образования, 2017. - 28 с.

3. Борибеков К.К., Кусаинов А.К. Развитие технического и профессионального образования в Казахстане // Профессиональное образование в России и за рубежом. - 2015. - № 2 (18). - с. 23-26.
4. Абуова Н. А., Абдикадыров А. А. Современное состояние технического образования в Республике Казахстан и его роль в мировой системе // Молодой учёный. – 2015. - № 8.2 (88.2). - с. 18-21.
5. Статистический бюллетень «Техническое и профессиональное образование в Республике Казахстан на начало 2016/2017 учебного года» (том 1 и 2) – Астана: Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан, 2016
6. Электронная база данных Статистического института Организации объединенных наций по вопросам образования, науки и культуры (ЮНЕСКО). Режим доступа: <http://data.uis.unesco.org/Index.aspx> (Дата обращения 23.08.2017 г.)
7. J. Puckett, Jim Davidson, and Elaine Lee. Vocational Education: The Missing Link in Economic Development (01.10.2012 г.). Режим доступа: https://www.bcgperspectives.com/content/articles/education_public_sector_vocational_education/ (Дата обращения: 23.08.2017 г.)
8. Факты. Техническое и профессиональное образование (06.10.2016 г.) – Астана: АО «Информационно-аналитический центр» Министерства образования и науки Республики Казахстан. Режим доступа: <http://iac.kz/ru/data/tehnicheskoe-i-professionalnoe-obrazovanie> (Дата обращения: 23.08.2017 г.)